

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.*
Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

*Казахский язык и литература
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

10/2013 ҚАЗАН

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Ғылыми ойлар отауы

Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ. Балалардың ұлттық ойындары мен балалар ауыз әдебиеті арасындағы рухани байланыс...3

Мұғалім мінбесі

Албина ҰЛМАҒАМБЕТОВА. Менің пәнімнің мәселесі және оны шешу жолдары.....13

Мұғалімдерге көмек

Жібек ДЮСИОПОВА. Қазақ тілі сабағында ауызша және жазбаша сөйлеуді ұйымдастыру үдерісінде ақпараттық технология арқылы мұғалім мен оқушының бірлесіп әрекет жасауы.....23

Қор болған қайран намыс...

Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ. Барлық бәле содан басталады.....39

Шеберлік шеберханасы

Баянсұлу ӨТЕЖАНҚЫЗЫ. Мақал-мәтелдер - ғасырлар шежіресі.....41
Роза БАЛҒАБАЕВА, Оқушылардың ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға бағытталған тапсырмаларды дайындау жүйесі (Жалғасы. Басталуы №5 санда).....46
Ботагөз ОМАРОВА.

Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті

Қарлығаш ОРАЗБЕКҚЫЗЫ. Абайдың он жетінші қарасөзі.....55
Ләззат АМАНҚҰЛОВА. Мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт.....61
Жұлдыз МУТАЛИПОВА. Шона Смаханұлы.
«Анамның тілі, аяулы үні» өлеңі.....67
Шолпан АЙТҚАНҚЫЗЫ. Қасым Аманжолов – дарынды тұлға, ұлы ақын.....73

Бастауыш білім бағанасы

Сәуле МОЛДАБАЕВА. Диалог пен монолог қызық
«Азық-түлік» және «Киім» дүкендері.....82
Орал ҚЫРҚАРБЕКОВА. Адамның ішкі ағзалары.....86
Әсел ОСПАНОВА. Сөз бен сөз тіркесіне бай Қазақстан.....90

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Гүлбану ЖҮНИСОВА. «Менің Республикамадағы» сөз бен сөз тіркестерінің қолданылуы.....94
Жібек САНСЫЗБАЕВА. Жіктік жалғаулы күз мезгілі.....98
Майра ҚАЛДЫБАЕВА. Диалогтік оқыту арқылы табиғатты тану...102
Махаббат ДҮЙСЕМБАЕВА. Жануарлар әлемінде – есімдік.....105
Лейла САДЕНОВА. Сөздік қоры мол Астанаға саяхат.....107
Бақыт ЗЕЙІНЛҒАБИДЕНҚЫЗЫ. Сын есімді қайталапқан жәндіктер.....115
Шолпан ҚАСЫМОВА. Модаль сөздер.....120
Гүлбаршын НЫСАНОВА. Сөйлеу мәдениеті және менің достарым...123
Жаңылған ЖАМАНБАЛИНА. Сөйлем құрай білуге баулыған спорт ойындары.....126

Сыныптан тыс шара

Зайра ЫСҚАҚОВА. Қазақ тілінде сөйлейміз.....130
Арайлым СЕРІКБАЕВА. Қош келдің, Наурыз!.....132

Білім сынағында

Мадина ХАСЕНОВА. Дидактикалық материал үлгілері.....137

**Мендібай ӘБЛҰЛЫ,
Аймақтық менеджмент
академиясының профессоры,
ҚР Журналистер
одағының мүшесі.**

БАЛАЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ МЕН БАЛАЛАР АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ АРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ БАЙЛАНЫС

Балалардың ұлттық ойындарының тәрбиелік маңызы мен сипатына ерекше көңіл бөлген ғалым – Шәкір Ыбыраев. Ол «Мәңгі балауса жыр» атты мақаласында балаларға арналған ойын өлеңдері туралы былай деп жазды: «Балалар фольклорының үлкен саласы – ойын өлеңдері. Тілі шығып, сөйлей бастағаннан, кәмелетке толып, есейген шағына дейін баланың жасына лайықты сан түрлі ойын ойналған және олардың басым көпшілігі өлең-тақпақтармен бірге жасап, бірін-бірі толықтырып отырған. Алғашқыда балалар үлкендердің көмегімен, кейін біртіндеп ойын тәртібін игере келе сөздерін өздері шығарып айта бастаған.

Ересек адамның қатысуымен айтылатын өлең, тақпақтар бұғанасы қатпаған, өз бетімен ойнап кетуге әлі жарамайтын балдырғанды әлденеге мазасызданса жұбату, көңілін басқа жаққа аудару, ол үшін табиғат

кұбылыстарымен, жан-жануарлармен таныстыру мақсатын көздеген. Бесік жырларымен салыстырғанда мұнда ұйықтату, тыныштандыру емес, баланың көңілін көтеру, түйсік сезімін ояту, күлдіру басты орын алады. Бұл ретте балдырғанның білегін, алақанын, саусақтарын ұстап, түрлі қимылдар жасап, арасында қытықтап отырудың мәні зор. («Саусақ санау ойыны», «Бес саусақ», «Қуырмаш», т.б.)

Осы сипаттағы өлеңдерді орыс фольклортану ғылымында жеке жанрлық түр ретінде қарастырады (пестушки, потешки). Қазақ балалар фольклорында да мұндай өлеңдер аз болмаған. Оларды жинай келе, ойын жырларының жеке саласы етіп жіктеуге болады...» («Мәңгі балауса жыр», кітапта: «Ақ сандық, көк сандық», Балалар фольклоры: (бесік жырлары, тақпақтар, жаңылтпаштар мен жұмбақтар, ойын өлеңдері мен ойындар, ертегілер), құрастырып, алғы сөзін жазған Ш.Ыбыраев, Алматы, «Жазушы» баспасы, 1988-жыл, 7-бет) - дей келіп, қазақ балалар ауыз әдебиетіне қатысты ойын өлеңдері мен ұлттық ойындарды «Ойын өлеңдері мен ойындар» деп атайды да, ойын өлеңдерін «Санамак», «Қаламак» деп жіктейді. Балалардың ұлттық ойындарын «Ойындар» деп атайды.

Ежелгі дәуірде қазақ балаларының ұлттық ойындарына «Соғыс ойындары» (Әскери-тәрбиелік ойындар) да жатқан. Оларға «Жекпе-жек», «Жауға аттану», «Жауды қоршау», «Мерген», «Жауды адастыру», т.б. ойындары жатады. Бұл ұлттық ойындар балаларға сырт ел шапқыншыларына қарсы күресте әр түрлі амал-тәсілдер қолданудың жолдарын үйретеді. Бір қызығы, осы «Соғыс ойындарында» да балалардың айтатын өлең-жырлары мен тақпақтары қолданылып отырады. Мұның

өзі қазақтардың ән-жырды, күй өнерін әу баста соғыс кезінде де пайдаланғанынан дерек береді.

Мысалы, XVI ғасырда өмір сүрген түрік ақыны Көроғұлы жаумен шайқасқанда қолына сазын (қобызын) алып, түрік әскерлерін ұрысқа бастаған. XVI ғасырда жорық жыршылары Доспамбет, XVII ғасырда Марғасқа, XVIII ғасырда Ақтанберді, Тәтіқара, Үмбетей, XIX ғасырда Махамбет қолына домбырасын алып, әскерлерге күш-қуат дарытқан, ұраншы болған.

Балалардың соғыс ойындарында осы жауынгерлік рухтың сілемдері байқалады.

Ш.Ыбыраев балалардың ұлттық ойындарының мазмұны мен түрлері туралы былай деп жазады: «Балалардың өз бетімен ойнап кетуге қабілеті жеткен кезде олар үлкендердің көмегінсіз өлең, тақпақтар айтып, сан түрлі ойындар ойнап, азан-қазан мәз болып жатады. Балалар шығармашылығының шын мәнінде қанат жайып, еркіндікке шыға бастауы да – осы кез. Ойындардың ішінде отырып та, түрегеп тұрып та, дамылсыз жүгіріп жүріп те ойнайтындары бар. Ойын барысындағы іс-әрекеттерді белгілеу, балалардың орын тәртібін анықтау, түрлі рөлдерді бөлісу, міне, мұның бәрі де өлең, тақпақтар арқылы іске асырылады. «Санамақ», «Қаламақ» тақпақтары ойын жүргізушілерді, жекелеген қызметтерді бөлісу үшін айтылса, «Соқыр теке», «Үй артында қол ағаш», «Кім ұшты?», тағы басқалары бүкіл ойын үдерісімен тұтастық тауып, мазмұны мен түрі бойынша әр түрлі қимыл-қозғалыстармен бірлікте айтылады. Сондықтан да олар ырғағы жағынан кейде жедел, енді бірде баяу орындалса, кейде арасына ырғақты қара сөз араласып отырады. Мазмұны әзіл-қалжың, сықаққа толы болса, құрылысы мейлінше қарапайым, айтылуы жеңіл, сөздері ойнақы.

Дыбысқа еліктеушілік, аллитерациялық, ассонанстық кайталаулар жиі ұшырасады...» (сонда, 8-бет).

Ш.Ыбыраев балалардың танымдық, тілдік маңызы зор мәселелерді қамти алатын балалар ойынының маңызы туралы былай деп жазады: «Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығын да, тән сұлулығын да жан-жақты жетілдіруге бағытталған. Өзгені былай қойғанда, жан-жануарлар қалай дыбыстайды, қандай іс-әрекеттер жасайды, оларды тілімізде қалай айтады дейтін танымдық, тілдік маңызы зор мәселелерді «Қалай айтуды білемін» ойынының өзі-ақ балалардың құлағына құйып береді:

Өтеш – шақырады,
Есек – бақырады,
Күзен – шақылдайды,
Бақа – бақылдайды,
Шыбын – ызындайды,
Шіркей – ызылдайды...

Тегінде, іс-әрекеттерді дұрыс сипаттай білу – тіл мәдениетінің бірінші шарты болса керек. Мұны өмірге жаңа қадам басқан балдырғанның санасына сіңірудің төте жолын халқымыз дәл тапқан.

Балалар ойындарында кейде өлең, тақпақтар кездесе бермейді. Бірақ олардың да негізгі мақсаты – тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке баулу, қиялына қанат беріп, ойын ұштау, сөйтіп өз бетімен іскерлікке, қысылған жерде дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелеу. Бұған қоса кез келген ойынның аяғында жену бар да, жеңілу бар. Жеңгендер әрі қарай өз биігінде қалуға тырысса, жеңілгендер айып тартады. Ол, көбінесе, тақпақ айту, ән салу, би билеу, әңгіме айтып күлдіру, жануарлар мен хайуанаттар сияқты дыбыстау түрінде болады.

Бұдан қай ойынның да түпкі нысанасы балалардың бойындағы шығармашылық қабілетін өрістетуге, жанына өнердің нұрын себу, өлең, тақпақ айтуға, ән салуға төселдіру екенін аңғару қиын емес...» (сонда, 8-9-беттер).

Бүлдіршіндерді дұрыс сөйлеуге, дұрыс ойлауға дағдыландыруда жан-жануарлар мен құстардың аттарын үйретуге, олардың қалай дауыстайтынын үйретуге баулитын ойындардың бірі – «Қалай айтуды білемін» деп аталатын балалар ойыны. Бұл ойынды «Кім қалай дауыстайды?» деп те атайды. Ежелгі дәуірде ата-бабаларымыз бүлдіршіндердің табиғатқа, үй жануарларын, жан-жануарларын қолға үйретуге, олардың қалай дауыстайтынын, қай жануардың қай жерде мекендейтінін, оларды қалай шақыратынын, жануарларды қалай атайтынын хабардар ететін ойындарды ойлап тапқан. Мұның өзі ата-бабаларымыздың бүлдіршіндер мен балаларды қоршаған ортамен таныстыруға аса қатты мән бергенін дәлелдейді. Балаларға арналған ойындар баланың сана-сезімін арттырып, жан-жануарларға деген танымын молайтуға көмек беретіні белгілі.

«Қалай айтуды білемін» деген ойынның танымдық бағыты мол:

- Әтеш – шақырады,
- Есек – бақырады.
- Күзен – шақылдайды,
- Бақа – бақылдайды.
- Шыбын – ызыңдайды,
- Шіркей – ызылдайды.
- Торғай – шырылдайды,
- Бөдене – бытпылдайды.
- Қаз – қаңқылдайды,
- Бүркіт – шаңқылдайды.

Қарға – қарқылдайды,
Сұңқар – саңқылдайды.
Қой – маңырайды,
Қозы - жамырайды.
Қасқыр – ырылдайды,
Борсық – қырылдайды.
Жылқы – кісінейді,
Сиыр – мөңірейді.
Тырна – тыраулайды,
Мысық – мияулайды.
Жылан – ысылдайды,
Кейбір аң пысылдайды.
Ит – арсылдайды,
Торай – қорсылдайды.
Аққу – сұңқылдайды,
Тышқан – шиқылдайды.
Түйе – боздайды,
Сандуғаш – сайрайды.

Қазақтың балаларға арналған ұлттық ойындарының тәрбиелік маңызы зор дейтін себебіміз – ойын арасында балалар ойынның шартына байланысты тақпақ, өлең айтады, би билейді. Домбырамен, қобызбен күй тартып береді. Мұның өзі баланың эстетикалық тағылымын арттырып, өнерге деген құштарлығын күшейтеді.

«Қалай айтуды білемін» атты ойын балаларды малды калай шақыруды үйретуге дағдыландырады:

Биені – құраулап,
Түйені – көс-көстеп,
Сиырды – ауқаулап,
Ешкіні – шөрелеп
Шақыра аламыз,
Сауамыз, бағамыз...

Осы ойында малды суға қалай шақыратыны айтылады:

Жылқыны – «моһ – моһ»;

Қойды – «пұшайт – пұшайт»;

Ешкіні – «шөре – шөре»;

Түйені – «сорап – сорап»;

Сиырды – «әукім – әукім»;

Итті – «кә - кә»;

Тауықты – «шеп – шеп»;

Мысықты – «піш – піш»... – деп шақырады.

Ал, малдың төлдеуін қалай айтатыны жөнінде де ұғымдар бар:

Бие – құлындайды,

Қой – қоздайды.

Ешкі – лақтайды,

Түйе – боталайды.

Сиыр – бұзаулайды,

Ит – күшіктейді.

Тауық – жұмыртқалайды,

Мысық – балалайды.

«Ұшты-ұшты» деп аталатын ойын баланы тапқырлыққа, шапшаң ойлауға, шапшаң айтуға талпындырады. Сонымен бірге баланы ән салуға, тақпақ айтуға баулиды: «Ойынды үй ішінде де, сыртта да ойнай беруге болады. Ойынға қатысушылар бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыруы шарт. Ұшатын зат айтылса, тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып, тақпақ айтады не ән салады...»

Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиетінде мыстан кемпір мен жалмауыз кемпір халықтың жауы ретінде бейнеленеді. Мыстан кемпір – аяр, айлакер, сұмдықшыл болып бейнеленсе, жалмауыз кемпір – алапат күш иесі, бойында тауды бұзатын күші бар аса қатыгез жан ретінде

сипатталады. Осы Мыстан кемпірдің немесе Жалмауыз кемпір бейнесінің балалар ойынынан орын алатыны – табиғи нәрсе. Кейбір ұлттық ойындарда балалар Мыстан кемпір мен жалмауыз кемпірдің бейнесіне кіріп кетеді. «Шымбике», «Етек-етек» деп аталатын балалар ойындарында Жалмауыз кемпірдің бейнесі көрінеді.

«**Сен тұр, сен шық!**» деп аталатын ойын баланы санауды үйретуге баулыса, «Тауқырайдан» деп аталатын ойында балаларды ептілікке баулиды.

«**Қуыр-қуыр, қуырмаш**» атты балалар ойыны адамның қол мүшелерін білуге үйретеді:

«I. Бас бармақтан бастап шынашаққа дейін саусақтардың бір рет түгел атын айтып береді: бас бармақ, сұқ қол, ортан қол, аты жоқ қол, шынашақ.

II. Бұдан кейін саусақтарға: бас бармақ, балалы үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек, - деп түгел ат қойып шығады. Бес саусақ түгел жұмылады.

Енді қайтадан бас бармақтан бастап мына сөздерді айтып, саусақтарды жазады:

«Сен тұр – қойыңа бар;

Сен тұр – түйеңе бар;

Сен тұр – жылқыңа бар;

Сен тұр – сиырыңа бар;

Ал сен, кішкентай бөбек, әлі жас екенсің, қазанның қаспағын қырып же, жыламай отыра тұр».

Енді осы шынашақтың өзін алақанның шұңқырына бүгіп, тұқырта ұстайды да:

«Қуыр-қуыр, қуырмаш,

Балаларға бидай шаш.

Әкең келсе – есік аш,

Қасқыр келсе – мықтап бас»,- деп шынашақты шыр айналдырып, баланың алақанын қытықтайды...».

«Асау мәстек» ойыны балаларды тақпақ айтуға баулиды. Тақпақ айту баланың әдебиетке құштарлығын арттырады. Балалардың өнерге деген ынтасы күшейіп, бойында рухани байлық молаяды.

«Көги-көк» ойынында да мыстан кемпір бейнесі көрініс береді.

«Үй артында қол ағаш», «Соқыр теке» атты ойындарда сахналық көрініс бар. Дөңгеленіп тұрған балалар хормен өлең айтады. Бұл ойын баланы айтыс өнеріне де баулиды.

«Ақ сүйек» атты ойында балалар «Айгөлек» атты халық әнін орындайды.

Ұлттық ойындар балалардың өлең айту қабілетін жетілдіреді. Мұның өзі де қазақ халқының өнерді қадір тұтатынынан хабардар етеді. Қазақ халқы ән-жырға бір табан жақын халық екені анық. Бұл жөнінде аңыз да бар: «Өлең бұлты қазақ даласына келгенде жер бауырлап ұшқан...» Өлең өнерін дамытуды мақсат тұтқан ата-бабаларымыз бүлдіршіндер мен жасөспірімдердің күнделікті ойындарына кіргізген. «Дауысынан біл» деп аталатын балалардың ұлттық ойынында балалар айнала жүріп өлең айтады: «...Бұл ойынды екі топтың балалары екі жақ болып ойнайды. Бір баланы (қаламақ арқылы бөліп) көзін байлайды да, топтан шығарып, қалғандары қол ұстасып шеңбер жасап, айнала жүріп, өлең айтады. Екінші топтан бір бала шығып, көзін байлаған баланың қарсы алдына барып, айтылған өлеңнің бір сөйлемін, не бір сөзін айтады...» («Ақ сандық, көк сандық» кітабынан, 171-бет).

Өлең өнеріне баулу **«Жаңылма»** атты ұлттық ойында да бар: «Бір топ балалар қол ұстасып, дөңгелене тұрады да, ортасынан санамақ айтып бір баланы ортаға шығарады.

Шыққан бала өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып кез келген жерінде жата қалады, не болмаса құлағын ұстайды, басын сипайды, тағы сол сияқты іс-әрекеттерді жасайды. Оның өлең, тақпақ, әңгіме айтып тұрып істеген қимылдарын қайталай алмай қалған бала айыпты болып, өлең айтады, билейді, әңгіме айтып күлдіреді.

Ойын далада, үйде, аулада өтеді». («Ақ сандық, көк сандық» кітабынан).

«Күшің жетсе – үзіп кет» деп аталатын балалардың ұлттық ойынында екі жақ болып тұрып ойынға қатысқан балалар тақпақ айтады: «Екі топ балалардың қатысуымен ойналады. Екі топ екі жақта тұрады. Араларының қашықтығы – он бес, жиырма қадамдай болады. Бір жағында тұрған балалар былай деп шақырады:

Қанжығадан қан керек,

Тебінгіден тең керек.

Сонау топтың ішінен,

Әл – күші кем сен керек! – деп, қарсы топтың біреуін нұсқап көрсетеді. Шақырылған бала ұстасып тұрған топтың бір жерінен бар пәрменімен үзіп өтуге тырысады. Үзіп шықса сол жерден екі ойыншыны өз тобына алып кетеді. Үзе алмаса қарсы топта қалып қояды. Белгіленген уақытқа дейін қай жағының тұтқыны көп болса, сол жағы ұтқан болып есептеледі». («Ақ сандық, көк сандық» кітабынан).

Қазақтың ұлттық ойындары мен балалар ауыз әдебиеті арасындағы рухани байланыс ұлтымыздың ерекшелігін, балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеудегі ұлттық болмысымызды көрсетеді. Сондықтан ұлттық ойындарды мектептегі дене шынықтыру пәніне кіргізіп, балалар мен жасөспірімдердің ұлттық сезімін байытуды қолға алу қажет.

Албина ҰЛМАҒАМБЕТОВА,
Қандыағаш қалалық
№2 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Мұғалжар ауданы.

МЕНИҢ ПӘНИМНИҢ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деп мемлекеттік тілдің бағытын айқындап берген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: Мемлекеттік қызметкерлердің қабілет-қарымдысына, соның ішінде қазақ тіліне қамшы салдырмайтындарына жан-жақты қолдау көрсетуіміз керек. Әсіресе, мемлекеттік қызметке кірген қазақ қазақша сөйлеуі керек. Әрбір мемлекеттік қызметші мемлекеттік тілге барынша қолдау көрсетіп, ынталыларға көмекті аямау керек», - деп нақты талап қойған болатын.

Тіл – әлемдегі ең қастерлі, ең қасиетті, ең тәтті, Алланың пендесіне берген үлкен сыйы. Тіл – тіршілік құралы. Қандай да бір мемлекеттің өзіндік ата-дәстүрі, тілі, діні болары хақ. Біздің мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі, аласапыран замандарды, ең қиын ғасырларды өткерген сөзге бай, айтылуы жеңіл көне тіл. Ата-бабамыз тілдің таза болуын, тілдің бұрмаланбауын, артындағы

ұрпақтарына «тоқсан түрлі пәле тілден келеді», «он күнәнің тоғызы – тілден» деген сияқты нақыл сөздерін өсиет қылып қалдырса керек.

Сол себепті, қазақтың дархандығы мен даналығы, сұлулығы мен саралығы, пейілі мен мінезі – өзіндей қастерленген тілінде жатыр десем – артық айтпағаным. Амал не, бұл пікірге бүгінгі көзімізбен қарар болсақ, айырмашылығы жер мен көктей екенін қарақат қауым егіле мойындайды. Жаңа заманның жарқын ұрпағынан жан түсінбей бұрмаланған бұратпа тіл өсіп-өніп келеді. Өзінің ана тілінде сөйлеуін ар санайтын арсыз, намыссыз, екі жақты адам атын иемденіп жүргендер де жоқ емес. Кінәлі кім десеңіз, бүгінгі өз тілін былдырлап эзер сөйлейтін ұл мен қыз емес, ғасырлар бойы тіліміз бен ұлттық санамызды шырмап келген Кеңес Үкіметінің отаршылдық саясаты болар еді. Кеңес Үкіметі тұсында 70 жыл бойы қыңыр саясаттың арқасында болашақ коммунизмге жалғыз-ақ орыс тілімен жетеміз деген солақай пікірлер басқа ұлттардың қадір-қасиетін, салт-дәстүрін, барлық салаларын аяқ асты етті. Соның ішінде біздің ана тіліміз – қазақ тілінің қолданыс аясын отбасы ошақ деңгейіне дейін тарылтып, ең сұмдығы, болашағы жоқ нәрсе ретінде беделін түсірді. Сондықтан да еліміздің ертеңі – төл ұрпағымыз орыс тілінде сөйлеп, ана тілін жатырқауды, менсінбеуді шығарды. Өйткені, бүкіл оқу орындары: балабақшадан бастап, мектеп, мемлекеттік мекемелерде, арнаулы жоғары оқу орындарының өзінде барлық дәріс орыс тілінде оқытылып, барлық іс-құжаттар орыс тілінде жүргізіліп келді. Бұл – қазақ халқының басына түскен ауыр дерт. Еліміз егемендік алған жылдардан бастап осы дертпен

үлкен күрес жүргізіп келеді. Мекеме құжаттары қазақ тіліне ауыстырылып, мектептерде, балабақшаларда тілге аса зейін қоюда. Бірақ, бір адам халық бола алмайтын секілді, бұл дертті де халық болып жұмыла кіріссек қана жеңеріміз айқын. Қазіргі дамыған жаһандану заманында өзіндік ұлттық болмысымызды, салт-дәстүрімізді, тіліміз бен дінімізді ұмытсақ жұтылып жоқ боларымыз сөзсіз. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақ қазақпен қазақша сөйлесуі керек, әр тұлға өзін тәрбиеге алмайынша, басқаларға қалай қазақша сөйлес деп айта аламыз?» деген жанашыр сөзі бар. Сонымен қатар «Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені, ол – ұлтымыздың анасы» деп ана тілге өз бағасын берген. Ұлтжанды азаматтар қазақ руханиятына өшпес із қалдырған тұғырлы тұлға, еліміздің белгілі ақиық ақыны Қадыр Мырза Әлидің: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» дегеніндей, тек өз қандастарымыз ғана емес, елімізде тұрып жатқан барлық қазақстандықтарға қазақ тілін білудің артықшылықтарын әрдайым насихаттауымыз керек.

Кезінде Бауыржан Момышұлы: «Мен үш нәрседен қорқамын: Бірінші – баласына бесік жырын айтпаған анадан, екіншісі – немересіне ертегі айтпаған әжеден, үшінші – бір-бірімен қазақша сөйлеспеген қазақтардан», десе, әлемге әйгілі дағыстандық дарынды ақын Расул Ғамзатов «Егер тілім болса мүлде құрымақ, мен дайынмын өлуге бұл бүгін-ақ» деп тебірене жырлаған. Сол секілді тіліміздің тағдырына қашанда бейқам қарамай, араша түсіп, еліміздің ертеңіне есті көзбен қарап, ұрпақ алдындағы қарызымызды өтеу – әр елім, жерім деген азаматтардың парызы болмақ.

Әр адамның жүрегі тіл дегенде тебіренетіні анық. Кез келген ата-ана мен баланың, қала берді қоғамның тілге қатысты көкейінде мазалайтын сұрақтар жетерлік. Тіліміздің болашағы қандай? Ол болашақта дағдарысқа ұшырайды ма? Өміріміздегі ең асыл нәрсе –тілді түзеу үшін нендей жағдайлар жасау керек? Осындай сұрақтар қай-қай адамның көкейінен, өмірден жауап іздейді.

Баланы балабақша табалдырығынан бастап ана тілін құрметтеуге шақырып, насихаттау керек. Әрине, қазір балаларға арналған көптеген әдеби көркем әдебиеттер мен ертегілер шығып, театрда қазақша қойылымдар көрсетіле бастады. Бұл – тілді дамыту үшін істеліп жатқан игі істер. Бірақ олардың тілдік сапасын арттыру жөнінде ішінара кемшіліктер де жоқ емес. Кей кезде көше бойында кетіп бара жатқан екі қазекеңнің туған тілімізде емес, өзге тілде сөйлесуі қынжылтады. Оны көріп тұрған біздер ескерту жасаудың орынына, үндемей қаламыз. Ең алдымен, балаларымызды ана тілімізге дәріптесе, онда осындай дәрменсіз жағдайға келмес едік. Біз тіліміз арқылы дінімізді, мәдениетімізді дәріптейміз, өнеге тұтамыз. Халықта «мәңгүрттік» деген бар. Өзінің тілін, мәдениетін, дінін мүлдем өз өмірінен сызып тастағандарды «мәңгүрт» деп қорқынышты атаумен атаған. Ал осы «мәңгүрттік» деген жан түршігерлік сөзден аулақ болу үшін, жастайынан тілге деген құрметті оятуына қолдан келер жағдай жасалу қажет. Ел болашағы - балаларымыз. Сондықтан өзге елде білім алып жүрген жастарымыз бір-бірімен ана тілінде еркін сөйлеп, ел тілінің мәртебесін көтеріп, ана тіліне деген сыйластығы мен құрметі жойылмағанда ғана тіліміздің болашағы

жарқын болады деп үлкен сеніммен айта аламыз.

Тілсіз өмірді елестету қиын. Сондықтан болашағымызды бұлыңғыр қылуға жол бермей, тіл дағдарысына төтеп беріп, тілімізді қастерлеу – біздің қолымызда. Тіл – барша адамзаттың ең басты қазынасы. Ол жоғалса, халық та, ел де жоғалмақ. Сондықтан, өзіміз байқағандай, тілімізге өзге тілдің араласуы – ана тілімізге жасалатын үлкен кесел. Оны ескерген жөн. Сол себепті де «Тар жол, тайғақ кешу жылдары» жалаң аяқ жар басып, біреудің босағасына қашып, қиындықпен алған ата-бабамыздың қайтпас қазынасын құрметтейік. Тіл үшін үлкен тірек болар – сол тілді сөйлейтін адамдар, яғни, біздер. Ал, тілін құрметтегенді, сөз жоқ елі де құрметтер. Еліміз жылдар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізгісімен, қазақ тілі де мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды. Ендігі кезекте дағарадай мәртебе ғана беріп қоймай, ана тіліміздің қолданылу аясын кеңейту – кезек күттірмес мәселенің бірі болды. Осы орайда оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептердегі қазақ тілі пәніне көңіл де, ықылас та жылдан-жылға артып, оны оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері, технологиялары бойынша зерттеу жұмыстары, оларды тәжірибеге енгізу шаралары қолға алынды.

Мемлекеттік тілді саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан мемлекеттік тілді оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: қазақ тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?

Оқыту тілі өзге тілде жүргізілетін мектептерде тіл үйрету туралы жазылған әдістемелік және ғылыми материалдарды зерделей келе, ақпараттық технологияларды пайдалану туралы мәселеге тоқталуды жөн деп санап, осы тақырыпта жинақтаған іс-тәжірибемді ортаға салмақпын. Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану – басты талап. Мәселе – технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе – тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Қазіргі таңда айтар болсақ, көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдану әдісін ақпараттық-коммуникативтік технологияның бір өзі атқара алады.

Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда диалогтың да берері мол. Диалог – сөйлесудің ең негізгі түрі болып саналады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас амандасудан басталады. Мұғалім сабаққа кіргеннен оқушылармен диалогта болады. Оқушыларға белгілі бір тақырыпта тапсырмалар беру арқылы сұхбаттар құрылады. Диалогтік сөйлесуді естіп-тыңдаумен біртұтас та, жекелей де пайдалануға болады. Мақсатты ұйымдастырылған жағдаяттар арқылы ауызекі сөйлесуге үйрету – оқушыларды қызықтырады. Диалогтік сөйлеу коммуникативтік оқытудың негізгі ұстанымына сәйкес келеді. Коммуникативтіліктің жауап алынған жағдайда ғана жүзеге асуы оның ұстанымы болып есептеледі. Ауызекі сөйлесу – жауаптасу арқылы жүзеге асады, ал жауаптасуға дейінгі дайындық кезеңдері былайша сараланады:

I кезең: диалогпен танысу;

II кезең: диалогті жаттау;

III кезең: диалогті қойылымға айналдыру, яғни, сөйлесім іс-әрекетін қойылым іс-әрекетімен ұштастыру.

Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруда ауызекі жауаптасу мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Сонымен қатар, ақпараттық оқу құралдары (компьютер, аудио-визуалды құралдар) бойынша да оқушылар белсенді қарым-қатынасқа (коммуникацияға) түсе алады. Ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыруда сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын, сөйлем құрастыруды, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды, сұрақ қоюдың барлық түрлерін үйрену тиімді. Оқушылардың сөйлеу дағдылары ауызекі сөйлеу жүйесінен, сұраққа қысқа да толық жауап қарастыра алуынан, оқығандарын ауызша да, жазбаша да мазмұндап беретіндей дағды-машықтарынан, шығарма, хат жазу дағдыларынан құралады. Қазақ тілін оқытуда, ең алдымен, тәжірибелік мақсат қойылады, оған оқушылардың сөздік қорларын байыту, қазақша ауызекі сөйлесуге, сауатты жазуға үйрету, сөйлесуге, көргендерін, естігендерін әңгімелеп беруге үйрету қажет. Ал бұл іс-әрекеттерді сауатты да дұрыс жүзеге асыру үшін грамматикалық жұмыс жүргізілуі керек. Компьютерлік оқыту бағдарламаларының қай-қайсысы болмасын өз мазмұнынан грамматикалық жұмыс жүргізуді тыс қалдырмайды, белгілі бір грамматикалық құрылымның жұмыстарын қамтиды. Өзге құралдардан компьютердің ерекшелігі – оның қатысымдық құрал бола білуі. Яғни, білімгер, ол арқылы қатысымның

барлық түрлерін жүзеге асыра алады. Бұл – мәтіндерді оқу, сұхбат жасау, жазу, тыңдау әрекеттері. Тіл үйренуде бұл мүмкіншіліктер ең маңызды болмақ. Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті, нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы сөз болғанда бұл проблеманың ішінен басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесін жеке бөліп қарастырмаса болмайды. Өйткені, қазіргі таңдағы көп жұмыс істеліп, жан-жақты қарастырылып отырған проблема – орыс аудиториясында қазақ тілін оқыту мәселесі. Сонымен қатар, бұл мәселе тілдік коммуникацияның тікелей зерттеу объектісі бола келіп, қазіргі кезеңде өзекті мәселе болып отырған қазақша сөйлеуге үйретудің тиімді жолдарын табуға көмектеседі. Орыс аудиториясында қазақ тілі сабағын жүргізу мәселесімен айналысып жүрген ұстаздар, тілшілер, ғалымдар көптеп саналады. Олардың әрқайсысы әр түрлі мәселелерді қарастыра келіп, қазақ тілін оқыту саласының дамып, жетілуіне үлес қосуда. Бұл еңбектердің авторлары: Ш.Х.Сарыбаев, Ы.Маманов, Ғ.Бегалиев, С.Жиенбаев, Т.Аяпова, Ш.Бектұров, К.Сариева, А.Жүнісбеков, М.Жанпейісова, Ф.Оразбаева, т.б.

Бүгін біздің алдымызда тұрған мақсат – өзге тілді аудиторияны қазақ тіліне үйрету ғана емес, сонымен қатар алдымызда отырған шәкірттердің Отанының қасиетін сезініп, оның алдындағы ұлт жауапкершілігін

ұғынып, ол үшін басын бәйгеге тігер тәуекелге баруы болып саналады. Сол сияқты, барлық отандастардың Отанымен рухани және материалдық тығыз байланыста болуы, өзі өсіп-өнген аймаққа деген сүйіспеншілігі – патриотизмнің қайнар көзі.

Біздің мектепте мұғалімдер бір-бірімен терең ұштастырылған сабақтарды жиі өткізіп тұрады. 5, 6-сыныптарда орыс тілі, музыка, сурет пәндерімен бірігіп өткізген сабақтардан оқушылар білім алып қана қоймай, рухани байып, намысшылдық, тектілік, адамгершілік сезімдері де дамиды. Қазақтың ұлт аспаптары туралы айта келе, бұл сабақта домбыраға тоқталып, домбыраның түрлерін бейнебаяннан көрсетіп, үнін таспадан тыңдатып, музыкалық мектептерде домбыра сыныбынан дәріс алып жүрген балалардың орындауларында күйлерді тыңдаған орыс балалары үшін, этнопедагогика, елтану, өлкетану, тілімізді құрметтеуді үйренуге құлшыныс мақсаттары көзделсе, қазақ баласы үшін өз тілін, ділін ұмытпауға, ұлттық тәрбие алуға қызмет етті деп ойлаймын. Бұл да сабаққа қызығушылығын арттыруға, жауапкершілік сезімдерін дамытуға үлкен үлесін қосады. Сонымен бірге өз туған жеріне деген мақтаныш, махаббат сезімдерін одан әрі дамытады. Тілді үйретудің басты түйіні, кілті – қазақ тілінде сөйлесе білу, өз ойын жеткізе білу. Ол әрбір сабақта осы қарастырылып отырған аймақты компонентті тақырыбына тілдесе білуден басталып, кез келген ортада пікірлесуге дейін жетеді. Сондықтан оқытудағы әр түрлі жұмыстар орталық өзектен пайда болып келіп, басты түйінге айналып соғып отыруы керек. Барлық жұмыс түрлері тілдік материалмен салаларды тізбектеп

оқыта берумен емес, олардың ішінен сөйлеуге қажетті ең керектілерін сұрыптап ала білумен, сөйлеу материалды танумен, оларды дұрыс қолданумен, сөйлеу әрекетінде тиімді пайдалана білумен де ерекшеленеді.

Жұмыс барысында нәтижеге тек қатысымдық әдіспен қатар, басқа да жаңашылдық (инновациялық) технологиялардың элементтерін қолданып, солардың жақсы нәтижесін оқушыларымның жетістіктерінен көріп келемін. Біріншіден, оқушыларым дыбыстық ерекшеліктерді жақсы меңгерген, яғни, айтылым дағдылары жоғары. Екіншіден, ауызекі сөйлеу дағдылары жоғары. Күнделікті жұптап, топтап жұмыс істеудің нәтижесінде оқушылар берілген тақырыпқа, соның ішінде бүгінгі өзекті деген аймақтық компоненттер тақырыбына сұрақ қоя білу, жауап беру дағдылары даму үстінде.

Ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы былай деген екен «Жақсы мұғалім деген атқа түрлі әдістерді меңгеріп, соларды оқытуда қолдана білу арқылы ғана жетуге болады. Сонымен қатар, бірнеше әдісті меңгеріп қана қоймай, табанда өзі қажет әдісті тауып, пайдалана білу керек».

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.
2. Ж.Д.Адамбаева. Жаңа кезеңдегі қазақ тілін оқытудың басты бағыттары, «Қазақ тілі Қазақстан мектебінде» журналы, №1, 2007 ж.
3. М.М.Жанпейісова. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде», А., 2002 ж.
4. «Педагогика жаршысы». №1, 2007 ж.

Жібек ДЮСЮПОВА,
Шығыс Қазақстан облысының
Семей қаласындағы
№9 орта мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА АУЫЗША ЖӘНЕ ЖАЗБАША СӨЙЛЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҮДЕРІСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ МҰҒАЛІМ МЕН ОҚУШЫНЫҢ БІРЛЕСІП ӘРЕКЕТ ЖАСАУЫ

Мектепте жұмыс атқаратын әрбір мұғалімге қазіргі таңда талап өте үлкен болып отыр. Мұғалім өзінің жаңашылдық (инновациялық) іс-әрекетін қалыптастырып, оны меңгеріп, сол жаңа педагогикалық технологияларды оқу-тәрбие үдерісінде жүйелі пайдалану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруы қажет.

Жаңа педагогикалық технологияларды меңгерген әрбір мұғалім өз сабағын нәтижелі даму жағынан көре алады.

Мұғалім, ең алдымен, жаңа педагогикалық технологияларды оқып үйренеді, екіншіден, меңгереді, үшіншіден, жаңа педагогикалық технологияларды тәжірибеде қолданады, төртіншіден, оны дамытып, нәтижесін тексереді.

Жаңа педагогикалық технологиялар – педагогика ғылымының жаңа саласы. Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың

тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай жасайды. Инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жанашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп атауға болады.

Бүгінгі таңда мектептің оқу үрдісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдалана-нудың тиімділігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Білім беру саласының барлық жағына жаңаша ойлау, жаңаша қарым-қатынас, жаңаша көзқарас қалыптастыру керек. Осындай инновациялық жүйеге енгізілген әрбір сабақтың өзіндік құндылықтары бар.

Сондықтан оқушылардың білімін арттыру үшін сабақта жаңа технологияларды қолдана білу керек. Оқытудың тиімді жолдары оқытудың әр түрлі әдістері арқылы анықталады. Бүгінгі таңда оқу үдерісінде оқытудың қалыптасқан негізгі әдістерімен қатар оқытудың жаңа әдістері, яғни, инновациялық әдістері жиі қолданылады.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үдерісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу – оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу.

Мұғалім сабақта әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс-пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс-тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып, оларды сөйлетуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әр түрлі балардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан-жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін

бақылап отыру – әрбір мұғалімнің міндеті.

Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан-жақты білімі қажет. Қазіргі мұғалім:

- Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;

- Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
- Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;
- Білімді, іскер, шебер болуы керек.

Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Қазіргі оқушы:

- Дүниетаным қабілеті жоғары;
- Дарынды, өнерпаз;
- Іздемпаз, талапты;
- Өз алдына мақсат қоя білуі керек.

Инновациялық технология нәтижелері:

- Түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;

- Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;

- Олардың әрқайсысының деңгейі анықталады;
- Оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік туады;
- Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді.

Оқушылардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.

Жеке тұлғалық сипатын дамытуға, шығармашылығын шындауда, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастырады.

Оқушыға жалпы бірдей қалыптасқан, дәстүрлі әдістермен әлемдік деңгейдегі озық технологияларды салыстыра, байланыстыра, өмір тәжірибесіне ұштастыра отырып білім беру, білімге дұрыс бағыттау білуге үйрету – әрбір оқытушының міндеті. Қазіргі қоғам – жаңа ақпараттық технологиялар дәуірі. ХХІ ғасыр – ақпарат ғасыры, бүгінде ғылымның әр саласын дамыту ақпараттық жаңа технологияларды игерумен тығыз байланысты екендігіне көзіміз жетті. Ғылымның жаңа бағыттарын меңгеру – өмір талаптарына сай болу деген сөз. Жаңа ғасырда даму мен гүлденудің, табысқа жетудің бірден-бір кілті – білімде. Сондықтан да постиндустриалдық, яғни, ақпараттық қоғам қойып отырған басты талаптардың бірі – ақпаратты меңгере алатын, жан-жақты білімді, жаңа білімдерді игеруге қабілетті, дербес шешім қабылдай алатын, икемді ұрпақ қалыптастыру. Интерактивтік оқытуды қолданудың тиімділігі аса жоғары. Интерактивтік оқыту – ақпараттық технологиялармен, қашықтықтан оқытумен, интернет ресурстарын қолданумен, электрондық оқулықтар мен анықтамаларды, онлайн режиміндегі еңбектерді пайдаланумен байланысты.

Білім беру үдерісін ақпараттандыру дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асырады және оқу-тәрбие үдерісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Оқу-тәрбие үдерісінде компьютерлік технологияны пайдалану қажеттілігі бүгінгі күннің әлеуметтік-экономикалық талаптарынан туындап отыр.

Қазіргі заманғы оқыту баланың интеллектуалдық ерекшеліктеріне сүйене отырып білім беруді қажет етеді. Сабаққа компьютерлік технологияны пайдалану мәселесі оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, дербес,

психологиялық айырмашылықтарын білумен тығыз байланысты.

Компьютерлік технология көмегімен оқушының оқу-таным үдерісі де, өзіндік баға беруі де, өзін-өзі бағдарлауы да дами бастайды. Оқушының шығармашылық қабілетінің дамуына мұғалім көмектесе, ал компьютерлік технологияны оқыту үдерісіне енгізу барысында компью-тер оқушының интеллектуалды дамуына игі әсерін тигізеді. Мұндай үрдіс кезінде «оқушы - компьютер - мұғалім» байланысы жүзеге асады.

Білім саласында компьютер – оқушы үшін оқу құралы, ал мұғалім үшін жұмысшы болып табылады. Оның қолданылуы нәтижелі болуы үшін бағдарламалық құралдар толық түрде мұғалімнің және оқушының алдына қойған мақсатына жетуін және шығару жолдарын қамтамасыз етуі керек.

Үлгі ойлау мен дәлелдеудің алгоритмі болғандықтан, оқушы компьютердің көмегімен мұғалімнің сұрақтарына қиналмай, тез жауап беруге тырысады және бұл жағдайда оқушының назары оқығанды еске түсіруге немесе қайталап айтуға емес, оның мәніне, себеп-салдар тәуелділігіне байланысты салмақтап, сезіне білуге аударылады. Мұндай оқыту кезінде ең нашар оқитын оқушының өзі де ешбір қиналмастан жауап береді.

Заман талабына сай күнделікті сабаққа бейне, аудио қондырғылары мен компьютерлерді қолдану айтарлықтай нәтиже беруде. Мұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдаумен қатар көзбен көруге, тыңдауға және алған мағлұматты нақтылауға мүмкіндік береді. Оқушылардың өздері де алынған ақпаратты көшіріп алып, онымен өз ыңғайына қарай жұмыс істей алады.

Соңғы уақытта жаңашыл мұғалімдер оқытудың жаңа технологиясын өз жұмыстарында қолдануда. Бүгінгі

оқытудың басты талабы – сабақ сапасын арттыру. Сабақтың сапалы болуы мұғалімнің шеберлігіне, үйретуіне байланысты. Мұғалімнің өз мамандығын сүйюі, жеке мәдениеті, өзін ұстауы оқушылардың ойлау бағытына, қызығуына көп әсер етеді.

Интерактивті тақта арқылы көптеген мағлұмат алып, өз білімімізді тереңдете береміз.

Интерактивті тақта дегеніміз – Батыс Еуропадан, АҚШ-тан бастау алған үрдіс. Интерактивті тақта оқушыларға шабыт береді және балаларды жаңа білім алуға, ынталандыруға шақырады. Интерактивті тақтаның көптеген ресурстары ұстаздарға өз оқушыларын оқытуға, мақсатына жетектеуге көмектеседі. Экрандағы түрлі-түсті бейнелер балалар үшін тартымды. Бұл құрал ұстазға сабағын жандандыруға көмектеседі. Мына мүмкіндіктерге көңіл бөліңіз: сауаттылық – оқушылармен жұмыс үшін балалар өлеңіндегі немесе ертегілердегі кейіпкерлерді пайдалану. Қазақ тілі сабағында мұғалімдер кестелерді, мәтін, бейнекөріністерді пайдалана алады. Интерактивті оқытудың бір мүмкіндігі – қазақ тілін және қазақ әдебиетін оқытуда мәтінде сөзді жасыру. Мұғалім оқушылармен мәтінді талқылай отырып, олардың ойынша қандай сөздер жасырылған және қайсысын ашу қажет екендігін анықтайды.

Интерактивті тақта оқытуда не береді?

Жаңа ұрпақты мультимедиалық жабдықпен оқыту оқыту үдерісін сапалы жаңа деңгейге шығарады.

Барлық тақырып бойынша компьютерлік деректерді және оқыту ресурстарын көптеп табуға және оны бірнеше рет пайдалануға болады.

Шығармашылық жұмыс үшін уақыт үнемделеді және көптеген көмек көрсетеді.

Оқытушы кез келген компьютерлік көрсетуді бас-

қаруға мүмкіндік алады. Интерактивті экранға суреттер, сызбалар, кестелерді көрсетуге, интерактивті анимацияларды және кез келген компьютерлік бағдарламалармен жұмыс істеуге мүмкіндігі бар.

Интерактивті тақтаның көрнекі құралдарының арқасында сынып белсенді жұмыс істейді, түсініктері жақсарып, деректерді есіне жақсы сақтайды.

Мұғалімнің компьютерді жетік меңгерудің деңгейі жоғарылайды.

Техникалық құралдардың ішінде компьютермен оқыту термині әдістеменде нақты қалыптасқан.

Компьютерлік технологияның оқушының танымдық белсенділігін арттырудағы педагогикалық мүмкіндіктеріне ғалымдар төмендегілерді жатқызады:

Компьютерлік технология хабарды шексіз көлемде игеруге және аналитикалық өңдеуге мүмкіндік береді.

Компьютерлік технология танымдық белсенділікті арттыратын компьютерлік ойындар түріндегі танымдық үрдісті ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Қазіргі ақпарат көздері - компакт дискілер мен қуатты процессорлар құрамына мәтіндік ақпарат, мультипликация, фото, бейне, модельдеу, дыбыстық сүйемел ететін, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратын жаңа сапалы бағдарлама жасауға мүмкіндік береді.

Электрондық оқулықты қолдану оқушының жоғары белсенді дүниетанымын және өзіндік жұмыс аясын кеңейтеді, оқыту үрдісін саралауға, жан-жақты ақпараттандыруға, білім мазмұнын ізгілендіруге көмектеседі.

Компьютерлер оқушылардың бойында іс-әрекет рефлексиясын қалыптастыруға септігін тигізеді. Алдымен компьютер оқушыларға өз іс-әрекетінің нәтижесін көрнекі түрде көрсетуге, өзін өзі бақылау мен түзетуді іске асыруға мүмкіндік береді.

Арнайы бағдарламалар арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын туғызады.

Компьютерлік технология - адамның танымдық-зерттеу қызметінің жан-жақты тәсілі, көпфункционалдық құралы (тексеру, есептеу, музыкалық, графикалық, кең көлемді ақпаратты сақтау және өңдеу, т.б.).

Тілді оқытуда компьютерлерді қолдану да жетістіктерге ие. Компьютер – әр оқушының психологиялық ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік беретін құрал. Өйткені әр оқушы өз қабілетіне сай жылдамдықта жұмыс істей алады.

Адамның компьютердің көмегімен атқаратын оқу іс-әрекеттері өте көп, күрделі, әр түрлі. Компьютерлік технологияны қолдану арқылы өмірге келген оқыту тәжірибесі ғылыми-практикалық мәнге ие. Оқытудың компьютерлік технологиясын құру стратегиясы - бүгінгі таңда ең тиімді әдіс. Сонымен бірге еліміздің ертеңі болар жас ұрпақ компьютерді терең меңгеруі тиіс. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту – білім берудің бір бөлігі. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда. Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру – ең негізгі мақсат болып айқындалады. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды. Мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Осыған орай сабақ беру үдерісінде

қазіргі күннің, яғни, инновациялық әдістерді оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады. Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – «интерактивті оқыту әдісі». Негізгі қағидасы-педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту.

Интерактивті әдістерге мыналар жатады:

- мәселелік шығарма әдістері;
- тұсаукусулер (презентациялар), пікірталастар;
- топпен жұмыс;
- миға шабуыл әдісі;
- сын тұрғысынан ойлау әдісі;
- викториналар;
- зерттеулер;
- іскерлік ойындар;
- рөлдік ойындар;
- инсерт әдісі, т.б.

Білім берудегі интерактивті технология (интерактив сөзі-*inter* (бірлесу), *act* (әрекет)) сабақ барысында оқушылардың сабаққа қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы. Интерактивті тақта мүмкіндігін пайдалана отырып өткізген сабақтар мұғалімнің оқу үдерісінде уақытын үнемдей отырып, оқушыларға көптеген ақпараттарды беруге көмектеседі. Интерактивті тақтаның керемет мүмкіндіктері оқушыларды таңғалдырады, шабыттандырады, қызықтырады. Оқушылар ойнап отырмыз деп ойлайды, шындығында олар қызығып, таңғалып, шабыттанып отырып білім алады. Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары. Өзіміз қызмет жасайтын мектепте жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Мектеп кебинеттерінде интерактивті тақта орнатылған. Сондықтан бұл тақтамен әр сабақты қызықты өткізуді ойластырып, жоспарлаймыз.

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз-өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік беру. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс тандай білуі қажет.

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнін оқытуда ақпараттық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері өте мол. Қазақ әдебиеті сабақтарында ақпараттық технология оқушылардың шығармашылығын талап ететін жоба жұмысында қолданысын табады. Бұл жұмыс түрін жүргізгенде оқушылар техникалық құралдарды қолдану арқылы жоба дайындайды. Мәселен, сабақта ақын-жазушының шығармашылығымен танысу үшін арнайы топ құрылып, тақырып бойынша терең мағлұмат жинап, онымен бүкіл сыныпты таныстыру мақсатында балалар мұражай қызметшілеріне, белгілі әдебиетші, тарихшыларға барып сұхбат алып, тақырыпқа байланысты материалдарды суретке түсіріп, жалпы толық бейнематериал жинақтайды. Осындай жұмыс түрлерін өткізу арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың пәнге деген қызығушылығын оятуға болады.

Жаңа ақпараттық технологияның басты тиімділігі – бұл мұғалімге қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарындағы оқу үдерісін түбегейлі өзгертуге, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасауы. Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдерден шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. Сондықтан, ХХІ ғасырдың информатика ғасыры, яғни, ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа

заман талабына сай білім беріп, жан-жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді.

Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педагогикалық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептейміз.

Алдымыздағы межеленіп отырған 12 жылдық білім беру жоспарының ішіндегі бастауыш мектептегі оқыту жүйесі де басты назарда. Келешекте біздің қоғамымызда жеке тұлға қалыптастырудың негізгі міндеттерін бастауыш мектеп шешуі тиіс.

Бастауыш мектеп – баланы оқуға үйрету мен тәрбиелеу оның тұлға ретінде өзін-өзі ашуға, жалпы дамуының қалыптасуына жағдай жасайтын негізгі саты. Қазіргі таңдағы мұғалім оқушы үшін «дайын» білім көзі болмай, керісінше, кіші мектеп оқушыларының танымдық іс-әрекетінің ұйымдастырушысы және үйлестірушісі бола білуі қажет. Қазіргі кезде ҚР-да 12 жылдық орудың 1-2 сынып оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері сынақтан өтуде. Кіші мектеп жасындағы оқушының негізгі ерекшелігі – білімді қызығушылықпен алуы. Бүгінгі таңда өмірде болып жатқан өзгерістерге байланысты қоғамның шығармашылық әрекет пен шығармашыл тұлғаға мұқтаж екендігі дәлелденуде. Ана тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуы, ұлттық мектептердің кеңінен ашыла түсуі – пән мұғалімдеріне күрделі міндетті жүктеп отыр. Бұрынғы догмалық әдістерден арылып, тиімді әдістемелік жолдарды қажетіне қарай пайдаланып отыру тәжірибеге айналып келеді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл үдеріс білім парадигмасының

өзгеруімен қатар жүреді. Білім берудегі ескі мазмұнның орынына жаңасы келуде. Заман ағысына сай технологияларды қолдану ауқымы, түрлері өзгеріп отырады. Бірақ, ең бастысы, технологияларды тиімді, жүйелі қолдану керек. Республикада оқыту мазмұны жаңартылып, жаңа буын оқулықтарының негізінде жасалған бағдарламалар бастауыш мектептің жаңа жүйеге көшуін, әрбір мұғалімнен жаңаша жұмыс істеуін, батыл шығармашылық ізденісін, оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттыруды талап етеді. Сондықтан, мұғалім өз білімін жан-жақты жетілдіре отырып, оқушыны қызықтырып оқыту керек екенін айтқан. Ұлы неміс педагогы А.А.Дистервег: «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді»,– деген. Республикамыздың білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – қазақ мектебі түлегінің деңгейін халықаралық дәрежеге жуықтату. Ол үшін мектепке заман талабына сай мемлекеттік білім стандартын енгізу, соған сәйкес кәсіби шеберлігін дамыған кадрларымен қамтамасыз ету, өркениетті ғылыми-әдістемелік бағытқа ынталандыру, жаңа базистік оқу жоспары мен жаңа буын оқулықтарына көшу, орта білімді ақпараттандыру, т.с.с. білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды істер.

Бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Солардың бірі – білім беру технологиясы. Бұл баланың жеке қасиетін аша отырып, азамат етіп тәрбиелеумен қатар баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату, танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, білімін кеңейтуге жағдай жасайды.

Соңғы жылдары «Сын тұрғысынан ойлау» стратегиясы кеңінен қолданылып жүр. Бұл технологияның тиімділігі әр шәкірттің жеке ерекшелігі ескеріліп, шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік туғызады. «Сын тұрғысынан

ойлау» стратегиясындағы әдістер:

- Қызығушылықты ояту.

Оқушылар сұрақ қоюды үйренеді, өзінің бұрынғы білім деңгейін біле алады.

- Мағынаны ажырата білу.

Оқушылар мазмұнды зерттеп оқиды. Мазмұнын түсінгендерін қолданады.

- Ой-толғаныс.

Оқушы сабақтың мағынасын (үйренгенін) қолданады. Олар жаңадан алған білімдерін басшылыққа алып, қолдана отырып, жауапсыз қалған сұрақтарға жауап іздейді және ең бастысы, түсінбеген тұстарының шешімін табады.

Осы кезеңдердің ұтымды өткізілуі мынадай нәтиже береді:

- 1) Оқушылар басқалармен қарым-қатынас жасай біледі;
- 2) Басқаларды тыңдауды кез келген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарауға үйретеді;
- 3) Өз ойын топ алдында ашық айта алуға, қорғай білуге баулиды;
- 4) Керек кезде өз көзқарасын үйретуді, дамуын қамтамасыз етеді;
- 5) Оқушының оқу мотивациясы өзгереді. Өз бетінше ізденуге күш салады;
- 6) Ең бастысы, сабаққа қызығушылығы артып, балалардың белсенділігі жоғары болады.

Мысалы, өзімнің бір сабақ жоспарымды сіздерге үлгі ретінде ұсынамын.

Қазақ тілі . 4- сынып.

Сабақтың тақырыбы: Септіктерді қайталау.

Сабақтың мақсаты: септіктер туралы алған білімдерін жинақтау, тұрақтандыру. **Міндеттері:** білімділік – сауатты жазу дағдысын жетілдіру; **дамытушылық** – тілдік қорларын байыту, шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** –

оқушыларды ұқыптылыққа, ізденімпаздыққа баули отырып жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Әдісі: сұрақ-жауап, топтық жұмыс, талдау, Венн диаграммасы. **Көрнекілігі:** жетондар, әріптер, шифрограмма, тірек-сызба, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі: Олеңмен ашу.

Қазақ тілім-өз тілім, ана тілім,

Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.

Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені,

Болашағым, бақытым, дара тілім.

- Міне, балалар, кемеңгер, ғұлама ақындарымыздың тілі – туған тіліміз, қазақ тілі сабағы.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

1. Жетонмен таныстыру.

- Балалар, бүгінгі сабағымыздағы біліміміздің нәтижесін мына жетондар саны арқылы анықтаймыз. Мен қолымдағы жетондарды дұрыс жауап беріп отырған баланың алдына қоя беремін. Сабақ соңында жетон саналады. Көп жетонды бала жақсы бағаға ие болады.

2. Үй тапсырмасын тексеру.

Мәтіндегі көмектес септігінде туған сөздерді тапқызу, мәтінге ат қойғызу.

III. Жаңа сабақ.

1. Шифрограмма шешкізу арқылы бүгінгі сабақтың мақсаты хабарланды.

Шарты: - Мына жақша ішіндегі амалды орындаймыз. Сонда шыққан нәтиже сан сөзінің керекті әріпін, төмендегі сан арқылы анықтаймыз.

Шифрограмма

С е п т і к т е р

5*6 +50	120:4 +20	180:2 -20	600:10 -30	200:5 +30	400: 200	100: 10-9	42:7 +2	25:5 *8
1-әріпі	1-әріпі	4-әріпі	2-әріпі	5-әріпі	2-әріпі	1-әріпі	2-әріпі	3-әріпі

- Қандай сөз шықты? (септіктер)

- Бүгінгі сабағымызда кешегі өткен көмектес септік және барлық септіктер туралы білімдерімізді жинақтаймыз, тиянақтаймыз.

2. Тірек-сызбамен жұмыс.

- Мына тірек-сызбадан септіктеріміз туралы не білетіндерімізді көре аламыз.

(Тақтада сызбаны көрсету)

Септіктер

**Атау Ілік Барыс Табыс Жатыс Шығыс Көмектес
Кім? Кімнің? Кімге? Кімді? Кімде? Кімнен? Кіммен?
Не? Ненің? Неге? Нені? Неде? Неден? Немен?**

3. Сыныпты топқа бөлу.

А - әріпі берілген балалар А тобы; Ә - әріпі берілген балалар Ә тобы; Б - әріпі берілген балалар Б тобы болып бөлінеді.

4. Дәптермен жұмыс.

Көркем жазу - Жеті ата, қазына, шелпек, күн, септік.

5. Оқулықпен жұмыс.

- Балалар, бүгінгі жүргізілетін жұмыстарымыз осы 7 санына байланысты жүргізілді.

А) «Жеті ата» тапсырмасы.

- Жеті атаны кім атайды? (ата, бергі ата, арғы ата, баба, ұлы ата, түп ата, тек ата (ататек)).

«Жеті ата» тапсырмасы (Топпен жұмыс ретінде ұйымдастырылады).

Б) «Жеті қазына» тапсырмасы.

«Жеті қазына» қалай аталады?

Өлең тақырыбы туралы не айта аламыз?

А тобы өлеңмен танысып, қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талдайды.

Ә тобы «Қобыз» сөзін септеп, сөйлем құрап жазады.

Б тобы «Әнші»сөзін септеп, сөйлем құрап жазады.

В) Шығармашылық тапсырма.

Жеті септікке байланысты ертегі құрастыру.

Г) «Жеті нота» тапсырмасы орындалады.


Ж) Сергіту сәті. «Жеті күн» тапсырмасы.

– Балалар, «Дода» ойынын ойнап,сергіп алайық.

IV. Сабақты қорытындылау.

– Балалар, мына Венн диаграммасын толтыра отырып, бүгінгі сабағымызды қорытындылаймыз.

ВЕНН ДИАГРАММАСЫ



V. Бағалау. Жетондарды санап бағалау.

VI. Үйге тапсырма.

Септіктерді қайталау.

БАРЛЫҚ БӘЛЕ СОДАН БАСТАЛАДЫ

Бүгінде жас ұрпақтың бойына қазақстандық патриотизмді сіңіреміз деп шапқылап жүрміз. Әй, бірақ, соның жүзеге асуы өте қиын секілді. Өйткені өзімізде намыс оты өшіп тұр.

Мұны бір ғана мысалмен дәлелдеуге болады. Жұрналдың осы нөмірінде Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласындағы №9 орта мектептің мұғалімі Жібек Дюсюпованың мақаласы жарияланып жатыр. Аты-жөні неге осылай жазылған деп сұрағанымызда «Автордың өзі хабарласып, паспортта осылай жазып еді, тура осылай жіберуіңізді өтінемін деді» деп ақталды жауапты редактор Гүлзия Қадырқұлова.

Сонда бұл қалай болғаны? Өз намысын өз аяғымен таптаған мұғалімнен, қарамағындағыларды әбден басынған мектеп басшыларынан қандай жақсылық күтуге болады?

Жібектің атасы немесе әкесінің есімі – Жүсіп. Осы бір әдемі атауды әбден қорлап, оларға аты-жөнін осылай мазақ етуге кім құқық берді? Өз намысын қорғай алмаған мұғалім шәкірттеріне патриоттық тәлім-тәрбие беріп жарытпайды. Соған солай жол беріп отырған мектеп басшыларын тілдің киесі ұрады, аруақ атады.

«Өзің білме, білгеннің тілін алма» деген – ең ауыр сөз. Жібек те, мектеп басшылары да Елбасының «Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты

мәселелерді шешу тәртібі туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2 ақпан 1996 жылғы Жарлығын («Қазақ үні», №18-19 (580), 20-бет, 21 мамыр 2013 ж.) оқымағаны ма? Онда былай жазылған: **«1. Ұлты қазақ азаматтар өздерінің тегі мен әкесінің атының жазылуын қазақ тіліне тән емес алфавитті алып тастай отырып, өзгертуге хақылы, алайда тегі мен әкесінің атының түбірлік негізі сақталуға тиіс. Бұл ретте әкесінің атын жазған кезде азаматтың жынысына қарай «ұлы» немесе «қызы» сөздері қосылып бірге жазылады».**

Демек, «Дюсюпов» Жібектің атасы болса, онда ол «Жібек ЖҮСІП» болып жазылады, егер ол әкесі болса, онда Жібек ЖҮСІПҚЫЗЫ атанады. Осыған бола арнамысты таптауға бола ма? Әрине, жоқ. Бұған жол бергендердің сана-сезімі төмен екенін көрсетеді.

Содан кейін осы Жарлықтың 3-ші бабында: «Азаматтың тегі мен әкесінің атының жазылуын өзгертуі ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СУБЪЕКТІЛІГІН ҚОЗҒАМАЙДЫ, яғни, тегі мен әкесінің атының бұрынғы жазылуында алған құқықтары мен міндеттерін доғаруға немесе өзгертуге НЕГІЗ БОЛА АЛМАЙДЫ» деп жазылғанын бәріне ерекше ескертеміз.

Сондықтан журнал оқырмандары – мұғалімдерге айтар өтініш мынау: мына жарық дүниеде Өзіңді өмірге әкелген әкеңізге тіл тигізбей, бірден ЖҮСІПҚЫЗЫ немесе ЖҮСІПҰЛЫ деп және егер атаңыздың есімін алғыңыз келсе, онда ЖІБЕК ЖҮСІП немесе СЕРІК ЖҮСІП деп өзгертіңіз. Ал мектеп басшыларына Президенттің жоғарыда біз сөз еткен Жарлығының тиісті Баптарын оқытыңыз. Сонда ғана құда да тыныш, құдағи да тыныш болады. Ұятқа қалмайсыз.

3. Шілдебайұлы.



БАЯНСҰЛУ ӨТЕЖАНҚЫЗЫ,
Атырау қалалық
№15 Абай атындағы
орта мектептің директоры.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР – ҒАСЫРЛАР ШЕЖІРЕСІ

Халық даналығы үлкен ойды аядай қалыпқа сыйғызып, асқан шеберлік танытқан. «Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын» дегендей, мақал-мәтелдердің өне бойынан поэзияға тән жинақылық, үнділік, саздылық, ұйқас, ырғақты кездестіреміз. Онда халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл-өнегесі мол көрініс тапқан. «Мақал-мәтелдер ой дәлділігімен, тереңділігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан алуан құбылысына баға беріліп, үлкен түйін жасалады, халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі қорытындыланады».

Мақал-мәтелдерде бәрі екшелген, сұрыпталған, жымдаса біріккен, ой өрнегі ажыраспас туыстық тапқан. Мысалы, «Ер дәулеті – еңбек». Мұндағы негізгі ой – еңбектің құдіретін, бүкіл игіліктің көзі екендігін білдіру. Ойдың қазығы еңбек туралы болған соң, мақалда «е» дыбысы ерекше естіледі. Мақалға саздылық, үнділік беріп тұрған да осы дыбыс екендігі көрініп тұр. Дәулет сөзінің мақал бітіміне кіруі де соған байланысты. Оның орынына ырыс, байлық, молшылық сөздерін ала алмаймыз. Онда мақал поэтикалық қасиетінен айырылады. Жалпы, мақал-мәтел формасы ауызекі сөйлеу тілінде де, жазба әдебиетінде де жиі ұшырасып, бір бүтін тіл организмін байытып, әрлендіріп, нәрлендіріп тұратыны сөзсіз.

Ішкі құрылысы жағынан алғанда мақалдар екі түрлі: біріншісі – айтайын деген ойын ашық етіп, бірден турасынан білдіреді. Мысалы: «Жауды аяған жаралы қалады», «Бірлігі жоқтың тірлігі жоқ».

Екіншісі – негізгі ойды астарлап айтатын, ишаратпен білдіретін мақалдар. Қазақ мақалдарының көпшілігі осы соңғы түрге енеді. Мұның мысалдары етіп «Жығылсаң нардан жығыл», «Сырын білмес аттың сыртынан жүрме» деген мақалдарды алайық. Сырт қарағанда бұл мақалдардың айтатын ойы айқын, әрқайсысы өз орынында тұрған секілді. Бірақ солардың түпкі мағынасында басқа ой-тұжырым жатады. «Жығылсаң нардан жығыл» дегенде, нардан жығылып құлауды айтып тұрған жоқ, нардай үлкен іске ұмтыл, мақсатыңа жете алмасаң, ол айып емес деген ойды білдіреді. «Сырын білмес аттың сыртынан жүрме» деуде тура мағына болумен қатар, астарлап айтылған жанама мағына да бар. Ол сырлас болмаған, сырын білмеген адамға бірден сырын аша салудың қолайсыз жағдайға душар ететіндігін аңғартады.

Мақалдарға тән ерекшеліктердің бірі – оның құрылысында. Мақалдар, көбінесе, бір сөйлемнен құрылады. «Кеңесті ел – кемімес», «Ақыл жастан, асыл тастан шығады», т.б. Осындай бір сөйлем арқылы-ақ мағынасы терең мазмұнды тұжырымды жеткізе айтады. Мақалдардың құрылысында дыбыс үндестігі, бір дыбысты, не бір сөзді қайталаушылық, сөз ұйқасымы айырықша орын алады. Мақалдарды бұлай етіп құру, оның мазмұнын тереңдете түсумен қатар, айтылатын негізгі ойды көркемдеп жеткізуге себепкер болады, соған аударады. Мысалы: «Ақымақтың ақылы – білегінде, ақылдың ақылы – жүрегінде», «Ақылың болса – ақылға ер, ақылың болмаса – нақылға ер», «Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос» деген мақалдарда қайталаушылықтың, дыбыс үндестігінің

үлгілерін көреміз.

Мақалдардың мазмұндық құрылысына, көбінесе, «тема мен реманы» айтуға болады. «Тема» дегеніміз, бұл – мақалдың не туралы екендігінде. Әдетте, тема сөйлемде бірінші тұрады және ол сөйлемде бастауыш болып тұрады. «Ал, «рема» туралы айтар болсақ, сөйлемнің коммуникативтік құрылысында, көбінесе, «рема» болады. Яғни, «рема» сөйлеп отырған адамның нені айтқандығын көрсетеді және ойдың ең негізгі бөлігін құрайды». Тыңдаушыға белгісіз, сөйлеушіге белгілі сөз «рема» болады. Мақалдарда «рема» сөйлемнің басында не ортасында келсе, оған екпін түседі. Мысалы: «Ақылды ісіне сенеді» деген мақалды алсақ, мұнда «ісіне сенеді» сөзі «рема» болып тұр, «ақылды» сөзі сөйлемнің «темасы» болады.

Мақалдар сөйлем ретінде қарағанда синтаксистік мағынасын көрсетеді. Синтаксистік мағына сөйлемнің құрамына енген сөздердің функциялық қатынасынан құрылады. Мысалы, субъекті мен іс-әрекеттің қарым-қатынасын бастауыш-баяндауыш мүшелер қатынасқан сөйлем білдіреді. Ал, егер субъекті – іс-әрекет-іс құралы болып құралған пікірді білдіру үшін сөйлем бастауыш-толықтауыш-баяндауыш болып құралар еді.

Сонымен, пікірдің құрамына сай сөйлемдердің де құрылысында тиісті синтаксистік бірліктер болады. Ол – сөйлем мүшелері. Сөйлем мүшелері сөйлем құрауда қалыптасқан қатынастың компоненті. Сөйлем мүшесі ретінде ойға құрылған, толық мағыналы сөздер жұмсалады. Мысалы, «Тәтті тіл таяқтан да өткір». «Өтірік сөз ырыстан қағады». «Сөйлей білген адамның әр сөзінде – бір тұзақ». Бұл мақалдарды қарап отырсақ, әр түрлі толық мағыналы ой бар. Осы ойларды білдіріп тұрған – бүкіл сөйлемнің бойында өзара байланысқа түскен мүшелер. Сонда ойды толық білдіріп тұрған сөйлемдеріміз тек өзінің мүшелері арқылы

ғана басқаларға түсінік беріп тұр. Сөйлем мүшелерінің ішінде бастауыш пен баяндауыш сөйлем құруға негіз болады. Бастауыш атау септігінде тұрып, оқиғаның иесін білдірсе, баяндауыш бастауыштың ісін, жай-күйін, іс-қимылын білдіреді. Мысалдар:

«Санаулы сөз салмақты». «Анасының тілін алмаған азапқа қалады». «Өткір тіл – дарын, Қиын тіл – жауын». «Келісті сөз – күміс, Жемісті жұмыс – алтын». «Ретсіз сөз ренішке қалдырар». «Тапқыр сөз топас құлақта ұйықтайды». «Адал сөз – әшекей емес, ақиқат». «Икемді тіл – инеден өткір».

Бұл мақалдардың беретін мағыналары әр түрлі. Бұлардың ішінде «Азапқа қалады, ұйықтайды, қалдырар» баяндауыштары қимылдық мағынада қолданылса, «Салмақты, ақылды, өткір» баяндауыштары сындық мағынада қолданылып тұр. Ал «дарын, жауын, алтын, күміс, ақиқат» баяндауыштары заттық мағынада қолданылып тұр.

Мақал-мәтелдер сөйлемінің семантикалық құрылымына тоқталып көрейік. Мысалы, «Сөз білмеген жұдырықпен сөйлеседі». Бұл мақалда сөз білмеген-агенс, жұдырықпен-құрал, сөйлеседі-предикат. «Қонақты сөзбен тойғыза алмайсың». Қонақты-объект, сөзбен-материал.

Тілімізде синонимдес, антонимдес, тақырыптас мақалдар көп кездеседі. Мысалы:

«Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі». «Еппен сөйлегеннің еріні ауырмайды». Бұл мақалдарды алып қарасақ, бұлар бір-біріне синонимдес болып тұр. Өйткені бұл мақалдар бір-біріне мағыналары жағынан ұқсас әрі бірін-бірі құптап, толықтырып тұр. Егер мақалдарда екі мақалдың мағынасы бір-біріне сыйымды болып, бірін-бірі құптап, толықтырып тұрса, мұндай мақалдарды синонимдес мақалдар деп атаймыз. Тілімізде синонимдес мақалдар көптеп кездеседі. Мысалы: «Ақылсызды алысым деме,

Ақылдыны жақыным деме». «Ақылдының алдымен жүр, Ақылсыздың артымен жүр». «Қатты-қатты сөйлесең, кәпір діннен шығады, Тәтті-тәтті сөйлесең, жылан іннен шығады». Бірінші сыңарда қатты айтылған сөздің жаныңа ауырлығын, аздыратынын айтса, ал екінші сыңарда, керісінше, көңілге жағымды айтылған сөздің жыланды да икемге келтіретінін көрсетеді. Бұл мақалдың мағыналары бір-біріне қарама-қарсы болып тұр. Бұндай мақалдарды антонимдес мақалдар дер едік.

«Ақыл – алтын сандық, адамына қарай ашылар». «Ақыл жасқа қарамайды, басқа қарайды». Бұл екі мақалдың да тақырыбы ақыл туралы, яғни, мақалдардың тақырыптары сәйкес келіп, бірдей мағынада қолданылып тұрса, бұларды тақырыптас мақалдар дейміз. Тілімізде мұндай мақалдар көптеп кездеседі. Осылайша, мақал-мәтелдер сан ғасырлық қолданыстың нәтижесінде қалыптасқан. Сондықтан олар тілдің қазіргі құрылымынан хабар, мәлімет беруі, оған мысал бола алуы жеткілікті дәрежеде емес. Оны айқындау үшін қазіргі әдебиеттен сәйкес мысалдармен салыстырылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. А., «Ана тілі», 1995.
2. М.Ғабдуллин. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. А., «Ғылым», 1972.
3. Ж.Кейкин. Қазақтың 777 мақалы мен мәтелі. А., «Өлке», 2002.
4. Қазақ мақал-мәтелдері. А., «Жазушы», 1984.
5. Қазақ тілі. Энциклопедия. А., «ІДК-ТИПО», 1998.
6. Т.Қордабаев. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер. А., «Мектеп», 1961.

Роза БАЛҒАБАЕВА,
Ботагөз ОМАРОВА,
Павлодар облысының
Екібастұз қаласындағы
№10 мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімдері.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ ЖҮЙЕСІ

(Жалғасы. Басы – №5-санда)

Мұражай тақырыбына арналған мәтіндер:

Екібастұз тарихи - өлкетану мұражайы

Екібастұз тарихи-өлкетану мұражайы 1987 жылы облыстық Г.Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану мұражайының Екібастұз қаласындағы тарихи-өлкетану бөлімшесі ретінде құрылды.

1996 жылы мұражайға жеке жай бөлінді, бұл бұрынғы №7 балалар бақшасының ғимараты болатын, ал оның салтанатты ашылуы Екібастұз қаласының 40 жылдығына орай 1997 жылдың 12 маусымында болды.

Мұражайда 10 экспозиция залы жұмыс істейді, онда өңіріміздің тас ғасыры заманынан қазіргі заман тарихын қамтитын 200-ден артық экспозиция қойылған. Бұлар:

«Ә.Марғұлан атындағы археология мен этнография», «Қосым Пішенбаев – алғашқы Екібастұз тас көмір кен орынын ашушы», «Революцияға дейінгі Екібастұз», «Павлодардағы Ертіс өңірінің жануарлар мен өсімдіктер дүниесі», «Ұлы Отан соғысы және Ауғанстандағы соғыс», «1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандары», «Қазіргі заманғы Екібастұз», «Қазіргі заманғы Екібастұздың қоғамдық-мәдени өмірі» залдары.

Сөздік:

тарихи-өлкетану мұражайы – историко-краеведческий музей.

Қ.И.Сәтбаевтың мемориалды мұражайы

Баянауыл ауданындағы Қ.И. Сәтбаевтың мемориалды мұражайы 1967 жылы ашылды.

Ғұлама ғалым, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының негізін қалаушы әрі оның тұңғыш Президенті, Қ.И.Сәтбаевтың мемориалды мұражайы Баянауыл аудандық мәдениет үйінен арнайы бұрыш бөлініп, 1964 жылы қыркүйек айында қоғамдық негізде жұмыс істей бастады. Мұражайдың ашылуына 1964 жылдың жазында Баянауылда еңбек семестрін өткізген сол кездегі Алматы политехникалық институтының студенттерінен құрылған құрылыс отряды мүшелерінің ынта білдірулері себеп болды. Бірте-бірте мұражай жәдігерлерінің молая түскендігі, жастарды рухани тәрбиелеуде тигізер маңызының артуы ескеріліп, 1967 жылы Қаныш Имантайұлының мұражайы ресми түрде ашылып, қызмет көрсете бастады. Ол 522 шаршы метр жерді алып жатыр. 1989 жылы академик Қ.И.Сәтбаевтың туғанына 90 жыл толуына орай әкімшілік ғимарат, қор бөлмесі мен 60 орыннан тұратын кинозал салынды.

Осы жылы мұражайдың алдына Қ.И.Сәтбаевтың ескерткіші орнатылған. Мұражай қорында 3090-нан аса

жәдігерлер бар, оның 1363-і тікелей сөрелерде тұр. Шағын кітапханасы, қор сақтайтын арнайы орын да бар.

Ғалымның туған күні қарсаңында мектеп, лицей оқушылары арасында Сәтбаев оқулары өткізіледі.

Оның құрылымына Мәшһүр Жүсіп Көпеев (меңгерушісі Қ.Пазылов) пен Сұлтанмахмұт Торайғыров (меңгерушісі Н.Р.Серікбаева) мемориалдық мұражайлары кіреді. Екі мұражайдың типті ғимараттары 1993 жылы салынған. 2002 жылы туған өлке тарихы мен атақты жерлестерге арналған мұражай базасында 30 этнографиялық мемориалды бөлімдер ашылды. 2005 жылдан академик Қ.И.Сәтбаев мемориалдық мұражайы облыстық бюджеттен қаржыландыру жолына көшті.

Павлодар облыстық көркемсурет мұражайы

Павлодар облыстық көркемсурет мұражайы 1964 жылы құрылды. Бұл Қазақстанда құрылған екінші көркемсурет мұражайы еді. Бұған дейін тек Алматыдағы Т.Г.Шевченко атындағы Қазақ мемлекеттік көркемсурет галереясы ғана болды. 1965 жылдың 18 желтоқсанында мұражай келем деушілерге өз есігін айқара ашты. Мұражайдың 40 жылғы жұмысында кескіндеме, графика, мүсін, сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарының қайталанбас жинағы қалыптасты. Мұражай қорында 5500-ден астам экспонаттар бар. Жинақтаманың ең маңызды бөлігі – қайнар көзінен бастап Республиканың кәсіби өнерінің қалыптасу, даму үрдістерін түпкілікті бейнелейтін Қазақстан суретшілерінің еңбектері (XX ғасырдың басында салынған Н.Г.Хлудовтың пейзаждары, оның шәкірттері А.Бортниковтың, Н.Соловьевтың, Қазақстанның тұңғыш халық суретшісі Ә.Қастеевтің шығармашылығы). Сонымен қатар, мұражай жинағында 1930-40-шы жылдары Қазақстанда жұмыс істеген көрнекті шеберлердің шығармалары өз

орынын тапқан (А.Черкасский, В.Эйферт, Л.Леонтьев, П.Зальцман, С.Калмыков және т.б.). 1960-70-ші жылдар – Қазақстанда мықты ұлттық мектептің қалыптасқан уақыты. Осы кезде А.Ғалымбаеваның, Қ.Телжановтың, А.Степановтың, С.Айтбаевтың, Г.Исмаилованың, Е.Сидоркиннің, Ж.Шарденовтың және т.б. авторлардың картиналары жазылды. 1980-90-шы жылдарда белсенді жұмыс істеген суретшілердің шығармалары қызықты (Е. Төлепбаев, К.Моллашев, А.Карпыков, Р.Хальфин және т.б.Музей коллекциясында Павлодардың алдыңғы қатарлы кәсіби суретшілері – Қ.Баймулдиннің, М.Колмогоровтың, Ғ.Қаржасовтың, П.Лысенконың, В.Мартынцевтың, А.Бибиннің, А.Гулиннің, Ө.Шурановтың, Ә.Игембаевтың және тағы басқаларының жұмыстары жинақталған. Павлодарда 1919 жылдан 1929 жылға дейін тұрған белгілі орыс суретшісі В.П.Батурииннің (1863-1938) картиналары жинақтаманың мақтанышы болып табылады. 1990- 2000-шы жылдардың басында Қазақстанның көркем өмірінің қазіргі үрдістерін бейнелей отырып, Павлодар облыстық көркемсурет мұражайы коллекциясын кеңейтіп, өз дамуын жалғастырып келеді. Жыл сайын мұражай 15-тен астам экспозиция ұсынады. Бұл – мұражай қорларынан алынған дәстүрлі тақырыптық іріктемелері, павлодарлық суретшілердің есептік және жеке көрмелері, фотокөрмелер, «М*АРТ» жастар жобасының көрмелері, балалар суреттерінің көрмесі, алдыңғы қатарлы мұражайлардың жинақтарынан алынған көшпелі көрмелер. Музейде өткізілетін суретшілермен кездесулер, шеберлік-сыныптары, экскурсиялар, көркем-әдеби және музыкалық кештер, тұсаукесерлер (презентациялар), бейнелеу өнері тарихы бойынша бейнефильм көрсетілімдері ерекше қызығушылық тудырады.

Сөздік:

облыстық көркемсурет мұражайы – областной художественный музей;

кәсіби өнердің қалыптасуы – становление профессионального искусства;

коллекциясын кеңейтіп – расширяет коллекции.

Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер мұражайы

Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер мұражайының құрылғанына – 20 жыл (1992).

1990 жылы өлкетану мұражайының әдебиет бөлімі базасында негізі 1 ақпанда қаланған. 1992 жылы 22 наурызда салтанатты түрде ашылып, қазақ ақын жырауы Бұқар Қалқаманұлының (16931787) есімі берілді. XIX ғ. аяғындағы ағаштан салынған сәулет және тарихи ескерткіш болып саналтын ғимаратта орналасқан.

Мұражай қорына көптеген бағалы жәдігерлер жинақталған. Белгілі жерлес ақын-жазушылардың және өнер адамдарының жеке заттары, жәдігерлері, қолжазбалары, өздері жасаған заттар – мұражайдың баға жетпес құнды қазыналары. Мұражайдың орналасқан үйі ескі сәулет бойынша 1897 жылы салынған, айшықты оюлармен көмкерілген, мейлінше көрікті ағаш үй. Оның іші – шамамен бес жүз шаршы метрдей. Осыдан 267 шаршы метрі экспозицияға пайдаланылуда. Мұражай қызметкерлерінің ыждаһатты зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қошке Кемеңгеров, Қадыр Тайшықов, Мұхтар Саматов, Жүсіпбек Аймауытұлы сияқты қуғын-сүргінге ұшыраған ақын-жазушылардың өмірлерінен соңғы деректер, бағалы құжаттар табылды.

Қазіргі кезде музейде 47 мыңнан астам жәдігерлер бар. Оның ішінде 13 071 жуығы түпнұсқа болып есептеледі.

Сөздік:

сәулет өнері – архитектура;

*ғимаратта орналасқан – расположено в здании;
қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілі – видный деятель
казахской литературы.*

Қ.И.Сәтбаев мұражайы

Ғұлама ғалым, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының ұйымдастырушысы әрі тұңғыш Президенті, Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтарының лауреаты, КСРО және Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі Қ.И.Сәтбаевтың мемориалды мұражайы ашылғанына 40 жылдан асты. Мұражай директоры Сағымбекова Үміт Сапарбекқызы осы қызметте 2010 жылдан істейді.

Басында аудандық Мәдениет үйінен арнайы бұрыш бөлініп, 1964 жылы қыркүйек айында қоғамдық негізде жұмыс істей бастады.

Мұражайдың ашылуына 1964 жылдың жазында Баянауылда еңбек семестрін өткізген сол кездегі Алматы политехникалық институтының студенттерінен құрылған Ғ.Шалахметов бастаған құрылыс отряды мүшелерінің ынта білдірулері себеп болып, аудан басшыларынан қолдау тапты.

Жастарды рухани тәрбиелеуде тигізер маңызының артуы ескеріліп, 1967 жылы Қаныш Имантайұлының мұражайы ресми түрде ашылып, қызмет көрсете бастады. Қазіргі кезде мұражай типтік ғимаратта орналасқан. Ол 522 шаршы метр жерді алып жатыр. Мұражай қорында 3000 жәдігер бар, оның 1484-і тікелей сөрелерде тұр. Шағын кітапханасы бар. Онда туған өлкеміз, қала берді облыс тарихы жөнінде кең мағлұмат беретін әдебиеттер, газет-жұрналдардан алынған деректер мұқият сақтаулы. Сонымен қатар Баянауыл жерінде дүниеге келген әйгілі жерлестеріміз: ғалымдар, жазушылар, ақындар және өнер адамдары жөнінде деректер де арнаулы папкаларда

жиналған. Бәрін де осы қордан көріп, тануға болады. Өзінің жұмыс істеп тұрған кезеңі ішінде сирек кездесетін, құнды жәдігерлермен толықтырыла келе, мемлекеттік мекеме деген статусқа ие болды.

Мұражайда 6 зал бар. Оларда ғалымның жастық шағынан, есею жылдарынан, толысқан шағынан сыр шертетін, ғалымның өмір жолымен, яғни, ауыл мектебінде дәріс алуынан бастап, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясы Президенті лауазымына тағайындалғанға дейінгі өмір баспалдағымен таныстыратын түрлі құжаттар, фотосуреттер, деректер және Қаныш Имантайұлының тұтынған жеке заттары қойылған.

Мұражайдың экспозициялық және конференциялық залдарында түрлі мәдени-көпшілік шаралар жиі өткізіледі. Атап айтқанда, әр тақырыпта әңгіме, лекциялар, әйгілі адамдармен кездесулер өткізіледі. Деректі фильм көпшіліктің назарына ұсынылады.

Бүгінгі таңда академик Қ.И.Сәтбаевтың мемориалдық мұражайы рухани мұра орталығы болумен қатар жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге, өзінің туған өлкесіне деген сүйіспеншілігін арттыруға, Отанымыздың лайықты азаматы болып қалыптасуына мүмкіндігінше елеулі үлес қосуда.

Сабактың тақырыбы: **М. Жүсіп кесенесі.**

Сабактың мақсаты: тақырып бойынша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. **Міндеттері:** **білімділік** – М.Жүсіп кесенесімен таныстыра отырып, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру, білімдерін толықтыру; **дамытушылық** – ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту. Ой-өрісін кеңейту; **тәрбиелік** – туған жерге деген сүйіспеншілік сезімін арттыру, мемлекетіміздің мұраларын қадірлеуге баулу. **Көрнекілік:** суреттер, интерактивті тақта, слайдтар. **Типі:** жаңа білімді

менгерту. **Түрі:** ұжымдық түрде бірлесіп білім алу. **Әдісі:** көрнекілік, сұрақ-жауап, іздендіру, дәлелдеу, әңгімелеу. **Пәнаралық байланыс:** тарих, география.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру.

Ойшақыру. Сұрақтарға жауап беріңіз. М.Жүсіп туралы не білесіңдер? М.Жүсіп кесенесінде болдыңдар ма? М.Жүсіп мешітінде болдыңдар ма?

I. Жаңа тақырыпқа шығу. Қызығушылығын ояту.

Интерактивті тақтада шторка құралымен сурет көрсетіледі. Оқушылар көрсеткен сурет туралы пікір алысады.

Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын ашу.

Бағалау парақтарын тарату.

Негізгі кезең: Тыңдалым: мәтін тыңдау.

Мәшһүр Жүсіп кесенесі.

Қара суық пен Жаңажол елді мекендерінің арасында Ескелді төбесі бар. Осы жерде өз өмірінің соңғы үш жылын қазақтың ұлы баласы, ақын, ағартушы, фольклор жинаушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өткізген. Бұл жердегі дөңде оның кесенесі орналасқан. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жан-жақты, білімі терең адам болған. Ол өртеу зияны мен зардабы, шөп шабу мен сақтау, жылқылардың қандайын өсіру керектігі, қандай жерге егін егу керектігі туралы, жылқыларды емдеу, суды қай жерден іздеу керектігі туралы және т.б. мақалалар жазды. Қоғам қайраткері ретінде ол жәрмеңкелерді ашуға қол жеткізсе, геолог ретінде құдықтарды қай жерде қазу керектігіне кеңес берді.

М.Ж.Көпейұлының есімі елде тек ақын, фольклорист, тарихшы, этнограф, философ ретінде ғана аян емес. Көріпкелдік қасиеті үшін ол көзі тірісінде әулие атанған. Оған әр жерден адамдар ағылып, батасын алуға келген.

Бір адамның бойындағы осыншама керемет қасиеттер мен таланттардың үйлесімі көз тірісінде-ақ Баянауыл жерінің ұлылары қатарына қосты.

1-тапсырма. Кестені толтыру.

№	Берілген сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
1.	Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жан-жақты, білімі терең адам болды.	*	
2.	Қоғам қайраткері ретінде ол жәрменкелерді ашуға қол жеткізсе, геолог ретінде құдықтарды қай жерде қазу керектігіне кеңес береді.	*	
3.	М.Ж.Көпейұлының есімі елде тек ақын, фольклорист, тарихшы, этнограф, философ ретінде ғана аян болды.		*

Тексеру.

1. Оқылым- мәтінмен жұмыс.

1. Мәтіннің мазмұнын ашатын сұрақтар құрастырып, жауап беру.

2. Мәтінге тірек-сызба құрау.

3. Тірек-сызба арқылы мәтіннің мазмұнын айтып беріңдер.

4. Мақал-мәтел сайысы. Топпен жұмыс.

Кесене туралы сөз тіркестерін, сөйлем құрастыру.

Жазылым: дәптермен жұмыс.

5-тапсырма. Мәтіндегі 1, 2 сөйлемдерді теріп жазып, синтаксистік талдау жасаңдар.

III. Рефлексия. Салыстыру әдісі (5 минут).

Жағдаят.

Суретпен жұмыс.

Бағалау. Үй тапсырмасы:

1. Мәтіннің мазмұны.

2. М.Жүсіп кесенесі туралы реферат дайындау.

3. М.Жүсіп туралы мағлұмат жинау.

Қарлығаш ОРАЗБЕКҚЫЗЫ,
Қарағанды қаласындағы
№82 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

АБАЙДЫҢ ОН ЖЕТІНШІ ҚАРАСӨЗІ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: Абай қарасөздері – адамгершілік, ар-ұждан мәселелеріне арналған өсиет, толғау, мағынасы терең даналық ойлар екенін дәлелдеу.

Міндеттері:

1. Абай Құнанбайұлы туралы білім, білік дағдыларын бекіту. Он жетінші қарасөзінің философиялық, тағылымдық мәнін ашуға ықпал ету.

2. Жобалау технологиясын қолдана отырып, оқушының қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы ізденуге үйрету, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге төселуіне жағдай жасау.

3. Қарасөздері арқылы адамгершілікке, мейірімділікке баулу; оқу-білімге шақыру; еңбексүйгіштікке, елін, жұртын қадірлеуге; қайратты, жігерлі болуға бағыттау.

Сабақтың эпиграфы: *«Естігенімді – ұмытпаймын, көргенімді – есте сақтаймын, өз істегенімді – меңгеремін».* Конфуций.

Сабақтың жаңа сөздері:

Мансап – карьера;

Ұят – стыд;

Залал – вред;

Пайда – польза;

Рақым – милосердие;

Намыс – честь;

Қасиетті – священный;

Тәңір – Бог;

Ермек – забава;

Жан, рух – душа, дух человека;

Тілек – желание.

Түрі: практикалық сабақ – конференция, жобалау.

Әдісі: шығармашылық ізденіс, сұрақ-жауап, талдау, тірек-сызба. Сын тұрғысынан ойлауға үйрету, ой қозғау, топтастыру, пікір алмасу. **Көрнекілігі:** Абайдың портреті, кітаптары, газет-журнал материалдары. **Өзектілігі:** оқушыны ойлауға үйрету, өзін-өзі жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылардың көңіл-күйін, сабаққа белсенділігін арттыру үшін бәріміз бір-бірімізге жылы сөздер, тілектер айтамыз.

2. Жұмыс ережесімен танысып, күтілетін нәтижені анықтау.

Сәттілік тілеймін!

Еңбекте жемісті, оқуда озат бол!

Әрқашан алда бол!

Қиындыққа төзе біл! Мақсатыңа жет!


II. Үй тапсырмасын тексеріп, бекіту:

Абай туралы не білемін?

Өмірбаяны.

Шығармашылығы.

Абай – қазіргі таңда (оқушылар өз ойын ортаға салады):



1. Абай туралы не білемін? Өмірбаяны.


Шығармашылығы.

2. Абай – қазіргі таңда.

3. Абай – дана. Слайд (Оқушылар өз ойларын ортаға салады).

III. Мұғалімнің сөзі: «... **Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек**», – деп өсер ұрпақ, келер дәурен, туар тарих қауымына сөзін осылай арнаған қазақ халқының Ұлы ақыны Абай Құнанбайұлына арналған ғылыми жобалау сабағы ақынның 17-қарасөзінің тәрбиелік мазмұнын ашып, өз ойларыңды ортаға салуға мүмкіндік туғызады.

IV. Ойшақыру стратегиясы.



Өз ойларыңды ортаға салыңдар, осы сөздерді естігенде қандай түр-түстер алдарыңа келеді?

V. Топтастыру.

Ақыл – ол ақ түсті елестетеді, себебі ақыл-ой, адамгершілік, адамның миы ақ түсті болып келеді.

Ғылым – жасыл түсті, себебі ғылым шексіз жазыққа ұқсайды.

Жүрек – қызыл түсті, себебі ол – адамның ең маңызды мүшесі, жүрек әрқашан қызыл.

Қайрат – көк түсті, себебі ол жігерлі, мықты, ойлаған мақсатына әрқашан жетеді.

(Оқушылар өздері 3 топқа бөлінеді: ақ, қызыл, көк және ғылым рөліне 1 оқушы жүргізуші болып бөлінеді.)


VI. Жобалардың тақырыптары.

“Ақыл” тобы “17-қарасөзіндегі адамның мінезін ашу”.
(Адам мінезіндегі кемшіліктері мен жағымды жақтары).

“Жүрек” тобы. Адам мінезін өзгертуге бола ма?
(Адамның өз-өзіне есеп беруі, сана-сезімі).

“Қайрат” тобы “17-қарасөздің негізгі идеясын ашу” деген ойды кеңейтіп, толымды етіп, құрмалас сөйлемдер арқылы жеткізу (Интерактивті тақтамен жұмыс).

17-қарасөзіндегі адамның мінезін ашу.



Адамның мінезін өзгертуге бола ма?

17-қарасөзінің негізгі идеясын ашу.

Оқушылардың жұмыстарының үлгі жауаптары төменде беріледі.

Жобалардың жауаптары:

17-қарасөзіндегі адамның мінезін ашу.



Тұжырым: Ақыл, қайрат, жүрек бір кісінде болса, сол «толық адам» болмақ.

Адамның мінезін өзгертуге бола ма?

Адамның мінезі өзгереді, егер:

Өнегелі отбасында тәрбиеленсе;

Жанындағы достары парасатты болса;

Мектепте саналы түрде білім алса;

Әдеби кітаптар оқып, өнеге алса;

«...Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек» - деген Абайдың сөзінің мағынасын түсінсе.

17-қарасөзінің негізгі идеясын ашу.

Негізгі идеясы:

Өнерге шақыру, еңбекке баулу, адами қасиеттерді дамыту;

Адамгершілік, ар-ұждан мәселелеріне тәрбиелейді;

Дерексіз зат есімдерге жан бітіріп, оқушылар өзара бір-бірімен сұхбаттасады.

VII. Ғылымның қорытындысы:

“Ақыл, қайрат, жүрек үшеуінің бастарын қосып, бәрін де жүрекке билетіндер. Қасиетті адам осы болмақ.”

Оқушылар осындай тұжырымға келді.

Бекіту кезеңі		
Нені білемін?	Нені білдім?	Нені білгім келеді?

VIII. Үйге тапсырма: “Абайдың қарасөздерінен кейінгі ой” деген тақырыпқа ойтолғау жазу.

IX. Бағалау.



Ләззат АМАНҚҰЛОВА,
Жамбыл облысының
Тараз қаласындағы
№13 орта мектептің
қазақ тілі және әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МӘҢГІЛІК ӨМІРДІ АҢСАҒАН ҚОРҚЫТ

(6-сынып)

Өткен күн – ертегі ғой, тамаша таң,
Ойласаң өткен күнді жұбанар жан.
Байқасаң, адамзатта болған ба ақын
Қорқыттай атасынан бата алмаған?!

Сабақтың мақсаты: оқушыларға атақты ақын, асқан күйші, аңыз кейіпкері Қорқыт туралы жан-жақты түсінік беру. **Міндеттері: білімділік** – «Мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт» тақырыбынан алған білімдерінің деңгейін тексеру, алған білімдерін тиянақтау; **дамытушылық** – оқушылардың ақыл-ойын, ой-өрісін дамыту; танымдылыққа, ізденімпаздыққа баулу; өз ойын жүйелі жеткізуге, сауатты сөйлеуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – өнерді сүйеге, бағалай білуге үйрету; жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Типі: жаңа білім беру. **Түрі:** аралас. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, ой түйіндеу, топпен жұмыс. **Көрнекі құралдар:** интерактивтік тақта, кәртішкелер, кесте.

Болжамдап отырған нәтиже: егер оқушыларға атақты ақын, асқан күйші Қорқыт туралы жан-жақты түсінік берсек, онда олар мәтінді түсініп оқи, талдай, мазмұнын әңгімелей алар еді.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

А) Оқушылармен сәлемдесу, оларды түгелдеу;

Ә) Сабақтың тақырыбы мен мақсатын айту.

Оқушыларды 5 топқа бөлу.

- Бүгінгі біздің жаңа тақырыбымыз – «Мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт».

Сабақта атақты ақын, күйші, аңыз кейіпкері Қорқыт туралы түсінік аламыз, өз ойымызды жүйелі жеткізуге, сауатты сөйлеуге дағдыландырамыз, өнерге деген сүйіспеншілігімізді арттырамыз.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Әр топқа деңгейлік тапсырмалар беріледі, кәртішкелер таратылады.

I-II топқа:

III деңгей тапсырмасы.

«Ежелгі дәуір әдебиеті» тақырыбы бойынша жаңа сөздерді айтып беру.

III-IV топқа:

II деңгей тапсырмасы.

«Ежелгі дәуір әдебиеті» мәтіні бойынша сұрақтарға жауап беру.

V топқа:

I деңгей тапсырмасы.

«Күлтегін жыры» туралы эссе.

Оқушылар жазып келген эсселерін топта өз беттерінше оқиды. Ең жақсы жазылған эссені таңдап оқу.

III. Жаңа сабақты белсенді менгеруге оқушыларды дайындау кезеңі.

- Ал, енді, балалар, жаңа сабағымызды бастайық.

- Балалар, **Қорқыт деген кім?**

А) Әр топ Қорқыт кім екенін дәптерлеріне жазады.

Ә) Тізбектеп сұрап шығу.

Мұғалім интерактивтік тақтада Қорқыттың суретін көрсетеді.

IV. Жаңа білімді менгеру кезеңі.

1. Кіріспе сөз:

– Ежелгі дәуір әдебиетінің көрнекті тұлғаларының бірі – Қорқыт ата. Ол Сырдария өзенінің бойында туған, VIII ғасырда өмір сүрген. Қорқыттың өмірге келуі туралы аңыз көп. Соның бірі:

Қорқыт туған кезінде

Қара аспанды су алған,

Қара жерді құм алған.
Ол туғанда ел қорқып,
Туғаннан соң қуанған.
Содан оның есімі Қорқыт деп қойылған.

2. Сөздік жұмысы.

- Балалар, жаңа сөздерге назар аударындар.

Мұғалім жаңа сөздерді мәнерлеп оқиды және аудармасын ауызша айтады.

Әлемге әйгілі – знаменитый на весь мир;

Әуен, саз – музыка;

Зират – могила;

Мәңгілік өмір – вечная жизнь;

Желмая – одnogорбый верблюдо-скакун;

Ажал – смерть;

Құтылуға болмайтынын – не спасись;

Өмір сүру – прожить.

3. Мәтінмен жұмыс.

Мұғалім «Мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт» мәтінін оқиды.

Мұғалім мәтінді оқып болғаннан кейін мәселелік сұрақ қояды.

– Қорқыт атаның шығармашылық еңбегінің негізі неде?

Оқушылар жауап береді.

Оқушылар мәтінді өз бетінше топта оқиды.

Сұрақ:

1. «Қорқыт ата» кітабы қай жерде сақталған?

2. Қорқыт қандай музыкалық аспап жасады?

V. Жаңа сабақты түсіну кезеңі.

1) Мәтінді оқу, талдау.

Әр топқа мәтін бойынша тапсырмалар беріледі.

Әр азат жолдар бойынша оқу, талдау.

- 1-топ – I азат жол.
- 2-топ – II азат жол.
- 3-топ – III азат жол.
- 4-топ – IV азат жол.
- 5-топ – V азат жол.

VI. Музыкалық терапия.

Үнтаспада Құрманғазының күйі орындалады, оқушылар музыканың ырғағымен ритмикалық жаттығулар жасайды.

VI. Бекіту кезеңі.

1) КЕЖ тәсілі.

а) КЕЖ тәсілі бойынша әр оқушыға кесте беріледі.

Олар оны толтырады.


Ұнаған сөйлемдер	Өз пікірі

ә) Аквариум тәсілінің тұсаукесері (презентациясы, ұжымдық жұмыс).

Әр топ ең жақсы жұмысты таңдайды, оқиды.

2. Кластермен жұмыс.

а) Топта жұмыс. Кластер парағын толтыру.



ә) Тұсаукесері (Презентациясы).

б) Талдау.

VIII. Қорытынды кезеңі.

1) Мұғалімнің қорытынды сөзі:

Қазақ даласында саяхат жасаған Қорқыт не түсінді?

2) Оқушылардың ой-түйіні.

Мәңгілік өмір жоқ.

- Балалар, сол үшін әр адам өмір сүріп, артынан із қалдыру керек. Мәңгілік өлмейтін нәрсе: жақсының аты, ақынның хаты өлмейді.

IX. Рефлексия және бағалау кезеңі.

1. Әр оқушы өз парағына баға шкаласын толтырады.
10 ұпаймен бағаланады.

38-40 ұпай – «5», 27-37 ұпай – «4»,

17-20 ұпай – «3», 16-дан төмен – «2».

2. Топта өзін-өзі бағалау.

Әр оқушы алдында жатқан түсті фишкаларды таңдап алады.

Сабақта маған ыңғайлы болды.

Мені қызықтырған сұрақтарға жауап алдым.

Маған сабақта қызық болған жоқ.

X. Үйге тапсырма беру кезеңі:

1. «Мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт» мәтіні бойынша түсінік дайындау.

2. «Қорқыт ажалмен күресіп..» тақырыбына эссе жазып келу (Дарынды оқушылармен жұмыс).



Жұлдыз МУТАЛИПОВА,
Павлодар қаласының
№34 инновациялық үлгідегі
жалпы орта білім беру мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ШОНА СМАХАНҰЛЫ. «АНАМНЫҢ ТІЛІ, АЯУЛЫ ҮНІ» ӨЛЕҢІ

*(12 жылдық эксперимент тобының 5-сыныбына
құрастырылған)*

Сабақтың мақсаты: белгілі сықақшы ақын Шона Смаханұлы туралы сөз. Ш.Смаханұлының «Анамның тілі, аяулы үні» өлеңін оқыта отырып, ана тілін ерекше құрметтеуге, сүюге шақыратындығы туралы айту. Өлеңді мәнерлеп оқып, талдау, түсініп оқу дағдыларын дамыту.

Сабақтың жабдығы: Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың суреті, мақал-мәтелдер, ақынның портреті.

Әдіс-тәсілдері: жаңа материалды жаңа технология бойынша игерту.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі мен музыка пәндері.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар, бүгін ерекше сабақ, сабағымызға қонақтар қатысып отыр, кәне, әдеттегідей әнұраннан бастайық.

- Рахмет, отырыңдар.

Ойқозғау.

Бұл суретте – Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев және №34 мектептің 5 «а» сыныптың үздік оқушысы Шапоров Михаил. Павлодар қаласында ашылған «Достық үйі».

- Балалар, енді бәріміз тақтаға назар аударамыз.

- Мына суретте кімді көріп отырсыңдар?

- Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев және біздің Миша.

- Миша, сен қашан Елбасымызбен суретке түстің?

- Біздің туған қаламыз – Павлодарда «Достық үйі» ашылғанда.

- «Достық үйі» дегеніміз не?

– Достық үйінде қазақтар, орыстар, татарлар, ингуштар, т.б. әр түрлі ұлт өкілдері бас қосады.

– Иә, балалар, біздің еліміз тәуелсіздік алғанға дейін 15 одақтас республиканың бірі болған. Қазір де бәрі тату-тәтті тұрып жатыр. Осы Отанымыз туралы, республика туралы қандай өлең-жырлар білесіңдер?

(С.Мәуленовтың «Менің Республикам» өлеңі үйге жаттауға берілген).

Оқушылар жаттауларын айтқаннан кейін мына сұрақтарға жауап береді:

1. Өлеңнің негізгі идеясы қандай?

- Өлеңнің негізгі идеясы туған жерді сүйуге, жақсы көруге тәрбиелейді.

2. Өлең қандай ұйқаспен жазылған?

- Өлең 11 буынды, III бунақты, 4 тармақты, 1 шумақты а, а, б, а қара өлең ұйқасы.

3. Осы өлеңді қандай көңіл-күймен оқыдыңдар?

(Мақтанышпен, көтеріңкі оқу керек).

Егер көтеріңкі айтылса, ол әдебиет теориясы бойынша қалай аталады? (әдебиет теориясы бойынша ПАФОС деп аталады).

- Біз осы Отанымыз, жеріміз туралы өлеңді оқып, танысып, талдау жасадық. Біздің Отанымыз қандай мемлекет? (тәуелсіз).

-Тәуелсіз мемлекетіміздің қандай рәміздері бар?

(ту, елтаңба, әнұран).

- Ал, мемлекеттік тіліміз қандай?

(қазақ тілі).

- Қазақ тілі қандай тіл?

(ана тілі).

- Ана тілі туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

(Ана тілі ой өсіреді, ана сүті бой өсіреді), т.б.

- Ендеше, қалай ойлайсыңдар, біздің жаңа тақырыбымыз не туралы болады?

(Ана тілі туралы)

Бүгінгі жаңа тақырыбымыз: Шона Смаханұлының «Анамның тілі, аяулы үні» өлеңі.

- Қалай ойлайсыңдар, сабағымыздың мақсаты қандай?

- Автордың өмірбаянымен танысамыз.

- Өлеңді мәнерлеп оқимыз.

- Мазмұнын түсініп, талдаймыз.

1. Автордың өмірбаянын оқып, тыңдаймыз.

2. Өлеңді мәнерлеп оқимын, түсіндіремін.

Сыныпты 3 топқа бөліп, тапсырма беремін.

I топ- автордың өмірбаяны бойынша сұрақтарға жауап береді.

II топ - өлеңді оқып, құрылысына талдау жасайды.

III топ - өлеңді оқып, сөздерді лексикалық тұрғыдан талдайды.

2. Жаңа сөздермен жұмыс:

а) мұғалім оқиды, оқушылар қайталайды;

ә) сөз тіркестерін құрап, мәндес сөздерді табады.

Тынбай – не знать покоя;

Бал тілін – язык как мёд;

Бірге – вместе;

Сайрадым – петь песни;

Табына – верить;

Аяулы үні – милый, дорогой голос матери;

Жаныммен – всей душою;

Көңілге көрік – красивый язык;

Өмірге серік – спутник по жизни;

Өрлеу – стремление;

Қуат – сила, энергия;

Айбын – величие.

Сықақ-сатира.

Сықақ – «сатира» деген сөз. Сықақ түрінде өлең, әңгімелер жазылуы мүмкін.

III. Смаханұлы – сықақ өлеңдер жазған ақын.

I топқа берілетін тапсырма:

1. Шона Смаханұлы қашан, қай жерде туған?
2. Қайда тәрбиеленген, неге қатысқан?
3. Қандай қызмет атқарады?
4. Қандай газеттерде қызмет жасайды?
5. Қандай шығармалары бар, Ш.Смаханұлы атында не бар?

II топқа берілетін сөздер:

Синонимдер:

өмірге келу – дүниеге келу, туу;

тынбай – шаршамай;

ұстаз – мұғалім;

сүю – жақсы көру;

қуатым – күшім;

айбыным – қамқорым.

Антонимдер:

келу – кету;

сүю – жеккөру;

туу – өлу;

көкке – жерге;

ойнау – ойнамау;

III топқа:

Ө/мір/ге кел/дім,

А/нам/ды көр/дім,

Де/ді/ол: «қо/зым», «ал/ты/ным».

Ә/ні/мен ер/тіп,

Жы/ры/мен жел/піп,

Үй/рет/ті тын/бай/ бал/ ті/лін.

А/нам/мен бір/ге сай/ра/дым,

Құ/лы/ны бо/лып ой/на/дым.

10, 8 буынды, 2 бунақты, 8 тармақты, 1 шумақты а, а, а, ә, ә, а, б, а, а ұйқас өлеңі.

Осы өлеңнің идеясы қандай? (ана, ұстаз, мектеп, тәрбие, тілді құрметтеу, жақсы көру, ананың тілі бізге күш береді, көмектеседі, еркелетеді).

- Дұрыс, енді мәтіннен анасының баласын еркелеткен сөздерін табыңдар (қозым, алтыным).

- Ал, сендерді үйде аналарың қалай еркелетеді? (ботақаным, құлыным, жаным, күнім, күшігім. **Өлеңді әнімен айтқызу**).

Сабақты қорытындылау:

Бүгін сабақта қандай тапсырмаларды орындағанда қиындықтар болды?

Қандай тапсырмаларды оңай орындадыңдар?

Үйге тапсырма: Өлеңді жаттап, әнімен айту.

Бағалау: оқушылар сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды өздері бағалап, не үшін кімге қандай бағаларды қойғанын түсіндіріп, айтып береді.

Шона Смаханұлы

Шона Смаханұлы 1924 жылы Жамбыл облысының Талас ауданындағы «Ойық» деген ауылда дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айырылған соң балалар үйінде тәрбиеленеді.

Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыстан кейін біраз жыл мұғалімдік қызмет атқарады. 1957 жылдан бастап “Қазақстан мұғалімі”, “Қазақстан пионері” газеттерінде, “Ара” сатиралық журналында қызмет жасайды. Оның мысал-сықақ өлеңдері 1963 жылдан бері жарияланып келеді. Мысалы, “Шимайбек пен Шыңқетпе”, “Қу түлкінің сыбағасы”, “Ұры тіс”, “Алтын жұмыртқа”, т.б. шығармалары бар. Ш.Смаханұлы – ұлтын, елін сүйген патриот ақын.

Алматы қаласында Шона Смаханұлы атындағы мектеп бар.

Шолпан АЙТҚАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласындағы
№79 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ – ДАРЫНДЫ ТҰЛҒА, ҰЛЫ АҚЫН

Сабақтың мақсаты: оқушыларды жауынгер ақын атанған Қасым Аманжоловтың өмірі, шығармашылық жолымен таныстыру. **Міндеттері:** **білімділік** – ақын өлеңдерінің тақырыбы мен идеясы, мазмұны туралы түсінік беру; **дамытушылық** – оқушының сөйлеу тілін дамыту, өз ойын еркін, жатық жеткізе білуге дағдыландыру, логикалық ойлау және шығармашылық қабілетін дамыту, балалардың поэзия, қазақ әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру; **тәрбиелік** – ақын жырларынан үлгі алып, өз Отанын сүйуге, халқын құрметтеп, адамгершілік, сыйластық, мейірімділік қасиеттерін бойларына сіңіре білуге тәрбиелеу.

Типі: жаңа материалды меңгеру. **Түрі:** лекция сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** оқу, баяндау. Көрнекіліктері: ақынның портреті, кітаптары, шығармалары. **Пәнаралық байланысы:** орыс тілі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- а) Амандасу;
- ә) Сыныпты түгелдеу;
- б) Әнұран;

в) Сұрақ-жауап.

II. Жаңа тақырып.

«Оның өлеңдерінен табиғаттың өзіндей балалықтың, даналықтың лебі есетін. Қасым – өмірде де, өлеңде де шыншыл ақын».

Сырбай Мәуленов.

Қасым Аманжолов – қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі, халқымыздың дарынды ақыны, атақ-даңқы кең жайылған. Қасым Аманжолов (1911-1955) ұлттық әдебиетіміздің заңғар аспанындағы жарық жұлдызы, мәңгі сөнбес шамшырағы еді. Өмірден ерте кеткенмен, ол болашақ ұрпаққа мол мұра қалдырды. Бейбіт өмірді, қан майданды, туған жер мен ата-ананы, достық пен махаббатты, көңіл күйі мен табиғатты биік парасаттылықпен, шынайы сезіммен, зор тебіреніспен жырлады.

Қасым Аманжолов – қазақтың аса ірі ақындарының бірі. Оның көркемдік-эстетикалық деңгейі жоғары, қазақ әдебиеті тарихында айтулы орынға ие шығармашылығы, негізінен, поэзиялық туындылардан тұрады. Қасым Аманжолов – көркем аударма өнерінің де үздік шебері. Ол орыс, Батыс пен Шығыс поэзиясының классикалық туындыларын: лирикалық өлеңдер мен поэма-дастандарын қазақ тіліне зор шабытпен аударды.

Қасым Аманжолов қазіргі Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы Қызыл деген жерде 1911 жылы дүниеге келеді. Майданнан өлеңмен жазған “Ағайыма” деген хатындағы: “Қыс. Қыстау. Атамекен Қызылдағы” дегендегі Қызыл – сол туған жері. Әкесі де сонда қайтыс болады. Жас болса да Қасым соның бәрін есінде жақсы сақтап қалған. Әке-шешеден жастай жетім қалған,

ол біраз жыл ағасының қолында өседі. Алғашында жаңадан ашылған ауыл мектебінде оқып, сауатын ашады. Кейін, 1924 жылы ағасы Қасымды Семей қаласындағы интернатқа орналастырады. Қасым онда 1927 жылға дейін тәрбиеленеді. Одан әрі қарай үш жыл Семей мал дәрігерлік техникумында оқиды. Алғашқы өлеңдерін де осы кезде жазады. 1930 жылы Алматыға келіп, біраз уақыт “Лениншіл жас” газетінде қызмет атқарды. 1931 жылы Ленинградтағы орман шаруашылығы институтына түсіп оқиды. Бірақ денсаулығына байланысты және түскен оқуын да онша ұната қоймағандықтан, бірер жылдан кейін елге оралып, Орал қаласында “Екпінді құрылыс” газетіне қызметке орналасады. Жас ақынның көптеген өлеңдері осы газетте жарық көреді. Әншілік, әртістік өнерге бейім, домбыра, мандолина бастаған бірсыпыра музыкалық аспаптарда еркін ойнайтын ақ көңіл, жайсаң жанды “ерке Қасымның” Оралда болған, әсіресе, 1935-1936 жылдары Оралдағы қазақ театрындағы қызмет еткен кезі – өміріндегі ең бір қызықты, қымбат шағы болып қалады. Оның бойындағы туа бітті зор таланты да осында белгі беріп, ақындық жолына біржолата бет бұрады. 1938 жылы тұңғыш өлеңдер жинағы “Өмір сыры” деген атпен жарық көреді. Өлеңіне арқау етіп алған өмір құбылыстарын сырттай таңырқап, тамашалауға, көрген-білгенін тәптіштеп, тізбелеп суреттеуге әуестік байқалатын. Бірақ ақын бұл қалпында көп кідірмей, осыдан кейінгі не бары екі-үш жылда-ақ:

*Ішім пысты, жсалықтым,
Жүре алман енді аяңдап.
Кенде қаптын, жаңа ұқтым,
Не болса соған аялдап –*

немесе:

Нар тәуекел! Құлаш ұрдым қиынға,
Қайрат шіркін алып шықса, қиын ба!..

Жығылам деп жүре алмаймын жай басып,
Жүгіремін киіп-жарып, айқасып.

Мүлги берсін, ілби берсін қорқақтар,
Иш пыстырып, жалт-жұлт қарап, жай басып

Жығылсам да, жүгірумен өтемін,

Аяңшылдың ақылын мен не етемін.

Жығылармын, алқынармын, шаршармын,

Барар жерге бұрынырақ жетермін, – дегеніндей-ақ, қатты талпынып, талантына мәдениеті қосылып, ақындықтың шырқау биігіне самғап көтерілді.

Ақынның шығармашылығымен таныстыру

Махамбет, Абай поэзиясының көркемдік табиғатына терең бойлау, дүниежүзілік поэзияның үздік, асыл үлгілерінен үлкен алымдылықпен үйрену оның буырқанған күшті талантын тез қанаттандырды. Қасым 30-жылдардың өзінде-ақ А.Пушкиннен, М.Лермонтовтан, Т.Шевченкодан, Дж.Байроннан, В.Маяковскийден шебер аудармалар жасады. Бұл оның үлкен поэзияның сырына терең бойлап, ақындық өнерінің қыр-сырын тануына көмектесті. 1939-1940 жылдар ақынның өсу жолындағы елеулі кезең болды. “Нар тәуекел”, “Бурабай толқындары”, “Дауыл”, “Көкшетау”, “Орамал”, “Сұлтанмахмұт туралы баллада”, “Өз елім”, “Ғашық едім қайтейін” сияқты тамаша туындылары осы жылдары дүниеге келді. Бұл кезеңдегі ақын өлеңдерінде түр, дыбыстық үндестік, ырғақ жағынан да жаңалықтар көрініс берді. Сондай-ақ, Қасым лирикалық өлеңдермен қатар сүйекті туындылар жазуды да қолға алады, “Құпия қыз”, “Бикеш” секілді алғашқы поэмаларын жазады.

Ақын 1941 жылы армия қатарына шақырылады. Сол қарсаңда “Мазасыз музыка”, “Қоштасу”, “Бейсекештің бес ұлы” секілді әсерлі, сыршыл сезімге толы, лепті өлеңдерін жазады. 1941-1943 жылдары Қиыр Шығыста болған Қасым 1943 жылы батыстағы майданға ауыстырылады, содан соғыс аяқталғанға дейін “қанды қырғын, қып-қызыл өрттің ішінде” болады. Соның нәтижесінде “Орал”, “Сарыарқа”, “Байкал”, “Өтіп бара жатырмын” тәрізді тек Қасымның ғана емес, сол кездегі бүкіл қазақ поэзиясының жетістігі болып саналатын өлеңдері дүниеге келеді. Ақын рухының бұл қуатты серпілісі майдан жырларына ұласып, мазмұн, тақырып, түр, көркемдік бейнелеу құралдары, ой мен сезім тереңдігі жағынан жаңа сапа тауып, биік белеске көтеріледі. “Елге хат” (бес бөлімнен тұратын ұзақ толғау), “Ұлы күтіс”, “Үстімде сұр шинелім”, “Подполковник Әлпинге”, “Қапанға”, “Сәбитке”, “Ғалиға жауап”, “Қызғалдақ”, “Сен – фашистсің, мен – қазақпын”, “Дариға, сол қыз” сияқты хрестоматиялық өлеңдері мен әйгілі “Ақын өлімі туралы аңыз” поэмасы – соның айғағы.

«Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасын Ғ.Мүсірепов қазақ поэзиясындағы жаңа бетбұрыс деп бағалады.

Соғыстан кейін Қасым не бары он жыл өмір сүрді. Көркемдік сапасы жоғары лирикалық өлеңдермен қатар «Боран», «Біздің дастан», «Бикеш», «Жамбыл тойында», «Құпия қыз» тәрізді үлкен эпикалық поэмалар жазды. Қасым ақындығымен қатар үлкен сазгер де болған. Оның әнін де өзі шығарған. «Дариға сол қыз», «Туған жер», т.б. шығармалары халықтың сүйікті әндеріне айналған.

Ол қазақ әдебиетінде аударма жанрының дамуына да зор үлес қосты. А.С.Пушкиннің «Полтава», М.Ю.Лермонтовтың «Маскарад», А.Т.Твардовскийдің

«Василий Теркин», Низамидің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмаларын, Т.Г.Шевченконың, В.В.Маяковскийдің өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Қазақ поэзиясына он буынды өлең түрін енгізіп, оны әбден тұрақтандырды.

Майданнан оралғаннан кейінгі алғашқы жылдары Қасым журнал редакцияларында істейді, ара-тұра поэзия, ақындық өнер тақырыбына сын мақалалар жариялайды, өлеңді де өндіре жазады. Мысалы: 1946 жылы 26 өлең жазыпты, солардың ішінен, әсіресе, **“Достар”**, **“Туған жер”**, **“Құрбыма”**, **“Сауыншы жеңгейдің жыры”**, **“Домбыра”**, **“Май келді”**, **“Күйім тасып барады, күйім тасып”**, т.б. көркемдігі жоғары өлеңдерін ерекше атауға болады. Ақын 1947 жылдан бастап сырқатқа шалдығады. Соның өзінде сол жылы он шақты өлең жазып, “Біздің дастан” поэмасын бастайды. М.Лермонтовтың “Маскарад” драмасын, А.Твардовскийдің әйгілі “Василий Теркин” атты ұзақ та күрделі поэмасын өте шебер аударады. 1948 жылы да Қасым көп жазады, “Дауыл” атты жинағы жарық көреді. Ол туралы үлкен ақын әрі поэзия білгірі Әбділда Тәжібаев “Социалистік Қазақстан” газетінде “Дауылды жырлар” деген мақала жазып, аса жоғары бағалайды. Осы жылдары Пушкин мен Лермонтовтың бірсыпыра өлеңдеріне қоса, Пушкиннің “Полтава” поэмасын аударады. “Балбөбек”, “Нұрлы дүние” жинақтарын шығарады. 1952 жылы “Таңдамалы шығармалары” жарық көреді. 1954 жылы бүгінде жұрттың көбі жатқа білетін әйгілі “Өзім туралы” толғауын аяқтайды.

Қасымның өлеңдері “Гроза” деген атпен 1946 жылы, “Стихи” деген атпен 1949 жылы орыс тілінде жеке кітап болып басылады. Қасым Аманжолов ұзаққа созылған наукастан 1955 жылғы қаңтардың 17-сінде

қайтыс болды. Өлеңдері. Соғыстың алдында Қасым “Өз елім”, “Дауыл”, “Нар тәуекел”, “Талғар” тәрізді әдемі лирикалық өлеңдер жазды. Бұл өлеңдердің кейіпкері – өз елін, туған даласының табиғатын шексіз сүйген, “көк дауылдай кеуделі жігіт” болып өскен қайратты замандасы. Өмірге көзін ашпай жатып, “жетімдік тағдыр” желкелеген балдырғанды өз тәрбиесіне алған Отанын ақын ерекше сезіммен жырлайды:

*Өмірге ендім еңбектен,
Шалқалап әкем шықты үйден.
Жетімдік тағдыр жетті ептен
Қабағын жаба түксиген.
Өмірден үміт жоқ өзге,
Даланың тердім тезегін.
Әкем боп таптың сол кезде
Қайран да менің өз елім!*

Соғыстан соңғы халық шаруашылығын қалпына келтіру ұранына Қасым **“Соғыстан соңғы бесжылдық”** атты өлеңмен үн қосты. Бұл өлеңнің лирикалық кейіпкеріне де қайсарлық мінез, іскерлік, сертке беріктік тән.

Бұл – ақын жүрегін жарып шыққан, зор азаматтық сезімнен туған, патриоттық жыр. Қасымның кейінгі шығармашылығында да соғыс тақырыбы едәуір орын алады. “Дариға, сол қыз” өлеңі өміршындығын, лирикалық кейіпкердің тебіренісін бейнелеу ерекшелігімен де, түр жағымен де айырықша жаңалық ретінде сүйіндіреді. Әр тармағы он буыннан тұратын өлең Қасымға дейінгі және кейінгі қазақ поэзиясында онша қолданыла қойған жоқ. “Дариға, сол қызда” майдан арпалысы, тарихи шындық, жеке адамның басындағы трагедия және соның бәрінен аман алып шыққан өмірге деген құштарлық оптимистік

рухта өрнектелген. Кейіпкердің жан дүниесіндегі бұлқыныстар белгілі тарихи кезеңдегі жеке адам мен қоғам өміріндегі әлеуметтік драматизмді бейнелейтін образдылыққа айналған. Көркемдік-философиялық жинақтаушылық мәнге ие жыр жолдары ақынның тағы бір биікке көтерілгенін танытты. “Көрсетпей жүзін, естіртпей сөзін, қаһарын төгіп тұр долы соғыс”, “сапырды дауыл, тебіренді теңіз, тулады толқын, шайқалды шыңқұз” деген жолдардан замана трагедиясын, “арманым бар ма өлсем бір көріп, қайда екен, қайда, дариға, сол қыз?” дегеннен лирикалық қаһарманның өмірге деген құштарлығын, махаббат құдіретін, “дедім де тұрдым, жүгіре бердім, қолымда – найза, шағылып айға” дегеннен қайтпас қайсар рухын сезінеміз.

“Ақын өлімі туралы аңыз” поэмасы. Қ.Аманжоловтың ғана емес, бүкіл қазақ поэзиясының поэма жанрындағы үздік жетістігі болып табылатын бұл туындыға жас ақын Абдолла Жұмағалиевтің майданда көрсеткен ерлігі арқау болған. Ақындық дарыны үлкен үміт күттірген Абдолла намысқой, отаншыл, қайсар жігіт екен. Майданда соғысып жүріп, оның бөлімшесі немістердің қоршауына түседі. Бір үйдің шатырына паналап, ұрыс жүргізеді. Жолдастары түгел оққа ұшады. Абдолла жалғыз өзі автоматтан оқ жаудырып, немістің рота әскерін үйге жолатпайды, көптеген солдатын қырғынға ұшыратады. Жау “Абдоллаға беріл, кінәнді кешеміз” деп хабарлайды. Абдолла берілмей, соғыса береді, ақыры немістер үйді өртейді. Әдетте, отқа адам төзе алмай, қашады екен. Бірақ Абдолла тапжылмай, үймен бірге өртеніп кеткенше қарсылық көрсетумен болады.

Бұл – екінің бірі айта алмайтын жыр, екінің бірі

көрсете алмайтын сурет. Ақын кейіпкерін өрт ұстаған Прометейге ұқсата отырып, оның өлімін романтикалық аңызға айналдырады. Оқиға да, адам сезімі де қысталаң шақтағы қозғалысқа негізделіп, оның бойындағы рухтың әр күшін өткір бейнелейді.

Бұл – трагедиялық ақын өлімінің өзінде де үлкен өмір сүйгіштік күш барын танытады. Соғыстың қызып тұрған кезінде жазылған (1943) бұл поэма сол кездің өзінде-ақ, жұртшылық назарын бірден өзіне аударды. Ол жөнінде алғашқы пікір айтқан Ғабит Мүсірепов: **“Қасым ақын жанының бар толғауын, кек күшін, сезім тереңін түгел бере алған. Жалынды сөзбен жауға аттандырар, жан сезімімен жас тамшылатар ақын сөзі өзегін, жүрегін тербей шыққан. Қасым поэмасы майданнан соққан жаңа леп сияқты”**.

Қасым Аманжолов – өзінің батыл ойлы, шыншыл да терең сырлы, дауылды поэзиясымен әр буын оқырмандарының сүйіспеншілігіне ие болып, жас таланттарға өте күшті әсер етіп келе жатқан біртуар дарын.

III. Сабақты қорытындылау.

Қасым Аманжолов ...

Ақынның туған жері ...

Алғашқы өлеңдер жинағы...

Ұлы Отан соғысы жылдарында дүниеге келген поэмасы ...

Қ.Аманжолов – композитор («Жас дәурен», «Туған ел», «Дариға, сол қыз»)

Қ.Аманжоловтың аударма саласындағы еңбектері...

IV. Үй тапсырмасы: хрестоматияда берілген ақын өлеңдерін және лекция сабағын түсініп оқу. «Өзім туралы» өлеңін жаттау.

Сәуле МОЛДАБАЕВА,
Екібастұз қаласындағы
№1 лицей- мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ДИАЛОГ ПЕН МОНОЛОГІ ҚЫЗЫҚ «АЗЫҚ-ТҮЛІК» ЖӘНЕ «КИІМ» ДҮКЕНДЕРІ

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты: дүкендердің қызметін пайдалануды үйрету, іскерліктерін қалыптастыру. **Міндеттері:** танымдылық аспект – дүкендер жүйесі туралы білім алу; дамытушылық аспект – жаңа қарым-қатынас жағдайында коммуникативтік жағдаяттарды шеше алу; **оқу аспектi** – қажетті ақпаратты алу және мазмұнды толық түсініп, оны мазмұндай алу; тақырып аясында монолог құрастырып, диалогтық түрінде сөйлесе алу, оқу және жазу іскерлігін меңгеру; **тәрбие аспектi** – танымдылық пен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Типі: білім мен іскерлікті қолдану сабағы. **Түрі:** интеллектуалдық ойын. **Әдістері:** әңгімелеу, баяндау, сұрақ-жауап, талдау, салыстыру. **Көрнекіліктері:** азық-түлік және киім түрлерінің суреттері.

Сабақтың барысы:

I. **Ұйымдастыру кезеңі:** Сәлемдесу. Оқушылардың оқу құралдарын түгелдеу.

II. Қызығушылықты ояту.

Мұғалім: - Балалар, Қайсар телефон арқылы өзінің туған күні болатындығын және балаларды туған күніне шақыратындығын хабарлады. Туған күніне ол әдемі киім кигісі келеді, ол үшін дүкенге баруымыз керек. Дүкенде сатушы қазақ тілінде сөйлейді, сондықтан қазір өтілген материалдарды, яғни, лексиканы қайталаймыз.

Топтастыру әдісі (ауызша).

Мұғалім тағам түрлері туралы өлең оқиды.

* оқушылар өлеңде айтылған азық-түлік түрлерін атайды.

* Оларды тақтада көрсетілген суреттер бойынша топтастырады (топтастыру әдісі). Сонымен қатар, тақтада киім түрлері де бейнеленген (№1 слайд).

Фонетикалық жаттығу. Буын тізбектері арқылы сөздерді құрастыру(жазбаша).

Мысалы, көй-лек, шал-бар, т.б.

* Киім түрлерінің атауы бойынша тақтада суреттерін көрсету (№2 слайд).

Сабақ тақырыбын анықтау үшін сұрақ-жауап:

Мұғалім: - Балалар, біз сабағымыздың басында не істедік?

Балалар: - Жаңа сөздерді қайталадық.

Мұғалім: - Осы сөздердің «дүкен» сөзіне қандай қатысы бар?

Балалар: - Айтылған киім түрлері, тағам түрлері дүкенде сатылады.

Мұғалім: - Бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы не туралы болады?

Балалар: - Дүкен туралы.

Мұғалім: - Дұрыс айтасыздар. Яғни, «Азық-түлік» және «Киім» дүкендері туралы.

Мұғалім: - Ендеше, дүкендерге саяхат жасамас бұрын, алдымызға қандай мақсат қоямыз?

Балалар: - Дүкендердің қызметін пайдалана білу.

Мұғалім: - Пайдалана білу үшін не істеуіміз керек?

Балалар: - Сөздік қорды пайдаланып, диалог, монолог құрастыру.

III. Тыңдап түсіну.

Мұғалім: - Қайсардың жіберген СМС хабарламасын оқып берейін.

«Қымбатты достарым! Мен барлықтарыңды туған күніме шақырамын. Сендердің әдемі киініп келетіндеріңді білемін. Мен де туған күнімде әдемі болып көрінгім келеді. Мен теңіз капитаны болуды армандаймын, киімім де соған сәйкес болса деймін».

- Біріншіден, біз Қайсарға дүкеннен киім таңдап алуға қол ұшын беруге тиіспіз.

Екіншіден, әпкесіне мерекелік дастарханға қажетті азық-түлікті алуға көмектесуіміз керек. Қалай, балалар, көмектесеміз бе?

Балалар: - Иә!

Оқушылар топқа бөлінеді. Әр топ Қайсардың хабарламасы бойынша оған киім таңдайды.

Мұғалім: - Сонымен алдымызға қандай мақсат қоямыз?

Балалар: - **Біздің мақсатымыз:** сөздік қорды және заттың түр-түсін айқындайтын сын есімді пайдалану арқылы Қайсарға киім алу. Әр топтан бір оқушыдан шығып, қолдарындағы киім суреттерін тақтаға іледі (ақ шалбар, көк жейде, ақ түсті аяқ киім).

Мұғалім: - Балалар, енді «Киім дүкеніне» барып осы киімдерді сатып алуымыз керек. Ол үшін алдымызға

қандай мақсат қоямыз?

Балалар: - Сатушымен сөйлесу (диалог құрастыру).

Мұғалім: - Біз бірден диалог құрастыра аламыз ба?

Балалар: - Жоқ. Ол үшін бізге жаңа сөздер мен сөз тіркестері керек.

Жаңа сөздермен жұмыс. (№3 слайд).

Шалбар, жейде, аяқ киім.

Шалбар қандай? Жейде қандай? Аяқ киім қандай?

Шалбар ақ, жейде көк, аяқ киім ақ.

IV. Диалог құрастыру.

Қайсарға киімді дұрыс таңдаған топ «Киім дүкенінде» суреті бойынша тақырыпқа сай диалог құрады.

- Сәлеметсіз бе?

- Сәлемет пе, балалар!

- Не сатып алғыларың келеді?

- Сізде ақ шалбар, көк жейде, ақ аяқ киім бар ма?

- Иә, бар. Қандай өлшем керек?

- Бойы біз сияқты балаға.

- Онда мынаны алыңдар.

- Жаксы, рахмет Сізге.

- Сау болыңыз!

- Сау болыңдар, балалар!

V. «Азық-түлік дүкенінде» суреті бойынша жұмыс.

1-ші топ сұрақ ойластырады.

2-ші топ монологін оқиды.

3-ші топ диалог құрастырады.

VI. Бекіту.

Қайсарға топ болып құттықтау жазу (1-2 бала құттықтауларын оқиды).

VII. Үй жұмысы. «Дүкенде» тақырыбына диалог құрастырып келу.

Орал ҚЫРҚАРБЕКОВА,
Алматы қаласындағы
Халықаралық «Мирас» мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

АДАМНЫҢ ІШКІ АҒЗАЛАРЫ

(3-сынып)

Сабақтың мақсаты: адамның ішкі ағзалары туралы мәлімет беру. **Міндеттері:** **білімділік** – жаңа сөздерді дұрыс айтуға, сауатты жазуға үйрету; **дамытушылық** – күрделі тапсырмаларды орындау дағдысын қалыптастыру, дене мүшелері мен адам ағзаларын дұрыс көрсете білу және айту; **тәрбиелік** – салауатты өмір салтына байланысты тәрбиелік мақсаттағы әңгімелер жүргізу.

Түрі: жаңа сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, оқу, суретпен жұмыс, ойын, жаттығу. **Көрнекілігі:** дене мүшелері мен адам ағзаларына байланысты слайд, суреттер, кеспе қағаздар, макеттер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) Сәлемдесу.

ә) Балалардың сабаққа дайындығын тексеру, түгелдеу.

б) Сабақтың мақсатымен таныстыру.

II. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі: жаңа сөздерді сұрап шығу: бас, мойын, қол, аяқ, тізе, шынтақ, саусақ, кеуде, қарын, иық, тіс, т.б. Адамдар баспен ойлайды,

көзбен көреді, мұрынмен дем алады, құлақпен естиді, ауызбен тамақтанады, тілмен сөйлейді, тіспен тамақ шайнайды, аяқпен жүреді, қолмен ұстайды. Бұлардың бәрі – көзбен көруге болатын дене мүшелері.

III. Үй тапсырмасын бекіту.

Үй жұмысын ойын түрінде де тексеруге болады. Ол үшін балаларға адам ағзаларының қазақша атаулары жазылған сөздерді таратып береді. Тақтаға әрбір оқушының аттарын жазып, «Кім жылдам?» ойынын ойнатады. Мұғалім сөздердің орысшасын айтса, оқушылар олардың қазақшасын айтып шығады. Дұрыс жауапты жылдам айтқан балаға бір ұпайдан қосылып, соңында кім көп сөз білетіндігі анықталады. Осы жаңа сөздермен қатар олар әрбір сөзге сөз тіркестерін де құрастырулары керек.

Сөйлемдер құрастыру.

	көремін
	естимін
	ііскеймін
	сөйлеймін, жеймін, ішемін
	ұстаймын, жазамын, оқимын

IV. Жаңа сабақ.

Өткен сабағымызда дене мүшелерінің қазақша атауларын білдік. Енді адамның ішкі ағзаларының қазақша атауларын үйренуіміз керек. Интерактивті тақтаны пайдалана отырып, адамның ішкі ағзаларының суреттерін көрсету. Адамның ішкі ағзаларына мыналар жатады: асқазан, бауыр, бүйрек, жүйке, жүрек, өкпе, тамақ, іш. Осы сөздерді суреттер арқылы қайталап шығу. Плакаттан әрбір бала өзі үйренген сөздерді көрсетіп, жаңа сөздерді қайталайды. Жаңа сөздерді бір қайталап, сөздік

дәптерлеріне жазып шығады. Оларды қайталап, бірнеше рет айтқызу.

V. Жаңа сабақты пысықтау.

Адам ағзасы жайындағы мәтінмен жұмыс.

Адамның дене мүшелерімен қатар, біз адамның ішкі ағзаларын да білуіміз керек. Жүрек – адамның қан айналым жүйесі. Асқазан – адамды тамақтандыратын ағза. Өкпе – адамды дем алдырады. Бауыр – адамның қанын тазалайды. Бүйрек, ішек – адамның несеп жолдарын реттейді.

Мәтіндегі барлық сөздерді таныстырып, оларға анықтама беру керек. Балалар парақшадағы сөйлемнің ішіндегі таныс емес сөздердің астын сызып шығады. Мұғалім әрбір сөзді аударып, оларға анықтама береді.

Дыбыс үндестігі жайында айта келіп, сөздерді тәуелдеп шығуға тапсырма беру. Жүрек сөзін тәуелдеу, «к-г, п-б, қ-ғ» дыбыстары жайында үлестірмелі парақша тарату.

I. Менің жүрегім.

II. Сенің жүрегің.

III. Сіздің жүрегіңіз.

III. Оның жүрегі.

Балаларды үш топқа бөліп, әрбір топқа бір сөзден беру. 1-топқа – «Жүрек» сөзі. 2-топқа – «Бүйрек» сөзі. 3-топқа «Ішек» сөзі. Оқушылар осы сөздердің тәуелденген кезінде дыбыс үндестігіне ұшырайтындығы жайында айтып шығады.

Қазақта «бауыр», «тамақ», «бүйрек», «жүрек» деген сөздердің омоним сөз, ауыспалы және тұрақты сөз тіркестері мағынасында да қолданылатындығы жайында айта кету. «Менің бауырым – туысқан, менің бауырым – адам ағзасы», «тамақ – адам ағзасы, тамақ –ас,

тағам» (омоним сөздер), «жүрек – адам ағзасы, тас жүрек – қатал адам» (ауыспалы мағынада), «бүйрегі ауырады-адам ағзасы, бүйрегін бұру – жаны ашу, бұрмалау» (тұрақты сөз тіркесі).

Адамның дене мүшелері мен адамның ағзаларына байланысты үлестірмелі парақша ұйымдастыру:

«Топтай біл» ойыны.

Дене мүшелері:

Адам ағзасы:

Бас, жүрек, қарын, қол, бүйрек, кеуде, аяқ, бауыр, ішек, иық, құлақ, жүйке, мойын, асқазан, ауыз, саусақ, тізе, іш, табан.

VI. Жаңа сабақты қорытындылау.

Балаларға түрлі- түсті қағаздар беріп, осылардан бүгінгі өткен адам ағзаларының суретін жекелеп салып, оларды қайшымен кесіп алады. Тақтадағы адам сұлбасының үстіне әр оқушы өздері жасаған адам ағзасының суретін кесіп, жабыстырады және әңгімелеп таныстырады.

VII. Үй тапсырмасы: мәтіндегі жаңа сөздерді жаттап алу. Мәтінді әңгімелеу.

Рефлексия. - Сонымен, бүгінгі сабақта өткен жаңа сөздер тағы да қандай мағыналарда қолданылады? Оларға қандай мысалдар келтіруге болады? Тағы да қандай адамның мүшелері мен ағзалары жайында білгілерің келеді?

Әсел ОСПАНОВА,
№26 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қарағанды облысы,
Осакаров ауданы,
Молодежный кенті.

СӨЗ БЕН СӨЗ ТІРКЕСІНЕ БАЙ ҚАЗАҚСТАН

(3-сынып)

Сабақтың мақсаты: әр түрлі тапсырмалар арқылы оқушылардың Қазақстан туралы білімдерін кеңейту.
Міндеттері: білімділік – тақырып бойынша меңгерген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, өз ойларын жеткізе білуге үйрету; **дамытушылық** – сөздік қорын байыту, ауызекі сөйлеу тілін дамыту, лексикалық тақырып бойынша сөйлесе алу дағдысын қалыптастыру; **тәрбиелік** – Отанға, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

Түрі: бекіту сабағы. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, суреттер. **Әдіс-тәсілдері:** интерактивтік оқыту әдісі, мәтінмен жұмыс, сұрақ-жауап, сөйлемдер құрастыру, мәнерлеп оқу, сұхбат құру.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар?
- Сабаққа дайынсыңдар ма?
- Балалар, бүгінгі сабағымыз ерекше сабақ. Бізге бүгін қонақтар келіп отыр. Олай болса, қонақтарға сәлем

берейік.

- Үлкенге де – Сіз,
Кішіге де – Сіз.
Сәлем бердік Сіздерге
Құрметпенен біз!

Сұрақ-жауап:

- Қазір жылдың қай мезгілі?
-Қыс айларын атаңдар..
-Бүгін желтоқсанның нешесі?
-Бүгін аптаның қай күні?

Бүгінгі күнді дәптерлеріңе жазып қойыңдар.
(слайд №1).

- Бүгінгі сабақтың эпиграфы – «Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас» (слайд №2).

- Балалар, өткен сабақта біз қандай тақырыпты өттік?
- «Менің Отаным» тақырыбын өттік.

– Осы тақырыпқа байланысты үйге қандай тапсырма берілді?

II. Үй тапсырмасын сұрау (слайд №3).

1. Оқушылар өздері салып әкелген суреттері бойынша әңгімелейді.

2. Қазақстан туралы тақпақ.

3. Диалог құру.

III. Жаңа сабақ.

«Адасқан әріптер» ойыны (слайд №4).

- Бүгінгі сабақтың тақырыбы «Сөз бен сөз тіркесіне бай Қазақстан» (слайд №5).

- Біз бүгін сабақта сұрақтарға жауап береміз, мәтінмен жұмыс жасаймыз, жаттығуларды орындап, грамматикалық тақырыпты қайталаймыз (слайд №6).

Жаңа сөздермен жұмыс (слайд №7).

Жаңа сөздер. Тыңдаймыз, қайталаймыз.

Мемлекеттік – государственный;

Кең-байтақ – обширный;

Жер – земля;

Тұңғыш – первый;

Ту – флаг;

Елтаңба – герб;

Әнұран – гимн;

Болашақ – будущее.

*Сөздерді өзіміз оқып береміз;

*Сөздерді бірнеше оқушыларға оқытамыз;

*Сөздермен сөз тіркесі немесе сөйлемдер құрату;

*Дәптерлеріне жазғызу.

Мәтінмен жұмыс (слайд №8-15).

Қазақстан

Менің елім – Қазақстан. Оның жері кең-байтақ.
Нұрсұлтан Назарбаев – еліміздің тұңғыш Президенті.
Қазір еліміздің Мемлекеттік туы,елтаңбасы, әнұраны бар.
Астана – болашақтың қаласы.

Тапсырмалар:

1. Аудирование;

2. Оқушылардың мәнерлеп оқуы;

3. Мәтін бойынша сұрақ-жауап;

4. Мәтіннің мазмұнын кім айтып береді?

Сергіту.

Тапсырмалармен жұмыс:

1-тапсырма «**Адасқан сөздер**» (слайд №16).

2-тапсырма *Мен, бен, пен* жалғаулықтарын жазу.
(слайд №17).

3-тапсырма. Сөзді тәуелдеу (слайд №18-19).

IV. Бекіту.

«Сиқырлы сандық» ойыны (слайд №20).

Берілген сандарды таңдап, жасырылған сұрақтарға жауап беру.

1 2 3 4 5 6

- Қазақстан қандай мемлекет? (слайд №21).

- Қазақстан жері қандай? (слайд №22).

- Қазақстанның Президенті кім? (слайд №23).

- Қазақстанның астанасы қай қала? (слайд №24).

5. Тұңғыш Елбасы күні қай күн? (слайд №25).

6. Тәуелсіздік күні қашан? (слайд №26).

7. Астана қандай қала? (слайд №27).

Мақал-мәтелдерді толықтыру(слайд №28-31).

- Балалар, сендер Отан туралы мақал-мәтелдерді білесіңдер ме?

Онда келесі тапсырманы орындайық.

Қорытынды.

- Сонымен, балалар, бүгін біз үлкен тақырыпты өттік.

Ассоциация құру. «Қазақстан» (слайд №32-33).

- Сендерге бүгінгі сабақ ұнады ма?

Енді Туған жер туралы ән айтайық (слайд №34-41).

- Балалар,соңғы слайдтағы суреттерді таныдыңдар ма?

- Иә, бұл – біздің кентіміз, біздің кіші Отанымыз. Ал мынау – біздің мектебіміз, біздің екінші үйіміз.

Оқушыларды бағалау.

Үйге тапсырма: «Сөз бен сөз тіркесіне бай Қазақстан» туралы әңгімелеу (слайд №42).

Диалог құрастыру.

Гүлбану ЖҮНІСОВА,
Ақтау қаласындағы
№2 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

«МЕНИҢ РЕСПУБЛИКАМДАҒЫ» СӨЗ БЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

(6-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік: тақырыпты меңгеру, тақырыпқа байланысты сөздерді, сөз тіркестерін дұрыс айтып, сөйлемде дұрыс қолдана білу, өз сөздерімен өлеңнің мазмұнын айта алу; **дамытушылық** – оқушыларды лирик ақын Сырбай Мәуленовтың бай шығармашылық дүниесімен тыныстырып, поэзия нәрімен сусындату; **тәрбиелік** – өскелең ұрпақтың туған жерге деген сүйіспеншілігін оятып, қоршаған ортаға деген адами ізгілікті көзқарасын қалыптастыру, табиғатпен үндестікте ғұмыр кешу, салтын сақтау.

Әдіс-тәсілдері: баяндау, сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, сын тұрғысынан ойлау. **Көрнекілігі:** суреттер, семантикалық карта, сызбалар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. Түгелдеу.

1. Қазір қай сабақ?
2. Сабақта біз не істейміз?
3. Әдебиет қай тілден енген сөз?
4. Мағынасы қандай?
5. Өнердің қандай түрлерін білесің?

6. Әдебиет қандай өнер?

7. Әдебиет халықтың несі?

II. Үй тапсырмасын сұрау кезеңі.

Семантикалық карталарды толтыру.

Шығармадан алынған үзінділер қай автордың сөзі?

	“Бес асыл іс көңеңіз...”»	“Жауларыңды жеңіп қайт!”	“Көк ала кілем жасыл шөп”	“Шына тау тазартатын барлық дерттен”
Жамбыл Жабаев				
Ілияс Жансүгіров				
Абай Құнанбайұлы				
Сәкен Сейфуллин				

Авторлардың шығармасын тап.

	Мұхтар Әуезов	Ыбырай Алтынсарин	Сәбит Мұқанов	Ғабит Мүсірепов
«Бай баласы мен жарлы баласы»				
«Әжемнің әңгімесі»				
«Әмина»				
«Күрес»				

Шығарма кейіпкерлерін жаңылыспай тап.

	Үсен	Қарон	Байкөкше	Әмина
Барлас				
Нұрмағамбет				

Мира				
Асан				

III. Жаңа сабақ.

1. Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Балалар, біз бүгін Қазақстанның халық жазушысы, ақын Сырбай Мәуленовтың шығармашылығымен танысамыз (Сызба бойынша ақын өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет беріледі. Дәптерге жазылады).

Ақынның «Менің Республикам» өлеңімен танысамыз. Қазақстан Республикасы қарқынды даму үстінде, өсіп-өркендеп келеді. Міне, осы көркейген республикамызды автор шаттықпен жырлайды.

2. Сөздікпен жұмыс.

Мұғалім орысшасын, оқушылар қазақшасын оқиды. Сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастырылады.

Сөздік:

- Тауды көрсең* – *увидишь гору;*
Көкжиек – *горизонт;*
Көлім – *мое озеро;*
Қырдың гүлдері – *полевые цветы;*
Көгінде күн – *на небе солнце;*
Ұлан-байтақ – *большой, необъятный;*
Кең – *широкий.*

3. Өлеңді мәнерлеп оқу. Оқу үлгісін мұғалім көрсеткен соң оқушылар оқиды.

Мазмұны түсіндіріледі.

- Өлеңнен қандай әсер алдыңдар?

- Көз алдарыңа қандай сурет елестеді?

4. Мазмұнына қарай талдау.

Шығарманың жанры –

Шығарманың авторы –

Шығарманың аты –

5. Сатылай кешенді талдау.

Тауды көрсең Күн көзіне таласқан,
Аспан көрсең Ай мен Күнге жол ашқан,
Менің байтақ Республикам таулары,
Менің көгім – мөлдіреген сол аспан!

шумақ саны

тармақ саны

буын саны

ұйқас саны

6. Ізден. Өлеңнен эпитет, тенеу, метафораны табу.

7. Топтастыру.

1. Алтай. 2. Тарбағатай. 3. Балқаш. 4. Есіл. 5. Зайсан.
6. Алатау. 7. Бурабай. 8. Ертіс. 9. Сырдария. 10. Сауыр.
11. Жайық.

ТАУ

ӨЗЕН

КӨЛ

1-қатар. Синквэйн. 5 жолды өлең. Қазақстан.
Республика. Ақын. Табиғат. Аспан. Тау. Көл.

2-қатар. Салыстыру. **Қазақстан Республикасының
әнұранымен «Менің Республикам»** өлеңінің ортақ
үндестіктерін табу.

Салыстыр.

Қазақстан Республикасының
әнұраны

«Менің
Қазақстаным»

3-қатар. Тақырыпты ауыз әдебиеті үлгілерімен
ұштастыру.

V. Қорыту кезеңі. Ойтолғау.

Оқушылар бүгінгі сабақ туралы өз ойларын айтады.

VI. Үйге тапсырма беру кезеңі. Өлеңді жаттау.
8-тапсырма.

VII. Бағалау.



Жібек САНСЫЗБАЕВА,
№21 мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

ЖІКТІК ЖАЛҒАУЛЫ КҮЗ МЕЗГІЛІ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: күздің негізгі белгілерін, табиғат ерекшелігін әңгімелеп айтуға үйрету.
Міндеттері: **білімділік** – жүйелеп сөйлеуге жаттықтыру; **дамытушылық** – баланың тіл байлығын дамытып, сөздік қорын молайту, алған білімдерін тиянақтау, жинақы, дұрыс сөйлеуге, сұраққа нақты, толық жауап беруге дағдыландыру; **тәрбиелік** – бір-бірін тыңдай білуге, ұтымды жұмыс істеу қабілеттерін шыңдау, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Түрі: нәтиже сабақ. **Әдісі:** әңгімелесу, сұрақ-жауап.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру бөлімі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Жаңа сабақ (Жұмбақ – өлең):

Көлдің беті кілегей,
Жер сап-сары бірегей.
Тырау-тырау тырналар,
Түстікке бетті бұрды олар.
Қара суық жел есті,
Күннің көзі көмескі,
Адамдар егін орады,
Бұл қай кезде болады? **(Күзде).**

– «Күз» дегенде біздің ойымызға не келеді? Көз алдымызға не елестейді? (Ассоциация келтіру).

Айналамызға қарайықшы, жерде нелер жатыр? (Қанеки, осы жапырақтарды теріп алайық).

Сұрақтар:

- Жылдың неше мезгілі бар?
- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Күз айларын ата.
- Күзде күн мен түн қандай болады?
- Ауа райы қалай өзгереді?
- Құстар қайда ұшып кетеді?
- Адамдар нені жинайды?
- Неге біз күзді қоңыр күз және алтын күз деп атаймыз?
- Күз мезгілі сендерге ұнай ма?
- Күзде қандай мерекелер болады?
- Жіктік жалғауларды ата?

Жіктік жалғауларды қайталау (Мысалдар келтіру).

– **Сонымен, бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы**

– **«Жіктік жалғаулы күз мезгілі»**

Сөздікпен жұмыс:

Қаптау – скупиваться, собираться;

Топ-топ – группой;

Қайнау – кипеть;

Үздіксіз – непрерывно;

Ерекше – особенно.

(Оқу, аудару, сөйлемдер құру).

Мәтінмен жұмыс (Оқимын, оқушылар тізбектеп оқиды).

Тапсырма:

I топ. Мәтін бойынша тірек-сызба құру.

II топ. Мәтінге сұрақтар құру.

I топ. «Адам» және «бала» сөздерін жіктеу.

II топ. «Кім жылдам?» ойыны.

Жемістер мен көкөністерді екіге бөліп айту.

Жемістер:

Көкөністер:

Жидектер

Сәбіз

Алма

Картоп

Алмұрт

Қызанақ

Банан

Қияр

Апельсин

Сарымсақ, т.б.

Құлпынай, т.б.

I топ. Мына сөздердің ішінен «Күз» тақырыбына байланысты сөздерді тауып орналастыр. Сөздер: *күз айлары, ата, телефон, бала, қазан, ауа райы, сабақ, қалам, жеміс, кітап, жаңбыр, мысық, жапырақ, үй, егін, бұлт.*

II топ. Өлеңді мәнерлеп оқып, есте қалғанын жазу.

Қоңыр күз

*Қауын пісіп, балбырап,
Маужыраған қоңыр күз.
Алма пісіп албырап,
Көзді тартқан қоңыр күз.*

I топ.

Сөз тіркесін дұрыс құрау. Сәйкестендіру.

Жасыл	даласында
Әр түрлі	бастау
Жылы	еңбек
Жылы киіне	жаққа
Адамдардың	түсі
Егін	жерде
Қызу	еңбектері

II топ.

Сөйлемдерді дұрыс құрау.

- 1) өте, салқын, кеше, болды.
- 2) қандай, бүгін, ауа райы.
- 3) ертең, болады, күн, тамаша.
- 4) соқты, жел, кеше, қатты.
- 5) жылы, ұшады, құстар, күзде, жаққа.
- 6) күн, ұзарады, күзде, қысқарады, түн.

IV. Бекіту. Сұрақтар арқылы бекіту.

V. Қорытынды. Бағалау.

Үйге: мәтінді мазмұндау.

Майра ҚАЛДЫБАЕВА,
Тополевка орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Сарқан ауданы,
Тополевка ауылы.

ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ТАБИҒАТТЫ ТАҢУ

Сабақтың мақсаты: тақырып бойынша сөздік қорларын дамытып, табиғат және табиғаттың сұлулығы жайлы әңгімелей алу; диалогтік оқыту арқылы сабақтың мазмұнын ашу; формативті бағалауды, оның ішінде өз-өздерін бағалауды сыни тұрғыдан ойлау.

Оқыту нәтижелері:-диалогтік әдістің тиімділігін арттыру, формативті бағалау әдістерін пайдалануға сенімді болу.

Негізгі мақсаттар: өзін-өзі реттеудің *Марта Бронсон* (2002) бейімдеген санаттарының бірі – *алеуметтік өзін-өзі реттеуін* дұрыс жолға қою.

Түрі: біріктірілген, шығармашылық. **Әдіс-тәсілдері:** жұптық, топтық жұмыстар. **Көрнекіліктері:** суреттер, постерлер, стикерлер.

Сабақ барысы.

I. Ынтымақтастыру кезеңі: оқушылардың пәнге деген көңілдерін аудару үшін Т.Молдағалиевтің «Жайлауда» өлеңінен үзінді жатқа оқылады:

...Көз ала алмай сұлулықтан, көріктен,
Қой қайырып, атқа мініп желіп пе ең?
Әр сайынан бұлақ ағып, маржандар
Көкке атылып жататынын көріп пе ең?
Ақ бұлақтар көкке маржан шашады,
Қиялыңды қияға алып қашады.
Бір сайында бүлдіргені, бір сайда
Көк жуасы танауыңды ашады.

- Балалар, менің оқыған өлеңімнің тақырыбы қандай? Өлеңде не туралы айтылған?

- Иә, сендер дұрыс айтасыңдар? Бұл – Т.Молдағалиевтің «Жайлауда» өлеңінен алынған үзінді. Өздерің анықтағандай, бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы – «Диалогтік оқыту арқылы табиғатты тану».

- Балалар, біздің бүгінгі сабағымыз топтық жұмыстарға арналғандықтан, алдымен біз топқа бөлініп аламыз. Ол үшін мына менің үстелімнің үстінде жатқан қораптан кескіндерді алыңыздар. Осы кескіндер бойынша топқа жиналайық.

II. Суретпен жұмыс.

Тақтада тақырып бойынша суреттер ілініп тұрады. Оқушылар суреттер бойынша бірнеше сөйлемдер құрастырады. Артынан «Қысқы көрініс» тақырыбында топ мүшелері тізбектелген әңгіме құрастырады (әр оқушы бір-бір сөйлемнен айтып, ортақ әңгіме жасайды).

III. Мәтінмен жұмыс. Мәтінді тізбектете түсініп оқып шығу. Мәтін бойынша берілген табиғат құбылыстарының әсерінен пайда болған сөздерді

табу. Олармен сөйлемдер құрастыру.

IV. Жұптық жұмыс. Топ ішінде оқушылар ақылдаса келе, өзара жұп құрайды.

Жұптар тақтада берілген суреттер бойынша диалог құрастырып, өзара сөйлеседі.

V. Сергіту кезеңі. Әр топқа толықтыруды қажет ететін мақал-мәтелдер беріледі. Топ мүшелері мақал-мәтелдерді толықтырып, жатқа оқып, артынан мағыналарын түсіндірулері керек.

VI. Топтық жұмыс. Табиғатқа сай өзгерістер суреттелген көріністі бейнелеу. Артынан жұмыстарын түсіндіріп әңгімелеп беру.

VII. Шығармашылық сағат. «Жоңғар Алатауы Ұлттық саябағы» тақырыбында эссе жазу (Ауылымызда «Жоңғар Алатауы Ұлттық саябағының» Тополевка филиалы жұмыс істейді).

Бағалау: оқушылар алдарындағы алдын ала таратылып берілген стикерлердің бірін таңдап алып, сабақтан алған әсерлерін жазып, тақтада ілініп тұрған смайликтердің бірінің тұсына жабыстыруы қажет.

Қызғылт смайлик – бестік баға.

Жасыл смайлик – төрттік баға.

Сары смайлик – үштік бағаны білдіреді.

Соңынан топ мүшелері бір-бірлеріне қол соғып, қошемет білдіреді.

VIII. Үйге тапсырма беру: мәтін бойынша берілген деңгейлік тапсырмаларды орындау (оқушылардың білім деңгейлеріне байланысты тапсырмаларды бөліп беру).

Махаббат ДҮЙСЕМБАЕВА,
Ақмола облысының
Астрахан ауданындағы
№4 «Жалтыр» орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІНДЕ – ЕСІМДІК

Сабақтың мақсаты: а) жаңа тақырып негізінде жануарлар түрлерімен таныстыру, есімдіктің септелуін қайталау; ә) сөздік қорларын байытып, сұрақ құрастыру, сөйлем құрау дағдыларын дамыту; б) ұқыпты, белсенді, шапшаң болуға шақыру, жауапкершілік сезімдерін ояту.

Түрі: ашық сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, баяндау, тексеру, бағалау, әңгімелеу. **Көрнекілігі:** сөзжұмбақ, жануарлар суреттері. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, орыс тілі, биология.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Кезекшімен сұхбаттасу.
2. Сабақтың мақсатын хабарлау.
3. Морфологиялық жаттығу:

Аттың бәрі тұлпар болмас,

Құстың бәрі сұңқар болмас. Мақал.

- 1) мақалды оқып, аудару, сабақпен байланысын ашу.
- 2) жануарларды атап, сұрақ қою, септігін анықтау.
- 3) есімдікті тауып, түрін анықтау.

II. Жаңа сабақ:

1. Сөзжұмбақ шешіп, сабақтың тақырыбын таныту.

Сөзжұмбақ әр оқушыға таратылады.

			ж	а	б	а	й	ы
	б	ұ	з	а	у			
к	і	с	і	н	е	у		
		т	а	у	ы	қ		
	б	о	т	а				
		ү	й	р	е	к		
		т	ө	л				
			л	а	қ			
с	и	ы	р					
			ә	т	е	ш		
		қ	ұ	л	ы	н		
т	ү	й	е					
			м	а	л			
м	ө	ң	і	р	е	у		

1. дикие;
2. теленок;
3. ржать;
4. курица;
5. верблюжонок;
6. утка;
7. приплод;
8. козленок;
9. корова;
10. петух;
11. жеребенок;
12. верблюд;
13. скот;
14. мычать.

2. Өзін-өзі бағалау: әр оқушы жазған сөздерін санап, өздеріне баға қояды.

«5» - 14 сөз, «4» - 10-13 сөз, «3» - 6-9 сөз.

3. «Қазақстанның жануарлар әлемі» мәтінімен жұмыс, 105-бет.

1) мәтінді түсініп оқып шығу;

2) қиын сөздерден сөздік құру:

омыртқалы жануар – позвоночные;

сарышұнақ – суслик;

сүтқоректілер – млекопитающие;

ақбөкен – антилопа;

бауырымен жорғалаушылар – пресмыкающиеся;

бұлан – лось;
қосмекенділер – земноводные;
бұғы – олень;
қияқ тәрізділер – ланцетники;
жәндіктер – насекомые.

3) мәтін мазмұнын ашып, қосымша суреттер бойынша пысықтау;

4) есімдіктерді теріп, талдау жүргізу.

4. Бекіту тапсырмалары:

1) 2-тапсырма: сөйлемдерге сұрақ құрастыру (ауызша).

2) 3-тапсырма: сөздерден сөйлем құрау (жазбаша).

3) Сол есімдігін септеу.

III. Үйге тапсырма беру: жаңа сөздерге байланысты жануарлар атауларын жазып келу.

IV. Бағалау: сабаққа белсенді қатысқан оқушыларға қосымша 1 ұпайдан қосып, жалпы бағалау жүргізу.



Лейла САДЕНОВА,
Қарағанды қаласындағы
№74 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СӨЗДІК ҚОРЫ МОЛ АСТАНАҒА САЯХАТ

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: Елордасы – Астана туралы жан-жақты білімдерін кеңейту, алған мәліметтерін

тапсырмалар арқылы бекіту. **Міндеттері: білімділік** – сұрақтарға жауап беру, ойды жүйелеп айту дағдыларын қалыптастыру. Мәтінді мәнерлеп оқыту, тіл ұстарту; **дамытушылық** – сөздік қорын байыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, дұрыс сөйлеуге үйрету; **тәрбиелік** – өз Отанын, халқын, жерін сүйуге, отансүйгіш ұлтжанды азаматтар тәрбиелеу. **Түрі:** саяхат сабағы. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, суреттер. **Әдіс-тәсілдері:** интерактивті оқыту әдісі, мәтінмен жұмыс, сұрақ-жауап, сөйлемдер құрастыру, мәнерлеп оқу.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар?

- Бүгін кезекші кім?

-Балалар, қазір қай жыл мезгілі?

-Қыс айларын атаңдар?

Өткен сабақты қайталап, сөзжұмбақты шешу.

Үй жұмысын сұрау. Қөңіл-күйлерің қандай?

Мен сіздерге сәттілік тілеймін!

Кім жылдам?

- Сен қандай қалаларда болдың?

- Қазақстанның Елордасы қай қала?

- Сен қай қалада тұрасың?

- Алматы қаласының бұрынғы атауын ата?

- Қазақстанда неше облыс бар?

- Сабақтың тақырыбын білу үшін біз сендермен сөзжұмбақты шешуіміз керек.

Сөзжұмбақ.

1. Век.

4. Народ.

2. Мавзолей.

5. Реки.

3. Независимый.

6. История.

Ғ	А	с	ы	р					
е	с	к	е	р	т	к	і	ш	
	т	ә	у	е	л	с	і	з	
	х	а	л	ы	қ				
ө	з	е	н						
	т	а	р	и	х				

- Қазақстанның бас қаласы қай қала?

- Жақсы. Бүгін біз, балалар, Отанымыздың бас қаласы – Астанаға саяхат жасаймыз. Бүгін нешесі?

- Жақсы. Жаздыңдар ма? Ендеше, вокзалға барып, қандай автобус керек екенін анықтайық.

- «Қарағанды - Астана» автобусына барып отыруымыз керек.

- Дұрыс. Автобусқа отырып, назарларыңды тақтаға аударыңдар.

Жолда адасып кетпеу үшін жолымызда кездесетін ауылдар мен қалаларды есте сақтауымыз керек.

1. Қарағандыдан Астанаға барғандағы бірінші аялдамамыз қай жер?

- **Қарағандыдан Астанаға барғандағы бірінші аялдама – Теміртау қаласы.**

2. – Балалар, сендер қалай ойлайсыңдар, Елбасымыздың өмірінде Теміртау қандай орын алады?

- **Біздің Елбасымыз Теміртау қаласында зауытта жұмыс істеді.**

3. Автобустың терезесінен қандай ауыл көрінеді?

- **Автобустың терезесінен біз Батпақты ауылын көріп отырмыз.**

4. Батпақтыдан кейін біздің автобусымыз қайда тоқтайды?

- Батпақтыдан кейін біздің автобусымыз Осакаров ауданына тоқтайды.

5. Осакаров ауданынан кейін, балалар, біз қайда келеміз?

- Осакаров ауданынан кейін біз Аршалыға келеміз.

- Жақсы балалар, сендер ауызша сұрақтарға дұрыс жауап беріп жатырсыңдар, қазір грамматиканы қайталап кетейік. Аршалы сөзін септендер.

- Аршалыдан кейінгі аялдамамыз қай қала, балалар?

- Астана қаласы.

- Дұрыс, балалар, сөйтіп біз Қарағандыдан Астанаға жеттік. Жолда қандай қала мен ауылдар кездесті?

- Теміртау, Батпақты, Осакаров, Аршалы.

Сөздік:

Ғимарат – здание;

Аялдама – остановка;

Көрікті – красивый;

Жаға – берег;

Орталық – центр;

Субұрқақ – фонтан;

Саябақ – парк;

Елбасы – Президент;

Жастар сарайы – Дворец молодежи.

Сөйлем, сөз тіркесін құраңдар: *Астана – жас қала.*

Біздің Елбасымыз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Астанада ескерткіштер көп.

Аршалыда Жастар сарайы бар.

Бәйтерекке міну үшін мынадай тапсырма -ларды орындауымыз керек:

1-тапсырма.Берілген сан есімдерді мағынасына қарай бөліп жазыңдар.

11, 50-60, алтау, жетпістей, мыңыншы, жүздей, біреу, бес-бестен, 242, қырықтай, 40-50, отыздай, 1100, жетінші, екеу, оннан екі, төртеу, бір бүтін, мың жарым.

Есептік	реттік	жинақтық	топтау	болжалды	бөлшектік
11, 242, 1100	Мыңыншы, жетінші	Алтау, біреу, екеу, төртеу	50-60, 40-50, бес-бестен	Жетпістей, жүздей, қырықтай, отыздай	Оннан екі, бір бүтін, мың жарым

Бірінші аялдамамыз – Астана-Бәйтерек монументі.

Бәйтерек Астананың төріндегі –

Өресі биіктіктің өмірдегі.

Аялы алақаны Елбасымның –

Секілді өшпейтұғын сенім мөрі.

Самсаған қара орманым – байтақ едің,

Елімнің болашағын айта келдің.

Еңсесін елдігіңнің биіктеткен –

Ортаңда бойлап өскен Бәйтерегің!

Бәйтерек – Есілдің сол жағында бой көтерген алғашқы сәулет туындысы.Бәйтерек - бас қаламыздың символы.Монументтің биіктігі – 97 метр.

- Міне, балалар, Бәйтерекке мініп көрдік, ұнады ма?

Онда саяхатымызды жалғастырамыз.

2-тапсырма. Сөздердің аудармасын табыңдар:

Саяхат	барс
Халықаралық	памятник
Ғимарат	здание
Шешен	Будущее
Ескерткіш	международный
Барыс	политика

Болашақ оратор

Келесі аялдамамыз – «Думан» ойын-сауық орталығы.

Мұхитаралы - ТМД-дағы тұңғыш дүниеге келген бірден-бір нысан. Бұл – әлемдегі көк мұхиттан 3 000 шақырымнан астам қашықтыққа алыстаған жалғыз Мұхитарал.

Мұхитаралдың су қоры 3 миллион литрді құрайды. Оны әзірлеу үшін 120 тонна теңіз тұзы қажет болды. Мұнда жұмыр Жердің әр түкпіріндегі теңіз жәндіктерінің 100-ден астам түрінен тұратын 2000-нан артық теңіз тұрғындары тіршілік құруда.

Мұхитарал түбінде жылжымалы жолмен жарақтанған, қалыңдығы 7 сантиметрлік акрил шынысынан жасалған 70 метрлік дәлізі бар және әр түрлі көлемдегі 11 аквариумды екі үлкен көрме аймағынан тұрады.

- Біз «Думан» ойын-сауық орталығына да жетіп қызықтадық. Ұнады ма, балалар? Саяхатымызды жалғастырамыз.

Келесі аялдамамыз, «Бейбітшілік пен ынтымақтастық сарайы».

Оған жету үшін біз тағы бір тапсырманы орындауымыз керек.

127-беттегі 1-тапсырманы орындаймыз. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңдер. Көп нүктенің орынына керекті септік жалғауларын жазыңдар.

- Міне, балалар, Бейбітшілік пен ынтымақтастық сарайына да жеттік.

Астанадағы Бейбітшілік пен ынтымақтастық сарайы сияқты архитектуралық нысандар бүкіл әлемде жоқ. Ғажайып жобаның авторы – британ сәулетшісі Норман Фостер.

«Бейбітшілік пен ынтымақтастық сарайы» ұнады ма?
Жақсы, балалар, онда саяхатымызды жалғастырамыз.

Перфокартаны қосу таңбасы арқылы белгілеу.

Сан есім мысалдары	есептік	реттік	жинақтық	топтау	болжалды	бөлшектік
Бір мың екі жүз бес	+					
Екіден бір						+
Отызыншы		+				
Бес-бестен				+		
Бесінші		+				
Беске жуық					+	
жүздеген					+	
оннан				+		
біреу			+			
Екі бүтін оннан үш						+

- Астана, сегіз, 74 сөздеріне сатылай-кешенді талдау жасаңдар.

Астана

Зат есім, Атау септік.

Жалқы есім.

Не? Негізгі зат есім, дара. Деректі.

Мақал-мәтелдер:

1. **Жеті** атасын білмеген жетесіз.
2. Қызға **қырық** үйден тию.
3. Ер жігіттің **екі** сөйлегені – өлгені.
4. **Жеті** рет өлшеп, **бір** рет кес.
5. Білгенің – **бір тоғыз**, білмегенің – тоқсан тоғыз.
6. Бала **жетіге** келгенше, жерден таяқ жейді.

Поэзиялық үзіліс.

а) Суретке қарап, “Отан” туралы бір-екі шумақ жырды жатқа айтыңыз.

ә) Отан туралы мақал-мәтел білесіз бе? Есіңізге түсіріңіз. Біріңізден кейін біріңіз жалғастырып айтыңыз.

Сегіз

Сан есім

Неше?

Негізгі

Есептік сан есім

Дара

Сан есім

Неше?

Күрделі сан есім

Есептік сан есім

Сиқырлы сандық

Қазақ тілі пәнінің мұғалімдері сендерге Астана туралы сұрақтар дайындап келіпті. Соған мұқият жауап беріңіздер. Жаксы жауап берсеңіздер, сендерге сыйлық ретінде мұғалімдер ән айтып береді. («Астана» әні. А.Жорабаева).

Сауалы мен жауабы

1. Астана қандай қала? (Астана – жас, әдемі, таза қала).

2. Қазақстан Республикасының Президенті кім? (Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев).

3. Ақмола бұрын қалай аталған? (Целиноград).

4. Монументтің биіктігі неше метр? (97 метр).

5. Астана қай жылдан бастап Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды? (1997 жылдан бастап Астана болып жарияланды).

6. Астанаға саяхат сендерге ұнады ма? (Өте ұнады).

Бекіту:

INSERT әдісі

Білемін	Білдім	Білгім келеді
---------	--------	---------------

Астана - ҚР астанасы	Астанадағы мәдени орындар	Астананың болашағы туралы
----------------------	---------------------------	---------------------------

Венн диаграммасы



Үй тапсырмасы: Астана туралы эссе жазу.



Бақыт ЗЕЙНІЛҒАБИДЕНҚЫЗЫ,
Солтүстік Қазақстан облысының
Тайынша ауданындағы
Донецк орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СЫН ЕСІМДІ ҚАЙТАЛАТҚАН ЖӘНДІКТЕР

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) жаңа сөздерді меңгерту, сын есімді пысықтау; 2) сөздерді сауатты айтуға, жазуға

үйрету; 3) табиғатты сүйе білуге, оны қорғауға тәрбиелеу.

Сабақтың барысы:


Психологиялық кезең.

Қайталау:

- 1) Сын есімнің ережесі, мысал келтіру;
- 2) Аң атауларын қайталау;
- 3) Малдардың пірін атаңдар.

3. Жаңа тақырыпты анықтау. Сөзжұмбақты шешіп, бүгінгі сабақтың тақырыбымен танысу.

1-медвежонок, 2-петух, 3- заяц, 4-свинья, 5-зебра, 6-лиса, 7-лев, 8-жираф, 9-барсук.



Сабақтың тақырыбын айтып, мақсатымен таныстыру.

Сөздікпен жұмыс.

Фонетикалық жаттығу:

Тер – тер – тер – жәндіктер;

Лек – лек – лек – көбелек;

Лік – лік – лік – инелік;

Ғыз – ғыз – ғыз – қоңыз;

Қыз – қыз – қыз – қанқыз;

Ке – ке – ке – шегіртке;

Қа – қа – қа – құмырсқа;

Са – са – са – маса;

Ра – ра – ра – ара;

Бын – бын – бын – шыбын;

Ші – ші – ші – өрмекші.

Алдын ала дайындаған сөздікті балаларға тарату. Жаңа сөздерге қандай? сұрағын қойып, сын есімді қайталау, жәндіктерді сипаттау. Мысалы:

- Көбелек қандай?

- Көбелек әдемі, кішкентай, қызыл.

Жәндіктер – насекомые;

Көбелек – бабочка;

Қоңыз – жук;

Шегіртке – кузнечик;

Инелік – стрекоза;

Шыбын – муха;

Ара – пчела;

Маса – комар;

Құмырсқа – муравей;

Өрмекші – паук;

Қанқыз – божья коровка.

5. Оқулықпен жұмыс. 111-бет. *Мәтінді рөлге бөліп оқу, ауызша аудару, сын есім сөздерді табу.*

Кімге қандай ойын ұнайды?

- Келіңдер, бір-бірімізді сүзіп ойнайық!- деді мүйізді қоңыз Саратан (*майский жук*).

- Сүзіскені несі, бұқа болып кеттік пе? Одан да бір-бірімізді теуіп ойнайық! - деді көк Шегіртке.

- Тебісу деген не пәле?! Сол да ойын болып па?! Одан да бір-бірімізді шағып ойнайық! - деді Сона.

Сергіту сәті: «Арыстаннан қорықпаймыз»

6. Дәптермен жұмыс. 3-жаттығу. Жұмбақтарды шешіп, көшіріп жазыңдар.

1) Ойнамақ боп еркелеп,

Әдейілеп ерте кеп

Гүлге қонды қалықтап,

Кіп-кішкентай тікұшақ. (*инелік*)

2) Торын құрып қояды,

Шыбындарды жояды. (*өрмекші*)

7. Кәртiшкемен жұмыс. Әр оқушыға жаңа тақырыпты бекіту үшін жәндіктер туралы мәтіндер берілген.

Берілген мәтіндерді мәнерлеп оқу.

Орыс тіліне аудару.

8. Мәтінмен жұмыс. Кәртiшкеде берілген мәтінмен деңгейлік тапсырмалар орындау.

БҰЛ ҚЫЗЫҚ!

Жәндіктердің ішкі қаңқасы жоқ. Денесіне жеңіл және берік заттан құралатын сыртқы жабын тірек болады.

Африкадағы кейбір құмырсқалар акация бұтақтарының тікендерінде өмір сүреді.

Аяғындағы жабысқақ таяныштардың көмегімен шыбындар төбеде жүре алады.

Қарақұрт өрмекшісі ұрғашысының уы сұр жылан уынан 15 есе күштірек.

Жасыл азық іздеу жолында ұшатын көкқасқа шегіртке жүздеген, тіпті, мыңдаған километрлер ұшуы мүмкін.

III деңгей.

1. Мәтінді мәнерлеп оқы.
2. Мәтінді сөздік арқылы орыс тіліне аудар.

II деңгей.

1. Мәтін ішінде кездескен жаңа сөздерді дәптерге көшіріп жаз.

2. Осы сөздерді сипаттап, сөз тіркесін құрастыр.

I деңгей.

1. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыр.
2. Мәтіндегі барлық сын есімді сөздерді көшіріп жазып, аудар.

9. Қорытынды: Сұрақтарға жауап беріңдер. Бағалау.

1. Қандай жануарларды білесіңдер?
2. Қандай жәндіктер еңбекқор?
3. Қай жәндік адамға бал береді?
4. Қай жәндік тікұшаққа ұқсайды?

10. Үй тапсырмасы:

Жаңа сөздерді жаттау. Жұмбақтарды жатқа айту. 111-бет.

Сабақтың соңында оқушылар «Көбелек» өлеңін жатқа оқып, үйде дайындап келген «көбелектерін» ұшырады.

Сабақ басынан бастап аяғына дейін тұсаукесер (презентация) арқылы өтеді.

Шолпан ҚАСЫМОВА,
№252 Г.Н.Ковтунов атындағы
орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Шиелі ауданы.

МОДАЛЬ СӨЗДЕР

Сабақтың мақсаты: модаль сөздер туралы түсінік беру. **Міндеттері:** білімділік – білім сапасына сабақ сайын мән беру, жаңа тақырыпты ұғындыру; дамытушылық – оқушылардың жинаған сөздік қорларын дұрыс, орынды қолдануға машықтандыру; тәрбиелік – әдепті, әдемі сөйлеу мәнеріне баулу.

Сабақтың жүрісі:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу.

II. Үй тапсырмасын сұрау. Сен кестеде көрсетілген уақыттарда не істейсің? Сенде күн тәртібі бар ма?

III. Жаңа сабақ.

Модаль сөздер сөйлеушінің айтылған ойына қатысты көзқарасын көрсетеді. Модаль сөздер – топшылау, растау мағынасын білдіреді. Олар ешбір сөз табына жатпайды. Қазақ тілінде модаль сөздер көп емес. Олар: *шамасы – примерно, әрине – конечно, безусловно, албетте – конечно, бар – есть, расында – и вправду, шынында – на самом деле, сияқты – будто, кажется, секілді – будто, вероятно, наверно, болар – может быть, керек – нужно, қажет – надо, сияқты – будто, тәрізді – подобный* модаль сөздері сөйлемнің соңында келеді. Ал, қалған сөздер, көбінесе,

сөйлемнің басында немесе соңында орналасады.

Мысалы: Ол – шынында, жап-жақсы адам. Ол түйе секілді.

Модаль сөздердің лексика-семантикалық топтары.

«Болжалды мәнді» модаль сөздер: сияқты, сынды, мүмкін, шамасы, бәлкім, ықтималды.

«Міндеттілік» модаль сөздері: керек, тиіс, қажет, лазым.

«Хабардың ақиқаттығына әбден көзі жеткендік» модаль сөздері: көрінеді екен.

«Бір жақты дерек негізінде білдіретін» модаль сөздері: «де» формасы арқылы жасалады.

«Айтылған ойды өз тарапынан қостау» модаль сөздері: рас, анығында, шынында.

«Айтылған ой жөніндегі нық сенімді» модаль сөздері: әрине, әлбетте.

«Тілек, қалау» модаль сөздері: -са, -се екен, -са, -се дейм, деймін.

«Күдік мәнімен байланысты модаль сөздері: -ар ма екен, -са неғылсын, кім біледі.

Тапсырма: сөйлемдерді оқып, модаль сөздерді анықтап, 4-5 сөйлем жазыңдар.

1. Әрине, ол жоғары дәрежедегі маман болды. 2. Иә, мына жаңалық бәрін дүр сілкіндірді. 3. Шынында, бұл керемет қойылым болды. 4. Расында, бұл ортада бәрі тып-тыныш сияқты көрінді. 5. Әрине, бізге бірлік қажет, өте қажет. 6. Мына үй жақында ғана жөнделген сияқты. 7. Мүмкін, бізге кешірім сұрап шығып кету керек пе еді?! 8. Мүмкін, екі қоймай-ақ қоярсыз, а? 9. Шамасы, ол келмейтін болғаны. 10. Мәжіліс залында адам көп пе екен? 11. Ол өтірік айтқан сияқты.

Тапсырма. Уақыт мағынасында қолданылатын тұрақты тіркестерін толықтырып жазыңдар.

1. Сүт пісірім
2. Қас пен көздің
3. Көзді ашып

Тапсырма. Қазақшаға аударыңдар.

Незаконченные дела ... опасны для вашего здоровья!
Надо все доводить до конца.

Возможно, сейчас вы подумаете: «Но у меня же нет времени, чтобы полностью завершать дела!» Хорошо, давайте же посмотрим на некоторые последствия незавершенной работы. Незавершенная работа наносит смертельный удар по:

1. Вашему времени.
2. Вашей энергии.
3. Вашему здоровью.

Клаус Хилгерс.

Тапсырма. Бірнеше нұсқада сөйлем құраңдар:

жаз-уым шығар.....

жаз-атын сияқты.....

МЕН жаз-уға екен.....

жаз-ады керек.....

жаз-атын тиіс.....

IV. Үй тапсырмасы: өздерің сияқты оқушының күнделігін оқып шығыңдар да, өз күнделіктеріңді жазыңдар.

V. Сабақты бекіту:

1. Модаль сөздер қандай мағынаны білдіреді?
2. Қандай лексика-семантикалық топтарға бөлінеді?
3. Өзің үшін маңызды-маңызды емес істерді қалай бөлесің?

VI. Бағалау.

Гүлбаршын НЫСАНОВА,
Мұхтар Әуезов атындағы
орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Атырау облысы,
Құрманғазы ауданы,
Ганюшкин ауылы.

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ МЕНИҢ ДОСТАРЫМ

Сабақтың мақсаты: оқушылардың достық туралы түсініктерін кеңейту. **Міндеттері:** білімділік – Модель бойынша алған білімдерін тиянақтау. Мәтінді түсінуге, жана сөздерді дұрыс қолдана білуге үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін арттыру; **тәрбиелік** – оқушыларды бірін-бірі сыйлауға, ой бөлісе білуге, достықты қадірлеуге тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, сұрақ-жауап, электронды оқулықпен жұмыс. **Көрнекілігі:** интербелсенді тақта, электронды оқулық, сызба, бес жолды тұжырымдама.

Жүру барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

1. Сәлемдесу.
2. Оқушыларды түгелдеу.

Үй тапсырмасын сұрау:

1. Достастыру;
2. Сөздің тура мағынасы деген не? Мысалдар арқылы дәлелдендер;

3. Сөздің ауыспалы мағынасы деген не? Мысалдар келтіріңдер.

Жаңа сабақ.

Кіріспе әңгіме.

Достарың мен жолдастарыңның болғаны өте жақсы. Олармен бірге жүргенде өзіңе-өзің сенімді боласың. Сен бірде ауырып, сабаққа келе алмай қаласың. Бірнеше күннен кейін жалғызсырайсың, зерігесің. Достарыңды көргің келеді. Себебі ешбір адам жалғыз өмір сүре алмайды.

Дос деген-сенімен мақсат-мүддесі, арман-тілегі бір адам. Досыңнан жасырар сырың жоқ. Ол да сенен ештеңе жасырмайды. Егер осындай досың болса, оны ренжітпе. Досыңа жәрдем беруге әркез дайын бол.

Электронды оқулықпен жұмыс. 6-сынып. 5-модуль.

1. Сөздік.

Тыңдаймыз. Жаңа сөздер.

Достық, сыйластық, бала бақша, жәрдемдесу, ойнау, сабақ әзірлеу.

Оқимыз. Диктордан соң қайтала.

Жазамыз. Әріптерді дұрыс орналастыр.

Т, о, ы, с, қ, д. С, с, й, т, л, ы, ы, қ, а. Ә, д, с, е, д, ж, м, у, р. Қ, о, у. У, й, н, о, а.

2. Оқылым. Мәтінмен жұмыс.

Тыңдаймыз. Мәтінді тыңдау.

Оқимыз. Мәтінді мәнерлеп оқып, ат қой.

Жазамыз. Сөйлемдерді дұрыс құрап жаз.

1. Сыйластық, адамдар, үлкен, арасындағы, достық.

2. Атты, Еркеш, досым, менің, бар.

3. Өте, екеуміз, біз, татуымыз.

4. Мен, достығымызды, етемін, мақтан, екеуміздің.

Сөйлейміз. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Достық дегеніміз не?
2. Еркеш екеуің қашаннан доссыңдар?
3. Халықта қандай қанатты сөз бар?
4. Еркеш қандай бала?
5. Сен нені мақтан етесің?

Пысықтау. Сызба бойынша «Менің досым» тақырыбында әңгімеле.

Мақал-мәтелдердің орыс тіліндегі баламасын тап.

Жаман жолдастан таяғым артық.	Над бедой друга не смейся, то же может случиться и с тобой.
Күлме досыңа, келер басыңа.	Крепкая палка лучше плохого попутчика.
Заттың жаңасы жақсы, достың ескісі жақсы.	Дружи с тем, у кого приятелей много, откровенничай с тем, у кого друзей мало.
Досы көппен – сыйлас, досы азбен – сырлас.	Одежда хороша новая, а друг старый.
Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа; жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа.	С добрым человеком сдружишься-цели своей достигнешь, с дурным сдружишься- в дураках останешься.

Жалғасын тап. «Достық» туралы мақал-мәтелдер айту.

Жақсы жолдас... бермес.

... сыртыңнан мақтар

... көзіңе мақтар.

Достық шақырады.

Жақсымен жолдас болсаң ... бітер.

Жаманмен жолдас болсаң ... кетер.

Жақсыны ... таниды.

Адам ...

Ағаш ... мықты.

Жүз ... болғанша,

Жүз ... болсын.

Жаманда... жоқ

Жалқауда ... жоқ.

Жолдасы бардың- ... бар.

Талдау жұмысы:

- Мына сөздерге фонетикалық талдау жасаңдар: «ізет», «момын».

- «Дос» сөзіне бес жолды өлең құрай.

- «Менің досым» тіркесін септендер.

Достар қандай болу керек? Кестемен жұмыс.

Жақсы жолдас	Жаман жолдас

Қорытынды.

Үйге тапсырма: модуль бойынша қайталау.



Жаңылған ЖАМАНБАЛИНА,
Қостанай қаласындағы
№7 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

СӨЙЛЕМ ҚҰРАЙ БІЛУГЕ БАУЛЫҒАН СПОРТ ОЙЫНДАРЫ

Сабақтың мақсаты: тақырып бойынша білімдерін толықтыру. **Міндеттері:** **білімділік** – қазақ тіліне тән дыбыстарды қайталау, дыбыстық талдауды меңгеру; **тіл дамытушылық** – сөздік қорларын толықтыру, сөз тіркесін, сөйлем құрай білу қабілеттерін дамыту, мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту; **тәрбиелік** – тәні саудың жаны

сау екенін ұғындыру, спортпен шұғылдануға шақыру.

Оқушы нені білуі тиіс: өзінің жақсы көретін ойыны туралы айта білу, тақырып бойынша өтетін сөздерді, сөз тіркестерін сөйлемде дұрыс қолдана білу. Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап бере алу. **Оқушы нені игеруі қажет:** қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтып, дыбыстық талдауды орындауды игеруі тиіс.

Типі: жаңа сабақ. **Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі. **Әдістері:** сұрақ -жауап, әңгіме, көрнекілік, ойын, талдау. **Сабақты өту формасы:** жекелей, топтық, жұптық. **Көрнекіліктер, техникалық құралдары:** доп, тұсаукесер (презентация), үлестірме кеспелер, тән дыбыстардың кеспе түрі, компьютер.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен сәлемдесу;

Сыныптың, тақтаның тазалығына көңіл бөлу;

Оқушылардың зейінін сабаққа аудару;

Жоқ оқушыларды белгілеу, анықтау.

Сұрақ-жауап өткізу: Қазір қай жыл мезгілі? Қыс айлары қандай? Қазір қандай ай? Қыстың бірінші айы қандай? Қыстың екінші айы қандай? Қыстың үшінші айы қандай? Аптада неше күн бар? Бүгін аптаның қай күні? Ертең қандай күн? Кеше қандай күн болды? Қазір қандай сабақ?

2. Үй тапсырмасын тексеру, өткен материалдарды сұрыптау:

- Қазақ тіліне тән дыбыстарды қайталау;

- «Жоғалған әріпті тап» ойынын өткізу;

- Дыбыстарға сипаттама беру: әдемі, қасқыр, түлкі, аңдар, жолбарыс, ғарышкер, өрмекші, айдаһар, бұзау, күшік, шаңғы.

- Шаңғы не үшін керек? Кім шаңғы тебе алады?

- Қыста шаңғы тебеміз, тағы қандай ойындар ойнаймыз? (коньки, шана, аққала жасау, т.б.)

- Қысқы ойындардан басқа қандай ойындарды білесіңдер? (спорт ойындарына тоқталу).

3. Жаңа сабақ:

- Бүгін, балалар, біз «Менің сүйікті ісім» модулін бастаймыз. Мұнда спорт ойындары, қол еңбегі, саяхат, бейнелеу өнері жөнінде айтатын боламыз. Бүгінгі сабағымыз «Тәні саудың жаны – сау» ұранымен өтеді, спорт ойындары туралы айтып, қазақ тіліне тән дыбыстарды қайталап, дыбыстық талдауды меңгереміз. Сонымен, спорт ойындарына футбол, волейбол, теннис, баскетбол, т.б. ойындар жатады. Осылардың ішінде сендер қандай спорт түрін жақсы көресіңдер? (оқушылар өздері жақсы көретін ойындарды айтады).

- Балалар, ал «Тәні саудың жаны – сау» дегенді қалай түсінесіңдер? Спортпен айналысу керек пе? Неге? Әрқашан да адам спортпен айналысып, өзінің денсаулығын нығайтуы қажет.

- Қостанайдың қандай спортшыларын білесіңдер? (Иван Дычко – боксшы, Денис Кузин – конькишы, Павел Сидорчук – жеңіл атлет, Бейбіт Ыстыбаев – палуан, Александр Осипов – шаңғышы, т.б.).

- Спорт туралы мәтін оқымас бұрын жаңа сөздерге назар аударыңдар.

Сөздік жұмысы:

спорт алаңы – спортивная площадка;

ызғарлы – студеный; аққала – снеговик;

шаңғы – лыжи.

Орындалатын іс-әрекеттер:

- сөздерді оқу, қайталану;

- оқушылар оқиды, қайталайды;

- сөздерден тән дыбыстарды табады;
- сөз тіркесін, сөйлем құру;
- «Доп лақтыру» арқылы сөздерді бекіту.

Сергіту сәті.

Тапсырмалармен жұмыс:

1. Мәтінмен жұмыс. Жұптық жұмыс арқылы мәтін оқу, бірі оқиды, екіншісі аударады, түсінгендерін айту.

2. Жазылым. Мәтін бойынша берілген сөйлемдерді толықтырып жазу.

Мектепте (спортивная площадка) бар. Онда (дети) футбол, волейбол ойнайды. Біз (лыжи) тебеміз, (снеговик) жасаймыз. (Тактада орындату). «Шаңғы» сөзін талдау.

3-4 балаға үлестірме кеспе тарату.

1-кеспе. «Футбол» сөзіне пирамида құра.

2-кеспе. Сөздерден сөз тіркесін жаса.

Аққала, қар, ойнаймыз.

3-кеспе. Жуан сөздердің астын сыз.

Қар, аққала, келді, мереке, шаңғы, доп, тебеміз.

4. Бекіту:

- әр қатарға жаңа сөздерді бекіту үшін сөздер көрсетіледі, олар аударады;

- сурет бойынша спорт түрін айту, пайдасын айту.

- сөйлем құру – Мектепте, бар, спорт алаңы. Шаңғы, біз, тебеміз. Футбол, теннис, ойнайды, балалар.

5. Қорытынды.

6. Үй тапсырмасы: денсаулық туралы бір мақал жазу, сөздерді жаттау, «доп» сөзін талдау.

7. Бағалау, қоштасу.

Жеке бағдарлама бойынша оқыту: 1) Мәтінді оқыту, түсінгенін сұрау; 2) Тиісті әріпті қою: ...демі, қас...ыр, түлк..., а...дар, жолбар...с, ...арышкер, ...рмекші, айда...ар, б...зау, қ...шік, ша...ғы.

Зайра ЫСҚАҚОВА,
Астана қаласындағы
«№46 Балабақша-мектеп-
гимназия» кешенінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕЙМІЗ

Мақсаты: өз тіліне, туған жеріне құрмет көрсетуге, тіл мәдениетін сақтай білуге және тіл байлығын молайтуға баулу.

Кеш барысы.

1-жүргізуші:

- Жиналыппыз сәтті күні бәріміз де,
Үлкен-кіші, жасымыз, кәріміз де.
Төрлетіңіздер, қадірменді қонақтарым,
Гүл-гүл жайнап біздің мына төрімізге.

2-жүргізуші:

- Армысың, ардақты анам – қазақ тілім,
Бір өзіңнен тараған өнер-білім.
Құтты болсын бүгінгі тіл апталығы,
Жарқын болсын әрқашан келер күнің!

Қазақ халқы – ертегілерімен, салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен, мақал-мәтелдерімен, жаңылтпаштарымен, ойындарымен бай халық.

- Қазір сіздердің алдарыңызда бастауыш сынып оқушысы:

- Казахская родня

Я смышленный ученик,

Сам читаю и пишу,
Вот и деда говорит:
Я о них вам расскажу.
Папа с мамой всех родней,
Он -.... эже, она - (шеше)
Надо знать свою родню!
Папы папа – твой(ата)
Старшая сестра - ...(эпке)
Будешь слушаться ее.
Ну а старший брат -....(аға)
Не боюсь с ним никого.
Мой (іні) – братишка мне,
А сестренка - ... (қарындас)
Қарындас твоей эпке,
Как(сіңлі) – все любят вас,
Папе будешь ты -(бала),
А аташке – ...(немере),
Бабушка твоя -.... (эже)
А детишке немере
Называют(шөбере)
Вскоре после шөбере
Появляются(шөпшек)
Так промчится целый век,
Доживешь до ... (немене).
До внучат, до прапрапра...,
Продолжается семья.

**8 «А» сынып оқушысы Іңкәр Бекіштің
орындауында – «Шашу» биі.**

**7 «В» сынып оқушыларының орындауында орыс
халық ертегісі - «Шалқан» орындалады**

Барлығы бірігіп, хормен айтады:

Қазақ тілі – ана тілім ардақты,
Абай, Мұхтар сөйлеген тіл жан-жақты.
Қастерлейді мәңгі сені ұл-қызың,
Саған тілеп жақсылықты, бар бакты!
Құрметті оқушылар, бүгіннен бастап «Қазақ тілі
– ана тілім, ардағым!» атты апталық басталды. Осы
жоспарланған іс-шараларға белсене қатысыңыздар.



Арайлым СЕРІКБАЕВА,
Алматы қаласындағы
№4 оқушылар үйінің
қосымша білім беру педагогы.

ҚОШ КЕЛДІҢ, НАУРЫЗ!

Сынып ішіне әсем безендірілген, көрнекі сөздер
ілінеді.

«Наурыз құтты болсын!»

«Құтты болсын Наурыз,

Мол болсын дәм-тұз!»

Оқушылыр өлеңмен қонақтарды қарсы алады.

1-жүргізуші:

- Қош келдіңіздер, құрметті қонақтар, төрлетіңіздер!

Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар,

Той дабылын қағып тұрған мына біз бар.

2-жүргізуші:

- Естімегенді естіңіздер,
Тыңдамаған тыңдаңыздар.
Наурыз тойы басталады,
Бір орында тұрмаңыздар.

1-оқушы – Маша:

- Сәлем бердік, жас Наурыз, жылдың басы,
Жұрттың күткен, мінекей, ықыласы.
Келген қонақ бір-бірін құттықтайды,
Қуанышта көрісіп кәрі, жасы.

2-оқушы – Әйгерім:

- Наурыз – мейрам жүректерге нұр сепкен,
Бір-біріне ғашық жандар сыр төккен.
Жарығыңмен, шуағыңмен, Күн-Ана,
Алып келдің жер бетіне гүл көктем!

3-оқушы – Таңсұлу:

- Жыр сыйлаған, нұр сыйлаған тірлікте,
Қастерледік қадіріңді білдік те.
Шақырамыз құтты Наурыз тойында
Бәріңізді ынтымақ пен бірлікке!

4-оқушы – Қасиет:

- Ал, халайық, тұрмайық,
Өндетейік, жырлайық.
Ортамызды ашайық,
Інжу-маржан шашайық.

(Ән «Наурыз-Көктем».)

1-жүргізуші:

- Наурыз тойын, халайық,
Биыл қарсы алайық.

Досқа құшақ ашайық,
Әнмен биге басайық.
Қазақтың бір салты деп
Тойға шашу шашайық.

(Шашу шашылады).

1-оқушы – Гүлфайра:

- Ал, жарандар. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі құтты болсын!

2-оқушы – Әйгерім:

- Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын,
Қайда барса жол болсын!

3-оқушы – Таңсұлу:

- Ұлыс береке әкелсін, пәле-жала жерге кірсін!

4-оқушы – Гүлфайра:

- Ұлыс бақты болсын, төрт түлік ақты болсын!

2-жүргізуші:

- Құрметті қонақтар, бүгінгі тойымызға өздерінің өнерлерімен келген биші қыздарымыз бар екен. Енді кезекті сол биші қыздарымызға берейік («Келіншек» биі).

1-жүргізуші:

- Бүгінгі тойға жиналған қауым! Қасиетті қазақ халқының салт-дәстүрі әр халыққа үлгі болады. Енді ғана қаз-қаз басқан нәрестенің тұсауын кесу рәсімі болған. Бұл – ата-бабаларымыздан келе жатқан киелі мұра. Тұсауды үш түрлі нәрсемен кеседі. Біріншіден, «Адам болсын, адал болсын, ешкімнің ала жібін аттамасын» деп ала жіппен кеседі.

2-жүргізуші:

- Екіншіден, көк көп болсын, мол болсын, мал тойымды болсын дегенді ырым етіп, көк шөппен кескен.

1-жүргізуші:

- Үшіншіден, қарыны тоқ болсын, қайғы-мұңы жоқ болсын деген ырыммен тоқ ішекпен кескен.

Сөздер оқылып жатқанда жерге төсеніш төселіп, екі оқушы кішкене баланы қолынан жетектеп келеді.

1-жүргізуші:

- Бүгінгі жас нәрестенің тұсауын кесу рәсімін ортамыздағы үлкен әжеге береміз.

Әже:

- Қымбатты көпшілік, бүгін мен мына кішкене нәрестенің тұсауын ала жіппен кесейін деп тұрмын. Өйткені биылғы жаңа жыл тойымыздағы жастардың адал болуына, еліне, Отанына, жеріне кір келтірмейтін азамат болып өсуіне тілек білдіріп ырымдаймын.

Баланың аяғына ала жіпті айқастырып байлап, пышақпен кеседі, балаға шашу шашады.

Әже тұсаукесер жырын айтады:

- Қаз-қаз, балам, қаз, балам,
Қадам бассаң мәз болам.
Тұсауыңды кесейін,
Күрмеуіңді шешейін.
Қаз-қаз, балам, қаз, балам,
Тақымыңды жаз, балам.
Қадамыңды қарайық,
Басқаныңды санайық.

(Баланы жетектеп алып шығып кетеді.Әжеге сый-құрмет көрсетіледі.)

2-жүргізуші:

- Наурыз тойы – салтымыз,
Көгерсін деп халқымыз.

Тыныштық тілеп елімізге
Бата берсін қартымыз.
(Оқушы бала-қарт бата береді.)
Наурыз болды жыл басы,
Қыдырдан болсын жолдасы.
Құтты болсын баланың
Өмірге басқан қадамы!
Ұлыс бақты болсын,
Дұшпанымыз жоқ болсын,
Досымыз көп болсын, әмин!

1-оқушы – Әлішер:

- Көктемнің төкті нұры,
Көңілдің кетті мұңы.
Кел, достар, ән шырқайық,
Ұлыстың ұлы күні!

2-оқушы – Тимур:

- Наурыз қайтып оралды, аты – аңыз,
Сұраймыз алғыс та, ақы да біз.
Үй – дастархан, даламыз – сахиынамыз,
Ұлы мейрам – Наурызға шақырамыз.

2-жүргізуші:

- Құтты болсын ұлыстың ұлы күні,
Шаттандырған елімізді тәңір нұры!
Табиғатты түлеткен нұрландырып,
Құтты болсын Наурыздың жаңа күні!

1-жүргізуші:

- Салт-дәстүрмен жараса,
Қайта тұрып жаңаша,
Жарыса өнер көрсетіп,
Той тойлайық тамаша!
«Наурыз» әні шырқалады.

ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛ ҮЛГІЛЕРІ

(7-сынып)

1. Фонетика дегеніміз не?

а) сөйлем мүшелері; ә) дыбыс, әріп, буын; б) жалғау.

2. -ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің қандай септіктің жалғаулары?

а) барыс септік; ә) жатыс септік; б) ілік септік.

3. «Үнемі» деген сөздің аудармасын тап:

а) сутки; ә) постоянно; б) удочка.

4. Антонимді тап:

а) сұлу, әдемі; ә) көркем, тамаша; б) ұзын-қысқа.

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қандай тіл? а) қазақ тілі; ә) ағылшын тілі; б) орыс тілі.

6. Етістік құрамына қарай қандай болады?

а) негізгі, туынды; ә) дара, күрделі.

7. Өлеңді аяқта.

«Өзіңдікі – Елің де, Өзіңдікі – жерің де
Өзіңдікі өзің еккен Бақ, тәуелсіздік»

а) төрінде; ә) жеңіске; б) жұмысқа.

8. Қазақстан Республикасының Президенті қай жылы сайланды? а) 1990; ә) 1991; б) 1995.

9. ҚР Ата заңы неше бөлімнен тұрады?

а) 8 бөлім; ә) 9 бөлім; б) 12 бөлім.

10. ҚР жалпы жер көлемі қанша шаршы шақырым?

- а) 2700 мың шаршы шақырым;
- ә) 2800 мың шаршы шақырым;
- б) 1700 мың шаршы шақырым.

8-сынып

1. «Қорқақ» деген мағынаны білдіретін фразеологизмді көрсетіңіз:

- а) ит өлген жерде; ә) ауызы ашық;
- б) қоян жүрек; в) қас пен көздің арасында;
- г) ай десе ауызы, күн десе көзі.

2. Білім сөзімен қай сөз тіркеспейді?

- а) сапалы; ә) терең; б) жоғары; в) лас; г) орта.

3. Жаңа сөзді табыңыз:

- а) мұрат; ә) ақша; б) маркетинг; в) құл; г) нән.

4. Тура мағынадағы сөзді көрсетіңіз:

- а) терең су; ә) терең адам; б) терең ой;
- в) алтын адам; г) таяз түсінік.

5. «Қолы ашық» деген сөз тіркесінің мағынасын табыңыз:

- а) ашық; ә) анық; б) жылдам; в) жомарт; г) белгілі.

6. Баяндауышы үстеуден жасалған сөйлемді табыңыз:

- а) Орманда аң көп. ә) Орыс досым қазақ тілін біледі.
- б) Менің досым жақсы оқиды.
- в) Анамның жасы қырықта.
- г) Бүгін күн жылы болады.

7. Тыныс белгілері дұрыс қойылған сөйлемді белгілеңіз:

а) Бөлтірік шешен былай деген екен «Дүниеде азбайтын байлық біреу, ол ақыл».

ә) Бөлтірік шешен былай деген екен: «Дүниеде азбайтын байлық біреу, ол – ақыл».

б) Бөлтірік шешен былай деген: екен «Дүниеде азбайтын байлық біреу, ол – ақыл».

в) Бөлтірік шешен былай деген екен: Дүниеде азбайтын байлық біреу, ол – ақыл.

г) Бөлтірік шешен былай деген екен: «Дүниеде азбайтын байлық біреу, ол – ақыл».

8. Туынды сөзді табыңыз: а) шекара; ә) оқулық;

б) қара көк; в) қос құдық; г) әдемі.

9. Сабақтас құрмалас сөйлемді табыңыз:

а) Жаңбыр жауса, біз киноға барамыз.

ә) Көктем келді, шөп көгерді.

б) Күзге қарай қалаға келді.

в) Күн ашық болды да, орталық алаңға жиналды.

г) Қар жауды, бірақ күн суытпады.

10. Өзгелік етістің жұрнағын табыңыз:

а) -ыс, -іс; ә)-ын, -ін; б) -ыл, -іл;

в)-ғыз, -гіз; г) -ыр, -ір.

9-сынып

1. Фразеологизмді көрсетіңіз:

а) тіс тазалау; ә) тісті көрсету; б) тіс салу;

в) тіс жармау; г) тіс жұлдыру.

2. ... еңбекте сыналады.

а) бала; ә) ақша; б) қыз; в) ер; г) бай.

3. «Аты ел ауызында» деген сөз тіркесінің мағынасын табыңыз:

а) ашық; ә) анық; б) жылдам; в) уақытында; г) белгілі.

4. Жаңа сөзді табыңыз:

а) жаңбыр; ә) әнұран; б) өнеркәсіп; в) бакалавр; г) хан.

5. Омоним бола алатын сөзді табыңыз:

а) жүр; ә) жан; б) алақай; в) жоқ; г) күз.

6. Ілгерінді ықпалды табыңыз:

а) басшы; ә) добы; б) шекара; в) көзқарас; г) жаңбыр.

7. Жақты сөйлемді табыңыз:

а) Менің киноға барғым келеді.

ә) Сабаққа үнемі дайындалу керек.

- б) Ауылдың шетінде құс фермасы бар.
- в) Денсаулықты жас кезіңнен сақтауың керек.
- г) Оның ештеңе істегісі келмейді.

8. Қай сөйлемде жанама толықтауыш бар?

- а) Оспан ешкімнен қорықпайды. ә) Сен кітап оқыдың.
- б) Сабақ оқыдық. в) Даланы суреттеп отыр.
- г) Мен досымды шақырдым.

9. Еліктеу сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз:

- а) Еһе, бұл қиын жұмыс қой.
- ә) Үйде адам бар ма?
- б) Әрине, талабың күшті болса, жанасың.
- в) Баяғы заманда бір шал болыпты.
- г) Қоңырау шылдыр етті.

10. Түбір мен қосымша аралығындағы ілгерінді ықпалды көрсетіңіз:

- а) Отрядқа жаңа адам қабылданды.
- ә) Сәнқойлық – талғампаздықтың бір түрі.
- б) Сөзшең адамның бәрі шешен емес.
- в) Түнгі самал егін басын тербейді.
- г) Өзен жағасына бардық.

11-сынып

1. Бұйрық райдағы етістікті көрсетіңіз:

- а) келдім; ә) келейін; б) келмек; в) келсе; г) келер.

2. ... не қылсаң, алдына сол келеді.

- а) балаңа; ә) досыңа; б) мұғалімге; в) ерге; г) атаңа.

3. «Сауда... достық жүрмейді» дегенде қандай қосымша түсіп қалған?

- а) -ға; ә) -мен; б) -дан; в) -да; г) -ның.

4. Жаңа сөзді табыңыз: а) жаңбыр; ә) қолшатыр;

- б) интерактивті; в) алтын; г) хан.

5. Омоним бола алатын сөзді табыңыз:

- а) жүр; ә) жақ; б) алақай; в) жоқ; г) күз.

6. Демеулік шылауды көрсетіңіз:

а) және; ә) сондықтан; б) ау; в) бірақ; г) туралы.

7. Жақты сөйлемді табыңыз:

а) Менің киноға барғым келеді.

ә) Сабаққа үнемі дайындалу керек.

б) Анам жақында жұмысын ауыстырды.

в) Денсаулықты жас кезіңнен сақтауың керек.

г) Оның ештеңе істегісі келмейді.

8. Қай сөйлемде жанама толықтауыш бар?

а) Досым даланы суреттеп отыр.

ә) Мен кітап оқыдым.

б) Кешке біз сабақ оқыдық.

в) Оспан сабаққа дайындалып отыр.

г) Мен досымды шақырдым.

9. Одағайы бар сөйлемді көрсетіңіз:

а) Әрине, талабың күшті болса, жеңесің.

ә) Үйде адам бар ма?

б) Ойбой, бұл қиын жұмыс қой.

в) Баяғы заманда бір шал болыпты.

г) Қоңырау шылдыр етті.

10. Қазақ тілі қашан мемлекеттік мәртебе алды?

а) 1986 ж. ә) 1989 ж. б) 2001 ж. в) 1990 ж. г) 1987 ж

10-сынып

1. Сабақтаса құрмаласқан сөйлемді табыңыз:

а) Тыңдаушы ықыласты болса, сөйлеуші шешен болады.

ә) Дәметкеннің жүрегі тулап кетті, себебі келген адамды ол бірден таныды.

б) Шәрбану далаға шығып еді, бірақ олар кетіп қалыпты.

в) Телехабарда ән де, жыр да, кино да кезектесіп жүріп жатады.

г) Саяхатшылар көп келді.

2. Аралас құрмалас сөйлемді табыңыз:

а) Үсен пышақтың сыртымен тасқа қатты ұрып еді, мақта тұтанды. ә) Жел үрлеген сайын, сапырылысып

түскен сары жапырақтар жер бетін түгел жапты.

б) Дәркембай, Абылғазы, Қаңбақ, Тоқсан, Жұмыр да осында.

в) Кейде ұзақ жылдар жырланып, кейде ел ішінің әңгімелері айтылады, ауыл адамдары бұларды қызығып тыңдайды. г) Жалғасы қызық болды.

3. Ыңғайлас салалас сөйлемді көрсетіңіз:

а) Қар жауса да, тоңбайды бай баласы.

ә) Мен үндемедім, бірақ өз пікірімде қалдым.

б) Еңбек адамды көрікті етеді және тынысты тазартады.

в) Мен ол күні келмедім, себебі көлік жоқ болды.

г) Еңбек баланы мықты етеді.

4. Қарсылықты салалас сөйлемді көрсетіңіз:

а) Күн сайын бір жаңалық болады, бірақ оған ешкім танданбайды.

ә) Мейрам шахтадан шығып еді, денесі сергіп сала берді.

б) Күнзила ақырын кіріп, баласына мейірлене қарап тұрды.

в) Жігіттер келген қонақты ортаға алып, әңгіме қызығына беріліп кетіпті. г) Баласы әдемі болып өсті.

5. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз:

а) Үлберген кедей болғанымен, киім-кешегін таза ұстайтын.

ә) Олар теңізге ерте шықты, бірақ жолы болмады.

б) Ексең егін, ішерсің тегін.

в) Өнімді еңбек атқарам десең, көпке сүйен.

г) Теңіздің суы мөп-мөлдір екен.

6. Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді көрсетіңіз:

а) Ботагөз қиындықты көре жүре, Асқардан үмітін үзбеді.

ә) Өзен суы жылдағыдан мол, сондықтан мұз ерте сөгілді.

б) Тұқымды бірер күн ылғалдау керек, себебі құрғақ жерге түссе, өнбей қалады.

в) Қастарында бөтен кісілер болғандықтан, Абай Оспанға айтар сөзін іркіп қалды.

г) Олар теңізге түсті, қайықпен жүзді.

7. Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілерінің дұрыс қойылғанын табыңыз:

а) Ол біресе желеді, біресе жүгіреді, біресе тоқтайды.

ә) Ол біресе, желеді, біресе, жүгіреді, біресе тоқтайды.

б) Ол, біресе желеді, біресе жүгіреді біресе. тоқтайды.

в) Ол біресе, желеді біресе жүгіреді, біресе тоқтайды.

г) Ол біресе. желеді біресе, жүгіреді біресе, тоқтайды.

8. Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзді табыңыз:

а) Ол: «Батыр хал қалай»? деді.

ә) Ол, Батыр, хал қалай? деді.

б) Ол: «Батыр, хал қалай?» - деді.

в) Ол: Батыр, хал қалай - деді.

г) Ол, «Батыр, хал қалай?» - деді.

9. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді табыңыз:

а) «Көлтауысар, көлдің суын құрт!» - деді Төстік.

ә) «Көлтауысар, көлдің суын құрт - деді Төстік.

б) «Көлтауысар, көлдің суын құрт деді Төстік.

в) Көлтауысар, көлдің суын құрт - деді Төстік.

г) «Көлтауысар, көлдің, суын құрт - деді. Төстік.

10. Тыныс белгісі дұрыс қойылған қаратпа сөзді табыңыз:

а) Отыршы жарығым, жөніңді айтшы.

ә) -Отыршы, жарығым, жөніңді айтшы.

б) Отыршы, жарығым, жөніңді, айтшы.

в) Отыршы, жарығым жөніңді, айтшы.

г) Отыршы жарығым жөніңді, айтшы.

Бас редакторы - Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 04.10.2013 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1070. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – ИП Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№10, 2013 ж., 144 бет, Алматы.